«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

2002 ЖЫЛДАН ШЫҒАДЫ

ХАБАРШЫ



№2 (80) 2024

ХАБАРШЫ

№2 (80) сәуір-маусым 2024 жыл

2 бөлім

Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының тоқсан сайын жарық көретін республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

Бас редакторы

ЕЛЕУСІНОВ
Бауыржан Тәжімағанбетұлы
Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының директоры, ф.-м.ғ.к, профессор

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, 25.09.2018 ж. №17287-Ж куәлігі берілді.
Хабаршы жылына 4 рет шығады.

Мекен-жайы:
467001, Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, 2
тел/факс: (7242) 27-76-51;
e-mail: : kyzylordaipk@orleu-edu.kz
https://orleu-edu.kz/kyzylorda-page/

Журнал материалдары институтта беттеліп, басылды.

Таралымы 50 дана.
Қағаз офсеттік.
Шартты баспа табағы 8.
Көлемі 11 баспа табақ.

Жауапты хатшы:

СЕРІКБАЕВ Сәкен - Қызылорда облысы бойынша КДИ директорының оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, т.ғ.к.

Редакциялық алқа:

ЕСЖАНОВ Асқарбек - Қызылорда облыстық білім басқармасы бастығы

ЕСҚАЛИЕВА Гүлнар - Қызылорда облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің төрайымы

БОДАНОВ Ерлан - Қызылорда қалалық білім бөлімінің бастығы

БЕКЕНОВ Ғалым - Облыстық мұғалімдерінің ардагерлер кеңесінің төрағасы

ӘБДІКӘРІМОВ Бахытхан - И.Әбдікәрімов атындағы агро-техникалық жоғары колледжінің директоры, физ.-мат.ғыл.докторы

ТОҒАНОВА Жақсыгүл - Қызылорда гуманитарлық колледжінің директоры

НҰРМАХАНОВ Нұрлан - «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы, филология ғылымдарының кандидаты

ЕШИМОВА Ұлтай - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша КДИ кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты

ЖАНДИЛАЕВА Нұргүл - «Хабаршы» журналының редакторы, дизайнері

МАЗМҰНЫ

	Ғалымдар мінбері	
1.	***Б.У.Бекжанов, О.Т.Бокаев, С.Ш.Бакенов.*** Адам денсаулығы – қоғамымыздың байлығы	3
	Мұғалім іс-тәжірибесінен	
2.	***Қ.Қ.Абдрахманова.*** Сыр өңірі әдебиетіндегі ұлттық болмыс көрінісі	5
3.	***Д.Қ.Абдуллаева.*** Мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру	6
4.	***М.А.Абдигаппарова.*** Smart технологияны сапалы қолданудың тиімділігі	8
5.	***С.М.Абсадыкова.*** Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін бастауыш сыныптарда тиімді қолдану	11
6.	***Н.А.Абдуллаева.*** Инклюзивтік білім берудің принциптері негізінде тапсырмалар құрастыру	13
7.	***Қ.Б.Акышбаева.*** Қазақ сыныптарында орыс тілін оқытудың әдістемелік ерекшіліктері мен оқыту технологиясының элементтері	15
8.	***А.С.Аманова.*** Табысты оқушы қалыптастырудағы ойын технологиясының рөлі	19
9.	***А.Е.Артыкова.*** Ағылшын тілі сабағында оқытудың тиімді жолдары	22
10.	***Ж.Т.Аданова.*** Бастауыш сынып оқушыларының жазу каллиграфиясын дамыту	25
11.	***Ә.Г.Әбдазиева.*** Мектепте ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға қолдау (көмек) көрсетуді ұйымдастыру	26
12.	***Г.А.Баукенова.*** Бастауыш сыныпта қазақ тілін сауатты оқыту мәселелері	28
13.	***З.С.Бекенова.*** Бастауыш сынып оқушыларының топтық жұмыс арқылы бірлесе жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру	29
14.	***Т.Т.Бодық.*** Информатика сабағында оқыту технологияларын қолдану жолдары	32
15.	***А.А.Егенбердиева.*** Білім алушының танымдық белсенділігін дамыту факторларының бірі ретінде өзіндік жұмысты ұйымдастыру әдістері мен амалдары	34
16.	***Г.У.Есмухамбетова.*** Бастауыш сыныпта математикадан арифметкалық материалдарды үйрету	37
17.	***А.А.Жакенова.*** Бастауыш сынып оқушыларын логикалық тапсырмалар арқылы ойларын дамыту	38
18.	***Г.С.Жаксылова.*** Қазақ халқының ою-өрнектері айрықша қозғалыстағы, көркемдік тұтастықтағы өнер үлгісі	40
19.	***А.Б.Жусупбекова.*** Бастауыш сыныпты оқытуда жаңашыл әдістерді пайдалану тиімділігі	42
20.	***А.Н.Қуантай.*** Бастауыш сыныптың оқу үдерісінде оқушылардың әлеуметтік қарым-қатынастарын қолдану тиімділігі	45
21.	***Г.А.Көпжасарова.*** Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру	47
22.	***К.Ә.Қордабаева.*** Белсенді әдістердің бастауыш сынып пәндерін оқытуда қолданылуы	50
23.	***А.Қ.Меңлібаева.*** Патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу – жахандық білім берудің негізі	52

24.	***А.Мереева.*** Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды әлеуметтік психологиялық бейімдеудің маңызы	55
25.	***Г.Н.Нуржанова.*** Әдебиеттік оқу сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту әдістері	58
26.	***Н.Қ.Оспанова.*** Бастауыш сыныптарда сараланған тапсырмаларды ұйымдастырудың тиімді жолдары	62
27.	***Г.К.Онайбекова.*** Как дифференцированные задания могут способствовать вовлечению всех учащихся на уроке русского языка в шестом классе?	65
28.	***Г.Б.Сейдахметова.*** Әдебиет пәнінде шығармашылыққа дайындауда сындарлы оқыту тәсілдерін қолданудың тиімділігі	75
29.	***Г.Ә.Сералиева.*** Ұлттық құндылық: «Ақ жаулықтың қадірін білеміз бе?»	78
30.	***А.С.Хасенова.*** Проблемалық оқыту технологиясын сабақта қолдану	81
31.	***С.С.Шалбаева, С.А.Абызбаева.*** Қалыптастырушы бағалаудың оқыту мен оқудың маңыздылығын арттырудағы рөлі	84
32.	***Е.Ж.Ыдырыс.*** Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы кейс технологиясын қолданудың маңызы	88
33.	***Р.Н.Ільяс.*** Бастауыш сынып оқушыларының жеке білім алу траекториясын ұйымдастыру жолдары	91

АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ БАЙЛЫҒЫ

Б.У.Бекжанов
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің п.ғ.магистрі, аға оқытушы

О.Т.Бокаев, С.Ш.Бакенов
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің п.ғ.магистрі, аға оқытушылары
«Дене тәрбиесі» секциясы

Бірінші байлық – денсаулық деп ардақты ата-бабаларымыздың айтып кеткендей, ең бірінші Денсаулық дегендей осы бір кереметтей қазақтың асыл сөзі есімізге туседі.

Денсаулық – байлықтанда қымбат. Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние.

Денсаулық – бұл шын мәнінде уақытыңды, күш-қуат енбегіңді және барлық игілікті аямай жасауға тұратын, сонымен қатар ол үшін уақытыңды жұмсауға болатын бірден-бір асыл қазына, өйткені денсаулықсыз өмір сүру мүмкін емес. Денсаулықты сақтауға үйрену қажет. Бұл тал бесіктен, яғни балалық шақтан, мектеп партасынан басталғаны жөн. Денсаулық – адамның басты байлығы, бағытпен қуаныштың бастауы. А.А.Симашконың «Адам үшін денсаулықтан артық бағалы зат жоқ» демекші дені сау адамның мүмкіндігімен қабілеті зор болады, уақыты мол болады. Дені сау адам, әдетте өмірді сүйеді, қуатты әрі көңілді болады. Алдына үлкен мақсат, міндеттермен өзіндік көзқарастары бар, күш-қуатымен мүмкіндіктерін тимді пайдалана білетін жан болып келеді. «Тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтылмаған, өкінішке орай бүгінгі қоғымыздағы жастардың ауруы жат қылықпен зиянды әдеттер болып жатыр. Адам денсаулығының негізгі көрсеткіштерінің төмендеуі, көптеген отандас жане шетел ғылымдарының негізгі пікіріне қараганда денсаулык туралы ілім жаңалыктарынан адамдардың беймағылымдығына және немқұйарлығына да байланысты.

Экс-президент Н.Ә.Назарбаевтың ұсынған «Қазақстан-2030 еліміздің даму стратегиясының төртінші ұзақ мерзімді басылымдылығында барлық Қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі, әлеуметтік тұрмысының жақсаруы азаматтарымыздың дейін су болуы жене оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салу кажет» деп атап көрсетілген болатын. Бірақ, осы ұсынған және ата-бабамыздың айткан асыл сөздерінің астарына мән беріп, түсініп жатқан жастарымыз бар ма? «Салауатты өмір сүрсең – қызғалдақтай өнерсің»- деген. Адам өмірінің ұзақтығы көбіне көп коршаған ортаға, тыныс алған ауаға, ішкен суға, құнарлы топырақта өскен өнімге байланысты.

Бірақ, қазіргі XXI ғасырдың адамдары өз денсаулығын аямастан бұрын, ақшаны аяп, қызығып жатыр. Ақшаға бәрін сатып алуға болады, бірақ денсаулықты сатып ала алмайсың.

Қазіргі кезде тек біздің жеріміз ғана емес бүкіл әлем ластануда, яғни экологияға айналуда.

Ал оған кім кінәлі? Оған жауап, әрине біз кінәліміз. Себебі: газбен уланған атмосфера, қышқыл тұнбалардың қонуы, судың ластануы адамдардың ойланбай істеген шаруашылығының нәтижесі, бұдан ең бірінші адам баласы зардап шегуде.

Бұрынғы ата-бабаларымыздың кезіндегі көк майса жері, сылдырап аққан мөлдір бұлақ суы, жұпар аңқыған жусан иісті гүлдері, қазір бәрі экологияға айналуда. Оған басты себеп, сонау Семей полигоны кезінде жер бетінде, жер астында және көкте жарылган сынақ бомбалары адам баласына, яғни тірі тіршілік иесіне көптеген әсерін тигізді.

Сонымен қатар Арал тенізінің суының тартылуын айтуға болады. Сол ұшқан тұз тек Қазақстанда ғана емес, сонау үнді жеріндегі шай өсіретін алқапты жерге дейін келіп қонған. Сонымен қатар ірілі-кішілі шикізат өндіретін өнеркәсіптерден ұшқан улы химиялық газда да үлкен зиян тигізуде.

Соның кесірінен болашақ дүниеге келетін жас ұрпақтарымыз кемтар болып немесе шала туылып, ана ішінде дүниенің есігін ашпастан бұл фаниден өтіп жатқандары қаншама. Бірақ «Бес саусақ – бірдей емес» демекші адамдарда бірдей емес. Бұны түсінген зиялы азаматтарымызбен азаматшаларымызда бар. Олар осы зиянды қалдықтардың болуына жол бермей тырысып жатқандарда бар. Қалай болғанда да ел, ұлт қамы үшін әр адамның денсаулығын жақсартуға, сөйтіп салауатты өмір орнатуға бәрімізде атсалысуымыз қажет. Салауатты өмір сүру бүгінде сәнге айналды, кімнің дені сау, түрі демі, денесі сымбатты, сөйлеген сөзімен ісі тиянақты болса мұндай адамға жол ашық. Барлық адамдар оған қызыға қарайды және қызмет табу, іспен айналысуда ондай адамдарға жеңіл. Ақшаға жайлы орын сатып алуға болады, бірақ тыныштықты ала алмайсыз, ас-суды да ақшаға алуға болады, тәбетті қайдан аласыз, дәрі-дәрмектің неше түрі дәріханада бар, бірақ денсаулық ол жерде сатылмайды, тұрғын жайды да қалаған жерде алуға болады, алайда денсаулық болмаса береке, бірлік болмайды. Білімнің бұлағы кітаптарды да сатып аламыз, бірақ оны оқып игеретін денсаулық өте қажет, көңілкүйді уақыша көтеруге болады, алайда денсаулық болмаса бақытты өмірде болмайды. Әл-Фараби бабамыздың «Ізгі және қажетті жұмыс істеген адам басқа адамнан жоғары тұрады» деген өсиетіндегі ізгі сөзінің астарында салауаттылық деген мағынада жатыр деп ойлаймын. Өмірге адам болып келген соң, адами құндылықтарды сақтап, жақсылыққа ғана ұмтылуы қажет, өз өмірі үшін тек өз алдында ғана жауапты емессін, ата-ана, бауыр, қоғамның алдында жауапты екенін ұмытпау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ә.Е.Ботабаева, А.Әлімбекова. Жеке тұлғаны саламатты өмір салтына тәрбиелеу //«Қазақстан-2050» - халқымыздың болашаққа бағдары» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Тараз, 2013.

2. Ұлт тағылымы, ғылыми-педагогикалық басылым. №1(2)2007

3. С.Конофеева, Г.С.Қазыбаева. Студент жастарды салауатты өмірге ынталандыру. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, №1(11)2006.

4. Н.Назарбаев «Қазақстан-2030» даму стратегиясы. Алматы, 1997.

5. Орталық ғылыми кітапхана.«Салауатты өмір – денсаулық кепілі».

6. С.Тайжанов. «Салауатты өмір салтының негіздері». Алматы, 2019.

СЫР ӨҢІРІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС КӨРІНІСІ

Абдрахманова Қарлығаш Қуанқызы
Қызылорда қаласы С.Лапин атындағы №261 орта мектептің директоры

Кез келген ұлт, халық, ел, мемлекет өркениет биігіне ұмтылған сайын өзінің төл болмысын зерделеп, сақтап, өрісін кеңейтіп отырудың қажеттілігі арта түспек. Өйткені, өркениеттің өз табиғаты, өз заңдылығы, ұрпаққа қоятын талабы бар. Ұрпақтың өркениеттің заңдылықтарын біліп, одан сүрінбей өтуде мемлекет пен ұлттың болашағына ықпал етіп отыратын нәрсе ұлттың болмысы. Болмыс дегеніміз – адамзат әлемі, бізді қоршаған әлем, кеңістік, уақыт, табиғат, қоғам, тарих ұғымдарымен бірге өмір сүріп жатқан нәрселер.

Ұлттың болмысының негізін құрайтын оның дүниетанымы, туған табиғаты, тілі мен ділі, діні мен дәстүрі және әдебиеті мен мәдениеті. Осы дүниелердің ұлттың бойында бірігуін, бірігіп қызмет атқаруын ұлттық болмыс дейміз. Ұлттық болмыс ұлттың ішкі және сыртқы келбетінің тұтастығын сақтап, бейнелеп отырады.

Халықтың барлық тәжірибелері, білімі, ұлттық мүдде, оның мәдениетіндегі қоғамдық сана түрлері ұлттың болмысының қажеттіліктерінен туындайды және сол арқылы қызметін атқарады. Сонымен қатар ұлттық болмыс дегеніміз ұлттың өзін, мемлекетін сақтап отыратын, елдің даму болашағын айқындайтын, қоғамның даму өрісін кеңейтіп отыратын негіз, рухани іргетас. Кез келген ұлттың болмысы тарихи уақыттың тәжірибелері негізінде қалыптасып, нығайып отырған.

Жаңа заман, яғни жаңа болмыс – білімді, ұлтын сүйетін тұлғалар қалыптастыратын ішкі және сыртқы болмыс – мемлекеттік, елдік принципке тәуелді. Осы тұста Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген данышпандығын айтып өткен жөн. Біздің бүгінгі болмысымыз, ертеңгі мақсатымыз – әлеуеті жоғары, руханияты кемел, жастары білімді, ғылымы ілгері, технологиясы дамыған, ең бастысы ұлттық мемлекетті жасау. Жалпы, жаңа болмысты қалыптастыруда төл әдебиетіміздің маңызы зор. Мен ұлтымыздың жаңа болмысы ең алдымен ұлтжандылыққа, өзара адалдыққа және қоғамдағы мейірімге негізделуі керек деп есептеймін. Осы орайда педагогикалық практикамда білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарымыз бен байсалды болмысымызды дарытуда Сыр әдебиеті өкілдерінің жыр жауһарлары мен сөз маржандарын қолданудамын. Жыр тұнған Сыр өлкесі қазақылықтың қаймағын бұзбай, ұлттық болмысымызды сақтауда ерекше маңызға ие екені анық.

Ұлттық болмысызды танытуға арналған «Сыр әдебиеті» элективті таңдау курсымда әдістеме саласында кеңінен қолданыс тапқан «Құндылыққа бағдарланған тәсілге» басымдық бердім. Құндылыққа бағдарланған тәсіл – оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану тәсілі. Бұл тәсіл арқылы өскелең ұрпақтың бойында ұлттық болмысты сақтау, әдет-ғұрып пен салт-сананы құрметтеу, өз елінің патриоты болу, толеранттылық қасиетті берік ұстау сияқты құндылықтар қалыптасады. Сыр әдебиеті өкілдерінің туындыларын толық танып-білумен қатар, өз ойын кез келген ортада еркін айта алатын, өзгелердің пікіріне құрметпен қарайтын, өмір сүруге бейім жаңа көзқарасты ұрпақ тәрбиелеу көзделген. Көркем шығармаларды оқыту арқылы жыраулық дәстүр мен қазіргі әдебиетті ұштастыра отырып, жеке тұлғаның құзыреттілігі дамиды, сыни ойлау жүйесі артады. Қызыл тілдің жілігін шағып, майын тамызған Балқы Базардан бастап Шөмішбай, Иран-Ғайыптарға дейінгі әдебиет өкілдерінің жыр-дастандарымен сусындайды. Бұл өскелең ұрпақтың сөз саптау жүйесіне де оң әсер етері анық.

Сыр өңірі әдебиетінің тарихын тұтастай қазақ әдебиеті кезеңдеріне сай қарастыру, шығармалардың шынайы бағасын беру – бүгінгі уақыт қажеттілігі. Әдебиет ешқашан қоғамнан бөлек болған емес,

ұлттың тіршілік-тынысын, рухани болмыс-бітімін, дүниетанымдық көзқарасын көркем шығармалар арқылы танитын болсақ, бұл мақсатты да жоғары деңгейде орындай білген қаламгерлер шығармашылығына жеке-жеке тоқталудың өзіндік себептері бар. Біріншіден, қазақ әдебиеті тарихындағы өңірлік әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармашылығы кезең-кезеңімен қарастырылады. Екіншіден, дәуір тынысын бейнелеуде, образ сомдауда, уақыт шындығын көркемдік шындыққа ұластырған шын мәніндегі шеберлік қырлары айқындалады. Үшіншіден, Сыр өңірінен шыққан қаламгерлердің өзіндік ерекшеліктері мен қазақ әдебиетінің дамуына қосқан сүбелі үлесі сарапталады.

Сыр әдебиеті қай кезеңде де қазақ әдебиетін мазмұн, түр жағынан байытып, көркемдік талап тұрғысынан жаңа биікке көтерді. Ауыздан-ауызға, атадан-балаға тарап келе жатқан аңыз әңгімелерді мұғалім бағдарлама барысында қайта «тірілтіп», оларға жан бітіріп оқушыларға ұсына алады. Сыр өңірі әдебиетінің негізгі өзегі – ел бірлігі мен жер тұтастығы. Сол тұстағы өмір шындығын уытты да өткір тілмен шеней білген Сыр ақындары шығармаларының қазақ әдебиетінен алар орны ерекше. Сондықтан бұл бағдарлама Сыр өлкесінің шығармашылық мұрасына шолу болмақ. Бағдарлама барысында әр заман жыршысына айналған майталмандардың өнегелі өмірі мен тәлімді туындылары толық насихатталады. Жалпы Сыр бойындағы көркем әдебиет өкілдерінің шығармаларына жаңа көзқарас тұрғысынан баға беріп, зерттеу әр кезеңдегі еліміздің рухани мәдени өмірін тура және терең түсінуге жол ашады.

Қазақ болмысының тұлғалық келбеті оның әдебиетінде, ұлттық сөз саптау жүйесінде. Өмір болмысына, ұлт болашағына даналық биігінен қараған бабаларымыз, шынымен де қазақ поэзиясында өзінің қолтаңбасын қалдырып отырған. Сыр әдебиетінде ұлтжандылық пен отансүйгіштік сезім көріністері ерекше көзге түседі.

Білем сені, сүйем сені
Сырдың суы қарт анам,
Сенсің мені әлдилеген,

Туған сенен мен балаң,- деп жырлаған Әбділда Тәжібаев өлеңін барша Сыр баласы үлкен мақтанышпен жырласа неткен ғанибет!

Ұлттық болмысты сақтап, замана талабына сай білімді, өнерлі болып, оны кейінгі ұрпаққа табыстау қазіргі ұрпақтың ұлт алдындағы перзенттік борышы. Сондықтан да, жастар бойында, ұлтқа адал қызмет ететін мінезді қалыптастыру арқылы ұлттық болмысымызды сақтаймыз, әрі кейінгі буынға табыстаймыз. Тарихта тектілігімен өткен тұлғаларымыздың тағылымын зерделеп, тәжірибесін меңгеру, даналығын ұғу – біздің міндетіміз.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абдуллаева Динара Құрманәліқызы
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Ы.Алтынсарин атындағы №219 орта мектептің мұғалімі

Адам баласы өз ақыл-ойымен дүниеге әкелген техникалық, технологиялық үдерістің талай ғаламат апатты жетектей келгенін соңғы он жылдықта айқын сезіне бастады. Атмосфера, топырақ, су ластануда, орман оталуда, қазба байлық кемуде, адамзат генеқоры нашарлауда. Әлемдегі экологиялық ахуалдың күрт төмендеуі турасында жұртшылық, мемлекеттік емес ұйымдар, жеке адамдар дабыл қағуда. Ғалымдар оның антропогендік, техногендік астарына үңіліп, себептерін адамның өз іс-әрекетімен байланыстыруда. Осындай көкейтесті экологиялық мәселелерді оңтайлы шешу мен жақсарту, әлеуметтік және мәдени өмірінің жарасымды болуы ең алдымен адамның тарихи жады мен дәстүріне, оның өмір сүретін ортасына тікелей қатысты. Микро

және макроайналаны өзіне жайлы етіп жасау мен сақтау да адамның өз қолында. Сондықтан халықтың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесіндегі табиғатты аялау, оған ұқыпты қарау, қорғау мен үндестікте өмір сүру басты өмір дағдысы екендігі күн тәртібіне қайта қойылып отыр.

Экологиялық мәдениет – әлеуметтік ортаның әртүрлі топтарының өзіндік қызметтері, деңгейлері, құрылымды құрушы элементтері арқылы дараланатын әлеуметтік-мәдени болмыс.

Адамның табиғи ортаға деген саналы көзқарасы мен оны жақсартуға өзіндік үлес қосуы, экологиялық білім мен тәрбие мәселелерін ұштастыра отырып экологиялық мәдениет қалыптастыруға негіз болады. Сөйтіп, биосфералық мәдениет ноосфералық түйсікке барып ұласады.

Адам мен табиғат арасындағы өзара қарым-қатынаста мәдени-танымдық байланыстың жоғары деңгейі орын алатын болса, экологиялық таза орта қалыптасады, дамиды. Мәдениеттің бір парасы – адам мен табиғатты үйлестіру. Қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің орнауы экологиялық мәдениеттің қалыптасу деңгейінен аңғарылады.

Адам – қоғам – табиғат жүйесінің өзара сабақтастырылуы арқасында экологиялық мәдениеттің қалыптасу векторлары айқындалады. Солардың қатарынан шетелдік және ұлттық деңгейде бірлескен ұйымдар, тиісті мекемелер, ортақ жобалау траекториялары көрініс береді. Бүгінгі қоғамдағы экологиялық білім беру жүйесі мен тәрбие бағытындағы экологиялық мәселелер туралы сөз қозғағанда, алдымен атқарылған іс-шаралардың тәжірибелік маңызы мен нәтижелері көрсетіледі.

Бүгінгі қоғамда адам араласуы салдарынан пайда болған экологиялықдағдарыстан шығу үшін жоспарланған шаралар қатары молаюда. Оның бастылары – қоршаған ортаны қорғау, ауасы таза, суы мөлдір, жасыл желекті елге айналу, өндіріс қалдықтары мен радиация қалдықтарынан арылу, қазақстандықтардың тіршілік ету жағдайын, денсаулығын оңалтуға, экологиялық ортаны жақсартуға арналған «Қазақстан-2030» стратегиясын, жаһандық бастама ретінде танылған «Жасыл көпір» бағдарламасын атап айтуға болады. *Бұл бағдарламаны 2012 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының «РИО+20» саммитінде барлық ел мақұлдады.*

Оқушыларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеудегі негізгі мақсаты – тәрбиеленушілер мен оқушылардың экологиялық білім деңгейін арттыру, экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, сонымен қатар табиғат ресурстарына ұқыпты көзқарасын қалыптастыру, аумақтың сыртқы келбетін жақсарту,

Экологиялық сананың қалыптасуының ең қарапайым сатысы – ол өз отбасы мен ауласындағы, көшесіндегі тазалық пен үнемшілдік, ысырапшылдыққа жол бермеу сынды қасиеттерді әсіресе жас ұрпақтың бойына дарыту. Адаммен егіз табиғат құбылысының құпияларын ұғындыру, барды бағалау. Осы ретте адамды табиғатпен байланыстыратын – мәдениет пен әдеп.

Бүгінгі қоғамдағы экологиялық мәдениеттің қалыптасуы табиғи кеңістікте, әлеуметтік және рухани тіршілік ету жағдайында экологиялық таным және экологиялық білім мен тәрбиені жетілдіру қажеттілігін талап етуде.Барлық білім беру мекемелерінің, қоғамдағы экологиялық сауаттылықтыжетілдіру бағытындағы мемлекеттік органдар және қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі айрықша мәнге ие болатындығын атай келе, атқарылып жатқан оңды істердің санатына бағам жасадық, шетелдік үлгімен салыстырмалы зерттеулер жүргіздік.

Соңғы кездері қоршаған орта ауыр зардап шегіп, жағдай нашарлап жатқаны жайлы дабыл қағып жүргендер көп. Браконьерлік, индустрияландыру, ормандарды кесу, ауылшаруашылық жұмыстары сияқты адамдардың әрекеттері біз өмір сүріп жатқан ортаға үлкен соққы берді және тізім уақыт өткен сайын үлкейіп келеді. Сол себепті, біз оқушыларға экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізу арқылы оқушының бойына қоршаған ортаға деген сүйінпеншілігін арттырамыз. Оқушы қоршаған ортаны таза ұстауға, ластамауға, оң көз қараспен қарауға үйренеді. Қазіргі таңда біздің орта

мектепте «Жас еріктілер» тобы құралған. Ол топтың жалпы мақсаты – оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қоғамдық жұмыстарға араластыру. «Жас еріктілер» тобы өз еріктерімен «Плоггинг», «Экологиялық жәрмеңке», «Дармарка», «Экобио», «Жасыл желек» сияқты түрлі акциялар, іс-шаралар ұйымдастыру арқылы табиғатты зиянды қалдықтардан тазартуға, табиғатты қорғауға және де экологиялық проблеманы шешуде маңызды рөл атқарады.

Сондықтан, экологиялық бағдарламада ерікті болу – қоршаған ортаның өмір сүруіне үлес қосудың тамаша тәсілі. Біздің қоршаған ортаны сақтау және барлық түрлердің тіршілік етуін қамтамасыз етуге үлес қосқысы келетіндер үшін көптеген волонтерлік мүмкіндіктер мен бағдарламалар бар.

Экологиялық мәдениет ауқымды ұғым болғанымен, экологиялық білім беру мен экологиялық тәрбиеге негізделеді. Сондықтан экологиялық мәдениет деңгейі осымен айқындалады. Қоршаған ортаны қорғау – қоғамды сақтаудың негізі. Ол арқылы адам мен табиғаттың арасында үйлесімділік орнатылады.

Біздің әрбір басқан қадамымыз, әрбір істеген ісіміз табиғатқа байланысты болғандықтан, оның біздің өмірімізде ерекше орын алуы сөзсіз. Бірақ, адамзаттың кейбір істері табиғатқа кері әсер етуде. Оның кері әсері біздің денсаулығымызға да зиян келтіреді. Табиғатты қорғау – табиғатты аялау әр адамның міндеті. Үлкен – кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұту қажет. Оның бізге қаншалықты қажет екені баршамызға мәлім.

Талай ақын жыршы ағаларымыз табиғатты өлең жырларына арқау етіп, жырлап өткен. Солардың біреуімен өз ойымды тәмамдағым келеді:

Табиғатта сезім де, құлақ та бар,
Ренжітсең қайғырып жылап та алар.
Аяласаң жаныңа шуақ тамар,
Қажығанда бойыңа қуат тамар. –

демекші құрметті адамзат табиғатты аялайық! Қолымыздан келгенше келер ұрпаққа табиғаттың әсемдігін сақтап қалайық!

SMART ТЕХНОЛОГИЯНЫ САПАЛЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абдигаппарова Мереке Абсаттаровна
Қызылорда қаласы Абай атындағы №138 орта мектептің
математика және информатика пәні мұғалімі

Бұл мақаламда мен қазіргі уақытта білім беру саласында орын алып жатқан өзгерістерге тоқталғым келіп отыр. Атап айтатын болсақ, ақпараттық-комуникациялық технологияларға күн сайын әртүрлі өзгерістер енгізілуде. Сонымен бірге біз түрлі платформалардың шығуына байланысты информатика сабағын жүргізуде түрлі қызықты тапсырмаларды беру арқылы баланың сабаққа деген ынта-жігерін, қызығушылығын тудырады. Білім саласында педагог кадрларға жаңадан талаптар қойылуда. Олардан жаңа технологияны жетік меңгерген, жаңаша ойлайтын, интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани және басқа да көптеген адами келбеті қалыптасқан бәсекеге қабілетті педагог болу талап етілуде. Өйткені қазіргі жастарды жаңа заманға, жаңаша түсінікке, жаңа технологияға үйретіп, тәрбиелеу, өзін-өзі болашақ өмірге дайындауына көмек беретін сапалы педагог.

Ғылыми-техникалық прогрестің тез өсу қарқыны жоғары деңгейлі мамандар даярлауда жаңаша оқыту әдістерінің қажеттілігін алға қоюда. Сондықтан да білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді. Ойлап қарасақ, қазіргі таңда білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктің болуын, жастардың белсенді, шығармашылықпен жұмыс істеуін және

кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етуде. Барлық педагогтарға тән интеллектуалды мәдениеттің, соның ішінде ақпараттық мәдениеттің белгілі-бір деңгейіне ие болу – бұл білім беру үрдісіне қатысушылардың жемісті қызметінде ең қажетті шарттың бірі болып табылады.

Білім беруде кез келген педагогтың ақпараттық мәдениетінің түйіні – ол оқу процесіндегі объекті мен субъектіден мәнді ақпарат алатындай болуы керек, оны құзырлы талдай біліп, өзінің кәсіптік қызметінде қолдана алуы керек. Сонымен бірге оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдаланып, білім беру жүйесіне енетін түрлі әдістер мен формаларды, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын сауатты қолданудың әдістемелік біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру – басты міндеті болуы тиіс. Кез келген жаңа технологиялық әдіс-тәсілдердің пайда болуы ақпараттардың мазмұнын айқындай отырып, адамның түрлі сезім мүшелері арқылы және аудиториямен интерактивті өзара әрекетке түсу арқылы қабылдауды, түрлі техникалық құралдардың көмегімен іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Міне, осыған байланысты оқулық, дәптермен салыстырғанда электрондық құралмен оқыту дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатады. Ендеше, жалпы білім беретін оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісін жаңаша таныту, оның нәтижесінің жоғары деңгейде болуын қадағалау да жаңашыл педагогтардың қолында.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады. Инноватика ұғымының мәні латынның «innovus» деген сөзінен шыққан яғни «жаңару, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Педагогика ғылымында жаңа әдістерді, сонымен бірге құралдарды, бағдарламаларды пайдалану болып табылады. Инновациялық білім беру құралдарына аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, электронды оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, тағы басқалары жатады. Осындай құралдардың бірі – SMART технологияны білім беруде кеңінен пайдалану оқу іс-әрекеттерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. SMART технологияны пайдаланып, оқыту әдістерін жаңарту қазірде өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Яғни, бұл дегеніміз заманауи ақпараттық және ұйымдық жүйелер арқылы адамның интеллектуалдық, жоғары технологиялық мүмкіндіктері жайлы орта құру. Оларды қолдануда әрбір жеке тұлға өзіне қажетті ақпаратты алатындай ұйымдастыру керек. SMART білім беру дегеніміз – үлкен көлемдегі әр түрлі білім ресурстарының (аудио, видео, графика) тыңдаушыға қажетінше оңай әрі жылдам, ыңғайлы түрде берілуі болып табылады. Сонымен қатар оңай басқарылатын және әрдайым сыртқы білім ресурстарымен толығып отыратын болуы тиіс. Бұл технология барлық білім беру үдерістерін және осы үдерісте қолданылатын барлық әдістер мен технологияларды түгелдей жаңаруын жүзеге асырады және де ақылды тақта, ақылды экран, кез келген жерден интернетке қосылу сияқты жаңа технологиялардың туындауына себеп болады. Осы пайда болған жаңа технологиялар контентті жасақтап, жүйелеп пайдаланушыға жеткізеді. Соның арқасында білім беруді жүзеге асыру тек сыныпта ғана емес, кез келген жерде: үйде немесе мұражайда, кафе сияқты қоғамдық жерлерде де мүмкін болады. Білім беру үдерісінің кез келген қатысушысы (оқушы немесе мұғалім) интернет желісі арқылы ортақ контингентті белсенді пайдалана алады. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің уақытқа немесе орынға (сынып, аудитория) тәуелділігін жояды.

Соңғы жылдары Smart TV интернетке енудің кең мүмкіндігіне ие. Соның арқасында сол теледидар арқылы да әр қолданушы өзіне қажетті материалын үлкен экраннан көре отырып, оны ақпарат тасуышқа сақтай алады, сонымен қатар онлайн көре алады, ақпарат алмаса алады.

Қазіргі таңда интернет желісіне еркін ену функциясы дамудың перспективалық бағыттарының бірі болып отыр. Үлкен экранды теледидар арқылы бейнені таза айқын көріп қана қоймай, интернет беттерін парақтауға арналған веб-браузерлерді, әлеуметтік желі қосымшаларын, видеоларды көруге мүмкіндік беретін RuTube немесе YouTube сервистерін т.б пайдалануға болады. Сонымен қатар радио клиент қызметін атқаратын vTuner арқылы іздеудің және сорттаудың кең мүмкіндігіне ие болатын радиостанциялардың үлкен тобын пайдалануға болады. Smart TV арқылы интернетті әр қолданушы өз мақсатына тиімді пайдалануға және үлкен көлемді онлайн контентті пайдалану мүмкіндігіне ие бола алады. Қазіргі кезде мектептерде, оқу орындарында интерактивті SMART тақталар мен плазмалы панелді арнайы құрылғылар көптеп қолданылуда. Ол плазманы интерактивті бетке айналдырады. Интерактивті SMART технологиялар тактильді басқару болып табылады, интерактивті тақтамен жұмысты жеңілдетеді және интуитивті қарапайым және тәжірибесі жоқ адамға дейін түсінікті болатындай етеді.

Интерактивті SMART тақтаның бетіне арнайы қаламмен жазудың қажеті жоқ, керісінше кез келген затты пайдалануға болады. Мысалға айтатын болсақ, указка, маркер, тіпті саусақпен де жазуға болады, бұл әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалардың тақтада жұмыс істеуінің бірден бір жолы. Интерактивті SMART технологиялар тек оқу аудиториясы мен акт залын ғана емес, басқа да рекреациялық бөлмелерді, мысалы, кіре берісті қызықты да маңызды жерге айналдыруға мүмкіндік береді. Оқу мекемесінің кіре беріс немесе басты холы алдымен оқушылар, педагогтар мен сырттан кірген адамдар көзіне бірден түсетін жер сондықтан әдемі тартымды, рәсімделгені дұрыс ақпараттар да соған сәйкес болуы қажет. Басты холл интерактивті SMART фойе болады, сонда тұрып сол мекеме туралы ақпараттарды қолдануға болады.

Интерактивті SMART технологияны қолдану арқылы (интерактивті тақталар SMART, интерактивті дисплей Sumpodium, AirLiner планшеттері) мұғалімде өз сабағын оқушымен бірге миға шабуыл арқылы модельдеу, оқу материалын көрсету, көрсетілген бейнеден тыс жазбаша комментарийлер келтіру, жаңа идеяларды хаттамалау мүмкіндігіне ие болды, осылайша оқушымен бірге білім беру контентін құрады. Сонымен кез келген пән бойынша өте тиімді ойлау және ойын қысқа әрі түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттырып, өз ойларын жаңа технологиялар құралдары көмегімен жүзеге асыруын қамтамасыз ететін интерактивті тақта арқылы оқыту білім сапасын, оқушының ынтасын, қабілетін ашуға зор әсер ететіні сөзсіз. Жалпы білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге бет алуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандартта берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманы шеше алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқара алатындай болуы керек. Қазіргі заманда мұғалім осы құзыреттілікті меңгере отырып, тек кәсіби икемділікті оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, оны іске асыру мүмкіндігін үнемі оқып-үйрену және жасай алуы керек.

Қорытындылай келе, ақпараттық-комуникациялық технологияларды оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың қызығушылығын арттыратындай етіп үйреткен кезде, жұмысымыздың нәтижесін көретін боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Мұқанов. Жас және педагогикалық психология. Алматы. Мектеп. 1982. - 182 б.
2. М.Ералиева. Оқытудың қазіргі технологиялары. Бастауыш мектеп. 2006.
3. А.С.Макаренко. Педагогические сочинения. М. Педагогика. 1988.
4. В.И.Андреева. Педагогика творческого самразвития. Казань. 1996.

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Абсадыкова Салтанат Муратбековна
Қызылорда қаласындағы №287 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесі алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру міндеті тұр. Білім сапасын арттыруда педагогикалық тәсілдемелердің ықпалы ерекше екені белгілі. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында жүзеге асатын педагогикалық тәсілдер белсенді оқуды көздейтін сындарлы оқуға негізделеді. Белсенді оқуда оқушылар мұғалімді енжар тыңдап қана қоймайды, сонымен қатар, белсенді қызметпен айналысады, мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтайды, оны қолданады.

Бүгінгі таңда елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Бұл үдеріс педагогикалық теория мен практикада айтарлықтай өзгерістермен қатар жүреді. Мұғалімнің оқу үдерісіне жаңаша көзқарас қалыптастырмай, білім беруде сапалы өзгерістер болуы мүмкін емес. Мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалім қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. Жаңартылған мазмұн аясында педагогтер құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие болуы керек. Оқытудағы құзыреттілікке бағытталған тәсілді ескере отырып, оқытудың жаңартылған мазмұнын, технологиясындағы жаңа мақсаттар мен міндеттерді меңгеруі тиіс. Мұғалімнің міндеті – оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, топта жұмыс істеуге және шешім қабылдауға бейімдеу, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, білім алушыны өз бетінше оқумен айналысуға және қажетті ақпаратты алуға, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға бағыт-бағдар беру.

Бастауыш білім – білім берудің алғашқы сатысы болғандықтан, балаға осы кезден-ақ білім беруге аса назар аударылуы тиіс. Бастауыш мектеп – баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу, оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Бастауыш сынып мұғалімі пән оқытушысы ғана емес, баланың болашағына бағыт беруші, бала бойындағы қабілетінің көзін ашушы, қорғанышы деуге болады. Яғни, әр мұғалім баланы оқи білуге, ойлауға үйретуі қажет.

Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады. Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді жүзеге асыру үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Ұлы педагог Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек, мұғалімнің міндеті балаға жұмысты әліне қарай шағындап беруі және белгіленген мақсатқа қарай бағыттап отыруы керек». Яғни, мұғалім алдында отырған әрбір білім алушының мүмкіндіктерін ескеруі тиіс.

Сыныптағы әрбір оқушы ақпаратты әртүрлі қабылдайды. Оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, әр сабақта тиімді стратегиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану қажет. Жаңа сабақты түсіндіруде аудио, бейнемәтіндер болса, қолдану сатысында топтық, жұптық әдісті қолдану ұтымды болады. Себебі топтар бір-біріне сұрақ қоя алады, бір-бірінің жұмыстарын бағалай алады, өз идеяларын ұсынады, соның нәтижесінде біз «оқушының үнін» естиміз. Өз тәжірибеммен сабақтарда тапсырмаларды жұптасып орындауда, топтасып дұрыс шешім қабылдауда бөлісіп отырамын. Себебі оқушылар жұптаса, топтаса отырып, қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдер қабылдауға, түрлендірілген тәсілдерді іс-әрекеттерді енгізуге дайын болуға үйренеді. Сабақтарда постермен, интеллект картамен жұмыс, жұптық әңгіме арқылы оқушылардың шығармашылық ой-

лау әдісін дамытуда пайдаланамын.

Жұптық жұмыс

Тақырыбы: Сөйлем.

«Шатасқан тізбектер» әдісі.

Тапсырма: Берілген сөздерден сөйлемдер құрастырып жазу, олардың өзара байланысын назарда ұстау. Берілген сөздер: саңырауқұлақтарды, қалың, арасынан, қиын, тоғай, табу. Саңырауқұлақтар, көп, тоғайда. Орналасқан, шетінде, ауыл, тоғай.

Жаратылыстану.

Топтық жұмыс.

Тақырыбы: Өсімдік бөліктері қандай қызмет атқарады?

Топты өсімдіктің бөліктерінің атауы негізінде бөлу:

1-топ Сабақ, 2-топ Тамыр, 3-топ Жапырақ, 4-топ Тұқым.

«Постер» қорғау әдісі.

Тапсырма. Әр топ өз атауына байланысты не білетіндерін жазады.

Жеке жұмыс. Тапсырма «Тапқыр болсаң, тауып көр»

Мақал-мәтелдерден тура және ауыспалы мағынадағы сөз тіркестерді табу, мағынасын түсіндіру.

Семантикалық карта

Сөздер	Тура мағына	Ауыспалы мағына
Өткір қайшы		
Өткір сөз		
Адамның беті		
Айнаның беті		
Тәтті ұйқы		
Ащы бұрыш		

Мен өзімнің іс-тәжірибемде «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» пайдалана отырып, бағалаудың қалыптастырушы түрін кеңінен қолданамын. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға, өзін-өзі және бірін-бірі бағалауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу. Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шыңдалған, бірін-бірі толықтырылған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай-қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор деп ойлаймын. Қазақстанда білімнің стратегиялық міндеттері ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім беру үрдісінің ең озық үлгілеріне сәйкестендіруге негізделеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу үдерісі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Мұндай тәсілдердің негізгі мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты білу емес, үйрене білу:

- өзіне деген сенімге тәрбиелейді;
- шешендік өнерін жетілдіреді;
- танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын);
- сыни ойлау дағдыларын дамытады;
- өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады.

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алу болып табылады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма немесе жоспар іске асты ма деген сияқты, т.б. Бұл әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге де болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім

алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты бағдарлай білу, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігін байқауға болады.

Қорыта келе, ұлт зиялысы Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» деген сөздерімен аяқтағым келеді. XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы стандартқа сай жаңа білім беру – жеке тұлғаны жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол.

Ұстаз – ізденуші. Кез келген сабағын қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу, жұмысын жүргізу – әрбір ұстаз үшін бұлжымас қағида. «Үйретіп жүріп, өзім де үйренемін» қағидасын ұстаған ұстаздың әр сабағы өзіне жаңалық болса, күтер нәтиже көп болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011.

2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым.

3. А.К.Абдуллина. Бастауыш сыныпта оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану // «Білім беру мазмұнын жаңарту идеялары бастауышта: теория, тәжірибе және нәтиже» республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдар жинағы. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ. Қызылорда: 2021. – 10-12 бб.

4. «Сын тұрғасынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі», «Бастауыш мектеп» №4, 2009.

ИНКЛЮЗИВТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ПРИНЦИПТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРАСТЫРУ

Абдуллаева Нургул Алиевна

Қазалы ауданы С.Сейфуллин атындағы №165 мектептің тарих пәні мұғалімі

Инклюзивті оқыту (фр. Inclusif – өзіне енгізуші, лат. Include – қосамын, кіргіземін) – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Инклюзивті білім берудің *негізгі мақсаты* – мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық ерекшеліктеріне, тұрғылықты жерлеріне сәйкес білім алу құқықтарын жүзеге асыру, оларды әлеуметтік бейімдеу және қоғамға интеграциялау; бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлінің маңызын арттыру.

Адам құқықтары декларациясында дене немесе психикалық ерекшеліктеріне қарамастан, әр адамның білім алуға құқығы бар делінген. Сонымен қатар халықаралық экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пактіде білімнің тұлғаның толық дамуына, оның артықшылығын сезінуге және адам құқықтары мен

негізгі бостандықтарына құрметпен қарау туралы баяндалады.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілетімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету– өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Міне, осы принциптерді назарда ұстап, оқушының қызығушылығы мен қажеттілігін ескеріп, бағдарламаға бейімдеп, тапсырмалар дайындалады. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушының диагнозын ескеріп, мектеп психологымен және дефектологпен байланыста болу қажет.

6.4.2.1 экономикалық қатынастардың формаларын түсіндіру арқылы феодалдық шаруашылықтың ерекшеліктерін сипаттау;

6.4.1.1 қолөнер мен сауданың рөлін анықтай отырып, ортағасырлық қалалардың даму ерекшеліктерін сипаттау;


Психикалық дамуы тежелген оқушыға жоғарыдағы оқу мақсаттарын игерту үшін қандай тапсырмалар беруге болады?

Бірінші оқу мақсатынан бағалау критериін шығарып,бағалау критериі негізінде тапсырма әзірлеп ұсынамыз.

1. Төмендегі берілген ұғымдардың анықтамасын жаз

Феод	
Феодал	
Барщина	
Оброк	
Натуралды шаруашылық	

2. Төмендегі берілген суретке қарап, қолөнердің 2 рөлін анықтап, сипатта:



Мұғалім психикалық дамуы тежелген оқушыға топтық, жұптық жұмыс барысында оқушылармен еркін араласуына жағдай жасап, жеке жұмысты орындау кезінде қолдау көрсетіп,мадақтап отыруы тиіс.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өндеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді. Олар мүмкіндігі шектеулі құрбыларына көмектесе отырып, өздері үшін маңызды өмірлік тәжірибе жинақтайды, әлеуметтік оң көзқарас, өзіндік пікірлер, өзіндік сана мен дүниетанымдар қалыптасады, осылардың негізін-

де шынайы достық пен қамқорлық сезімдері қалыптасады.

Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Сондықтан, заманауи білім беру жүйесіндегі бағдарламалар инклюзивті білім беру жағдайларын ескеретіндей болып өзгеруі керек, әр баланы оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып қабылдауы және оның мүмкіндіктеріне қарай оқытуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі әдістемелік құрал (Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясы)

2. М.Оспанбаева. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі. Оқу құралы.

ҚАЗАҚ СЫНЫПТАРЫНДА ОРЫС ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШІЛІКТЕРІ МЕН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Акышбаева Карлыгаш Балтабаевна

Қызылордап қаласындағы Ozat school мектебінің орыс тілі пәні мұғалімі

Қазіргі қоғам дамуындағы ең басты факторлардың бірі – оқушыға жүйелі, жанжақты білім беру мен тұлғаны қалыптастыру. Мектепте тек білім беріп қоймай, бойына адами құндылықтар дарыған ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыға өз ойын басқа біреуге жеткізе алу үшін коммуникативтік дағды мен білік игертіліп, тіл үйретіледі. Мұғалім өзі жаңа технологияны жете меңгермей, оқушыға тілді үйрете алмайды. Қазіргі мектептерде сабақ жаңа технологияны іске асыру арқылы, оның элементтерін орыс тілді үйретуде дұрыс қолдану арқылы жүзеге асады. Мұғалімнің шеберлігі оқушыны түсінуден, онымен рухани қарым-қатынаста болудан тұрады.

Орыс тілімізді биіктен көрсету, басқа ұлт балаларына орыс тілін үйрету – басты мәселе. Орыс халқының сұлу, әдемі тілін басқа ұлт өкілдері оқып-үйреніп, таза сөйлеуі – орыс тілге деген құрмет.

Орыс тілі жастарға ертеңгі күні өмірге араласқанда, қызметіне көмегін тигізетін болу керек. Орыс тілі пәні мұғалімінің әлеуметтік дәрежесін қалыптастыруға негізгі мақсат – шығармашылықпен жұмыс істеу, өз білімі мен біліктілігінің нәтижесін көрсете білу.

Қазақ мектептерінде орыс тілін оқытудың:

- практикалық мақсаты – оқушылардың сөздік қорын байыту, орысша ауызекі дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, бір-бірімен сөйлесуге, оқығанын, көргенін, естігенін қысқаша әңгімелеп беруге жаттықтыру;

- Білімділік мақсаты – орыс тілін пән ретінде оқыту арқылы оқушыларға орыс халқының тұрмысы, мәдениеті, тілі туралы мағлұматтар беру;

- Тәрбиелік мақсаты – орыс тілімен танысу арқылы оқушыларды азаматтық, адамгершілік рухта тәрбиелеуге мүмкіндік туғызу.

Орыс тілді үйрену арқылы оқушылар орысша ауызекі сөзге түсініп, өздері орыс тілінде көріп-білгенін, оны айтып, жаза алатын дәрежеге жетеді.

Сабақ – мектептегі оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы. Оны шеберлікпен

ұйымдастыру арқылы ғана табысқа жетуге болады.

Шәкірттердің бойына терең біліммен қатар, жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру – мұғалімнің міндеті.Әрбір ұстаз оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты техникалық құрал-жабдықтармен, көрнекілікпен күрделендіру керек.

Мен алдыма қойған мақсатым – балалардың сөздік қорын байыту, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, нәтижесінде білген-үйренгенін өзінің күнделікті өмірінде пайдалануға дағдыландыру.

Мектептерде оқыту жолында әр түрлі технологияларды қолдану – заман талабы. Бұл – В.П.Беспалько, М.В.Клариндердің бағдарлы оқытуы, А.С.Выготскийдің дамыта оқытуы, В.Р.Шаталовтың тірек сигналдары, М.М.Жанпейісованың модульдік оқытуы, К.О.Өмірбаеваның деңгейлік оқыту әдісі, Ш.А.Амонашвили, Е.Б.Бондаревскаяның жеке бағдарлы оқытуы.

Әрбір педагогикалық технология өзіндік әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді.

Орыс тілін меңгертуде қолданылатын тиімді әдістердің бірі – деңгейлік оқыту.

Өз тәжірибемде деңгейлеп оқыту технологиясының элементтерін қолданып жүремін. Оқыту барысында оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттері дамиды. Пәнге деген қызығушылығын арттырып, топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырамыз. Оқушының төменгі деңгейден жоғары деңгейге ұмтылысы білім сапасының жоғарылауына ықпал етеді. әр сатыға көтерілген сайын олардың оқуға деген ынтасы, белсенділігі артып, дамып отырады. Өз бетінше, шығармашылық жұмыс істеуге үйренеді. Сабақта түрлі ойындар, диалог және рөлдік ойындарды жиі қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға, бірін-бірі түсініп, орыс тілінде ауызекі сөйлесе алуға үйретуге болатынына көзім жетті.

Қазақ тілді мектептерде оқытылатын орыс тіл сол тілде сөйлейтін ұлттың басты құндылықтарының бірі екені ескерілу, пән бойынша берілетін білім мазмұны бүгінгі қоғамдық әлеуметтік сұранымдарға сай болу керек.

Балаларға лексика-грамматикалық минимумды меңгерту мен сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім) модульдік жүйе бойынша жүзеге асады. Әр модульде лексикалық тапсырмалар, грамматикалық тапсырмалар, тақырып бойынша мәтін, мәтін бойынша лексика-грамматикалық жұмыс түрлері, әр тақырып бойынша нәтижені тексеру үшін тест тапсырмалары, танымдық сұрақтар пайдаланылады.

Қазіргі таңда орыс тілді оқытуда жаңа технологияларды сабақта жан-жақты қолдану – жаңаша оқытудың тиімді жолдарының бірі. Осындай жаңа жолдардың біріне заман талабына сай сабақта компьютермен тіл үйретуді жатқызуға болады. Компьютерді қолдану барысында мұғалім оқушының тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады, ізденіс және шығармашылық тұрғысынан жұмыс істеуге жетелейді. Мұғалім мұндай сабақ кезінде жай ғана бақылаушы болады. Орыс тілімізді биіктен көрсету, басқа ұлт балаларына орыс тілін үйрету – басты мәселе. Орыс халқының сұлу, әдемі тілін басқа ұлт өкілдері оқып-үйреніп, таза сөйлеуі – орыс тілге деген құрмет.

Орыс тілі жастарға ертеңгі күні өмірге араласқанда, қызметіне көмегін тигізетін болу керек. Орыс тілі пәні мұғалімінің әлеуметтік дәрежесін қалыптастыруға негізгі мақсат – шығармашылықпен жұмыс істеу, өз білімі мен біліктілігінің нәтижесін көрсете білу.

Шәкірттердің бойына терең біліммен қатар, жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру – мұғалімнің міндеті. Әрбір ұстаз оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты техникалық құрал-жабдықтармен, көрнекілікпен күрделендіру керек.

Мен алдыма қойған мақсатым – балалардың сөздік қорын байыту, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру, нәтижесінде білген-үйренгенін өзінің күнделікті өмірінде пайдалануға дағдыландыру.

Жоғары динамикалық қоғамдық даму барысы мен кең хабарлы ағында оқушылардың белсенділігін арттыру және олардың өмірдегі келелі мәселелерді шеше

білуге, өзіне қызмет етуді үйрету – өзекті мәселелердің бірі. Оқушылардың өз бетімен оқу жұмыстары – оқу-тәрбие барысында жоғары нәтиже беретін амал. Оқушылардың зерттеу қызметі жеке тұлға сапасы мен даму қабілетін арттырудың бірден-бір жолы деп саналады.

Жобалау технологиясының ерекшелігі – оқу құралының орнына көптеген зерттеу материалдары қолданылады.

Жобалық оқыту – оқушылардың өзіндік шығармашылық қызметі. Бұл – жобаны іске асыру, орындау барысы, ақпарат іздеу, жинаған материал бойынша қорытындылау, талдау. Жобалық оқытудың мақсаты – оқушылардың мектеп қабырғасында іскерлік қабілеттерін арттыру.

Бұл жұмыс кезіндегі мұғалімнің қызметі қандай?

- Қолайлы тақырып таңдап алу;
- Тақырыпты тақырыпшаларға бөлу;
- Тақырыпты балалармен бірге таңдау;
- Оқушыларға ұсыну;
- Тақырыпты талқылауға қатысу;
- Оқушыларды ұйымдастыру;
- Керекті әдебиетті ұсыну.

Ал оқушылардың жұмысы қандай?

- Жұмыстың негізгі мақсат пен міндеттерін анықтау;
- Шешу жолындағы ізденісті ұйымдастыру;
- Жұмыс нәтижесін дұрыс жеткізу.

Жоба жұмысы оқушылардан шығармашылықты қажет етеді. Бұл жұмыс түрін сыныпта жеке оқушы, жұп немесе топ болып өткізуге болады. Мен сабақтарымда көбіне топ жұмыстарын ұйымдастырамын, өйткені топпен жұмыс балаларды интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік істерге жетелейді.

Жобалап оқыту технологиясы – проблемалық оқытудың идеясын дамыту, қарым-қатынас, сөйлеу барысында оқушылардың белсенділігін арттыру, өз бетімен атқаратын жұмысын жете білу, жоғарылату болып табылады. Жобамен жұмыс істеген кезде балалар ақпарат жинайды, әр түрлі ғылыми және әдеби зерттеулерден (хат, пресса, кітаптар) мәлімет қолданады. Жобаны қорғау кезінде фильм, слайд пайдаланады. (Сабақ үлгісі)

Орыс тілінде оқылатын мектептерде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту айтылым мен жазылым арқылы екі бағытта іс жүзіне асырыла алады. Басқа ұлт өкілдеріне орыс тілін үйретуде ауызша айтылым арқылы тіл дамыту жұмыстары басымырақ. Дегенмен, тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, күнделікті өмірде, кеңсе жұмыстарында, өндіріс пен шаруашылықта, ғылымның барлық саласында орыс тілді қолдану аясы кеңейіп, іс қағаздары орысша жүргізіліп жатқанда, мемлекеттік тілде тек ауызекі сөйлеу жеткіліксіз деген ойламын. Ауызекі сөйлеумен қатар, сауатты жаза білуге дағдыландырудың маңызы күннен-күнге артуда. Балалар өз ойын жазбаша да, сауатты, көркем тілде жеткізе білулері қажет. Ал бұл нәтижеге жетуде жазбаша тіл дамыту жұмыстары жүргізілуі керек деп ойлаймын.Бұл:

- Сөздердің дыбысталуы бойынша жұмыс;
- Еркін, тұрақты сөз тіркестерімен жұмыс;
- Сөйлем бойынша жұмыс;
- Тіл мәдениеті бойынша жұмыс;
- Стилистика бойынша жұмыс;
- Ауызекі сөйлеу бойынша жұмыс.

Сабақтарымызды түрлендіріп, балаларымызды өз тілімізге қызықтырып, орыс тілді үйренуге баулуымыз керек.

Оқушы өз ойын орысша дұрыс жеткізу үшін сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібімен сөйлем жасау жолдарын жақсы меңгеру керек. Мұғалім үшін басты міндет – оқушының қызығушылығын арттыру, оның дамуына жағдай туғызу, сөйлеу қабілетін дамыту

Мәтінмен жұмыс кезінде:

- қарамен жазылған сөздердің қосымшаларын категорияларын анықта;
- Синоним, омоним, антоним сөздерді тап;
- Негізгі, туынды сөздерді теріп жаз;
- Жаңа тақырыпқа байланысты сөздерді тап;
- Жай сөйлемдерден құрмалас сөйлем құра;

- Құрмалас сөйлемдерден жай сөйлем құра;
- Мәтіннің енгізгі ойын айт;
- Асты сызылған сөздермен сөйлем құра;
- Белгіленген сөйлемді талда;
- Сөзді сөзге, сөз тіркесіне алмастыр;
- Белгілі бір сөз таптарына мысалдар жаз, т.б. тапсырмалар орындауға болады.

Балаларды орысша сөйлеуге, өз ойын басқаға түсіндіре алуға, біреудің сөйлеген сөзін түсіне алатын дәрежеге жеткізу үшін пайдаланылатын жұмыс түрлерінің бірі – ойын. Интеллектуалдық, грамматикалық және дидактикалық ойындақ сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады.

Ойын – оқушы әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы ол қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Жаңа сөздерді қайталау, бекіту мақсатында қолданылатын ойын жаттығулар мен олардың әр түрлі тақырыптық нұсқалары оқушылардың сөздік қорын ғана арттырыа қоймайды, сөзді жандандыра түседі.

Жаңа сабақты түсіндіргенде де, өткенді қайталау кезінде де, сабақты пысықтау-қорытындылау кезеңінде де ойын элементін қолданамын.

Жастар арасында бой алдырған жағымсыз қасиеттер мен сүреңсіз іс-қылықтардың етек жаюы – халықтық тәрбиеден қол үзіп қалғанымыздың салдары екенін жақсы білеміз.

Ұрпақтардың ұлттық сана-сезімін тәрбиелеп, ұлттық дүниетанымын байыту – оқу пәндерін оқытудың негізгі міндеттері. Өмір мен қоғам жас ұрпақты өз халқын, елін, жерін, әдеби-мәдени мұраларын сүюге, отаншылдыққа тәрбиелеу, халқымыздың салт-дәстүрлерін, даналығын, тұрмыстіршілігін таныту керек. К.Ушинский: «Халықтық тәрбиенің тәжірибелерінен тыс жерде педагогика да жоқ, педагог та жоқ» деген еді.

Этнопедагогиканың озық дәстүрлерін пайдалана отырып, оқушылардың бойында адамгершілікқасиеттерін қалыптастыру жұмысын жүзеге асыруда – орыс тілі сабағының орны өзгеше.

Өз тәжірибемде орыс тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту барысында этнопедагогика элементтерін жүйелі түрде пайдаланамын. Тыйым сөздер – халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі. Тыйым сөздер балаларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандырады. «Малды теппе», «Ақты төкпе», «Табалдырықты баспа», «Үлкеннің сөзін бөлме» «Құстың ұясын бұзба», «Аққуды атпа», «Бұлақтың көзін бітеме», «Құмырсқаның илеуін бұзба» сияқты сөздер арқылы ата-бабаларымыз жас баланың санасына қоршаған орта, табиғатқа деген ізгі сезімдерді ұялатқан. Жас кезінен жүрегінен орын алған мұндай мейірімділік сезімдер баланың өмір бойына сақталады емес пе?

Мектептің оқу-тәрбие үрдісінің негізгі мақсаты – мектеп түлектерінің орыс тілін басқа тілдерден гөрі еркін меңгеруге, полимәдениетті тұлғаны тәрбиелеуге, басқа халықтардың тілін, мәдениетін құрметтеуге бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Типовая учебная программа по предмету «Русский язык» для классов уровня основного среднего образования (с русским языком обучения) //http://agartu.com/index.php?newsid=49

2. Э.Д.Сулейменова, О.Б.Алтынбекова, Г.Б.Мадиева. Русский язык. Учебник для 7 класса общеобразов. школы с русским языком обучения. – 3-е изд., переработ. – Алматы: Атамура, 2012. – 20 п.л.

3. Сулейменова Э.Д., Алтынбекова О.Б., Мадиева Г.Б. Методическое руководство для учителей к учебнику «Русский язык. 7 класс». – 4-е изд., переработ. – Алматы: Атамура, 2012. – 10 п.л.

ТАБЫСТЫ ОҚУШЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Аманова Айдана Серікқызы
Б.Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі
Қызылорда қаласы

Білім беру мазмұнын жаңарту – сапалы білімді жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты екені белгілі. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»,- деп ұлт ағартушысы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

Осыған орай қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, құндылықтары мен дағдылары дамыған табысты оқушыны қалыптастыру өмір талабы болып отыр.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін, құндылықтары мен дағдыларын дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, олардың ізденісіне, талабын ұштауға жетелейтін білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті және құндылықтары мен дағдыларын дамыту – күрделі процесс. Ол іс-әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу-танымдық іс-әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады.

Сондай-ақ, оқушылардың құндылықтары мен дағдыларын дамытып, оны жетілдірудің тиімділігі мынадай жетекші фактормен анықталады:

- оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу;
- оқу үрдісінде мәселелік оқытуды кеңінен енгізу;
- материалдарды айтып түсіндіруде жүйелік ұстанымын қамтамасыз ету;
- бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету, т.б.

Оқу үрдісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық қажеттілігі артып, құндылықтары мен дағдылары дами түседі. Сонымен қатар белсенділігі қалыптасады. Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды.

Ал, оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әртүрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру – ең басты мәселе.

Сабақ беруде оқушылардың құндылықтары мен дағдыларын жетілдіруге қойылатын негізгі талаптар:

- оқушыларға қойылған оқу міндеттерінің мәні әрқашан түсінікті болуы керек, олар оқытудың мақсатын түсіну керек;
- сабақ мәселе қоюмен басталу керек және оқушылардың алдыңғы тәжірибелеріне, олардың білім жүйесіне сүйене отырып, жүргізілуі керек;
- мұғалім оқушылардың оқытылатын материалға қызығушылығын арттыру үшін барлық әдіс-тәсілдерді мүмкіндігінше пайдалануы керек.

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту кезінде ерекше орынды ойын алады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде, олардың танымдық қажеттіліктерін жетілдіре отырып, танымдық белсенділігін арттыруда да ойынның маңызы зор деуге болады. Ойын оқудағы танымдық іс-әрекетін және қалыпсыз жағдайларда өз білімін қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушы өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсіп, түсінбегенін түзетуге, өз бетінше ойлана алуына, ойын еркін айтуына, өзінің білімін көрсетуге мүмкіндік алады. Ойын бұл жерде оқыту әдісі ретінде жүреді. Бастауыш сынып оқушыларының ойынға қызығушылығы басым, мінез-құлқында еріктілік жеткіліксіз, алдында кездескен мысалдарды шешуге практикалық тұрғыдан қарайды. Сондықтан да біз өз сабақтарымызда ойын әдістерін көптеп қолданамыз.

Бастауыш сынып оқушыларын оқуға тек ойынмен ғана қызықтыруға болады. Ойын ойды қозғайды. «Баланың ойынын тыйғаның – ойлауын тыйғаның» деген қағида бекер айтылмаған. Ұлы Абай «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?»- деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын арқылы оқушының білім алуға, оқуға қызығушылығы артады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіреді. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не іс-әрекет іспетті. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А.С.Макаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады»- деп, балалар ойынын жоғары бағалаған.

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою;
- ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру;
- ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету;
- ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу;
- ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу;
- ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп, пайдалану;
- қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу;
- міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ойынның да өзіне тән мотивтері болады. Мысалы мазмұндық, рөлдік ойындардың баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда маңызы зор. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл-ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік-сезім түрлерін де дамытады. Қызығу – танымдық іс-әрекеттің қозғаушы күші. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып-үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды. Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалдарын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға қызығушылығы артып тұрады. Қызықты ойын түрлерінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Ойындар барлық сыныптарда қолданылады. Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына

неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Ізденімдік ойындар – оқушыларды ізденімпаздыққа, белгісізді табуға, құштарлыққа үйретететін дидактикалық ойындардың бір түрі. Сабақ барысында ойындарды кірістіре оқыту сабаққа белсенділігін арттырады. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, білім алады, нашар оқитын оқушылардың өздері де ойынға араласып, сабаққа ынтасы артады. Оқушының тілін дамытып, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде сюжеттік-рөлдік ойындар тиімді нәтиже береді. Сабақта оқушының рөлдік ойындарды ойнау барысында іс-әрекеті әлеуметтік сипат алады. Сыныптағы өз жолдастарының алдында сөйлеп тұрған оқушы өзін шешенге, батырға теңеп, кейіпкердің жақсы қасиеттерін бойына сіңіреді. Сонымен қатар, жұмбақ шешу ойынын жарыс түрінде өткізуге болады. Жұмбақ ойыны балалардың өздігінен ойлауына мүмкіндік жасайды, оларды дерексіз ойлаудан нақтылы ойлауға жетелей түседі. Ал, «қимыл-қозғалыс» ойындары белгілі бір іс-әрекеттерден тұрады. Бұл ойын оқушының өмірге деген шынайы көзқарасын қалыптастырады.

Сабақ үстінде қолданатын дидактикалық ойындарға сабақ материалын тереңдетуге және бекітуге арналған ойындар жатады. Оқушылар дидактикалық ойын кезінде сабақ мазмұнындағы оқиғаны әңгімелейді. Дидактикалық ойындарда баланың сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттері дамиды. Бұл ойындардың ережесі балалардың түсінуіне оңай қарапайым, әрі қысқа болу керек. Сабақта ойын түрлерін ретсіз, әрі жиі қолдану оқушыларды жалықтырады. Дидактикалық ойындардың ырғағын сақтау мұғалімнің шеберлігін танытады. Мұндай ойындарды сабақта түрлі әдіс-тәсілдермен қызықты, әрі мазмұнды өткізу үшін әсіресе балалардың ерекшелігіне баса зейін аударып, сабақ кезеңдерін бір-бірімен логикалық байланысқа құрып, өзара бірін-бірі дамытып, толықтырып отыратындай етіп ұйымдастырылғын ойын түрлері нәтижелі болады.

Қорыта келе, қай кезеңде де жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталатынын ескерсек, білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті артары сөзсіз. Сондықтан, әрбір ұстаз өз сабағының иесі ретінде, сабағын баланы қызықтыра алатындай әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып ұйымдастырса, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Бұл жерде ойын оқушылардың қабілеттерін ашып қана қоймай, олардың құндылықтары мен дағдыларын дамытып, танымдық қажеттіліктерінің оянуына ықпал етері анық. Сонымен қатар ойынның табысты оқушыны қалыптастырып, оның құндылықтары мен дағдыларын ізденісін, талабын ұштап, білім деңгейін жетілдіруде маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Аймауытов. Психология. Алматы, 1995. – 78 б.

2. С.Ахметов. «Бастауыш сыныптарда білім берудің тиімділігін арттыру жолдары» Алматы: «Рауан», 1994. – 63 б.

3. А.Рысбекова. «Танымдық қабілетті арттыру шарттары», «Қазақстан мектебі» журналы. №7. 2010. – 38-39 бб.

4. С.Ильясов. «Танымдық белсенділікті дамыту – өзекті мәселе», «Қазақстан мектебі» журналы. №2. 2011. – 66-67 бб.

5. С.М.Шаштыгарина, С.М. Нуркасынова. Табысты оқушы қалыптастырудағы ойын технологиясының рөлі // «Білім беру мазмұнын жаңарту идеялары бастауышта: теория, тәжірибе және нәтиже» республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдар жинағы / «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ. Қызылорда: 2021. – 486-488 бб.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Артыкова Айнур Еркинбаевна
№169 Н.Илялетдинов атындағы орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі

Өмірдің әрқилы саласындағы интеграциялану жас ұрпақтың мәдениетаралық, іскерлік және қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілдерін де меңгеруін қажет етуде. Еліміздегі білім мазмұнын жаңашаландыруға, шет тілін меңгерудің практикалық басымдылығын арттыру, яғни оны күнделікті өмірде қолдана білуді үйренуіне баса назар аударылуда. Сондықтан да ерте жастан ағылшын тілін оқыту еліміздің барлық мектептерінде бастама болып табылуда.

Баланың табиғаты әртүрлі әлеуеттік қабілеттерге бай. Кіші жасынан бастап балабақша мен бастауыш мектептегі оқыту үдерісінде тұлғалық қабілеттерін дамытуға негіз бар. Дегенмен оқыту нәтижелерінің әртүрлі жағдайларда төмендеуі байқалып отырады. Бұның себептері де әрқилы болмақ. Біріншіден, оқушылар тарапынан оқып-үйренуге деген мотивацияның төмендігі дейтін болсақ, тағы бірде оқытудың әдіс-тәсілдерінің тиімді пайдаланылмауы, жаңартылып оқушылардың қызығушылығы мен сұраныстарын қанағаттандырудағы белсенділіктің дәрменсіздігі болуы мүмкін. Сондықтан да оқушылардың оқуға деген сұранысын қалыптастыру мақсатында оқытудың әдістерін біртіндеп өзгерту қажет деген тұжырымдар жиі айтылуда. Соның ішінде тіл тосқауылдарын жеңу үшін, тілдік орта қалыптастыру, оқу үдерісін қосымша ресурстармен, белсенді оқыту стратегияларымен, жас ерекшеліктеріне сәйкес қызықты тапсырмалармен қамтамасыз ету ерекше маңыздылыққа ие бола алады.

Көптілділік білім беру жағдайында оқушылардың кең ауқымдағы оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту әдістемесі жаңалықтардың негізгі өзектілігін құрайды. Осы дағдыларды қалыптастыру үшін оқытудың интерактивті әдістері, белсенді оқыту стратегияларын мақсаттарға сәйкес таңдай білудің маңызы зор. Игі бастамалар оқу мен оқыту үдерісін ұйымдастыруда мұғалімдерден жаңа оқыту формаларын, белсенді оқыту стратегияларын, интерактивті әдіс-тәсілдерді қолданылуын қажет етеді. Танымдық қабілеттерді дамыту мен зияткерлік тапсырмаларды интеграциялап қолдану әдістемесін меңгеру мұғалімнің кәсіби дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Белсенді оқу ортасын құра отырып, оқушылардың өз оқулары мен қатар оның нәтижелерін бағалалау дағдыларын дамытуға жағдай жасалады. Сыныпта жұмыс жасаудың ашық ережелерімен, нәтижелерді бағалаудың жетістік өлшемдерін қолдану оқушылардың саралау, қорытындылау біліктерін дамытуға көмектеседі.

Қызығу танымдылық іс-әрекеттің қозғаушы күші.

Оқушыдағы танымдылық қызығуды қалыптастырудың үш жағдайы бар:

1. Оқудың мазмұны мұндағы оқушыларды қызықтыратын мазмұнын берілуі түрі. жаңалығы, ғылым мен техниканың соңғы табыстары.

2. Оқушының таным әрекетін ұйымдастыру формаларын, құралдарын және әдістерін жетілдіру. Оқушының өздігінен істелетін жұмыстарын, өздігінен білім алуын тиімді ұйымдастыру.

3. Мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасы сыйластық, ізеттілік орнатып жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету.

Танымдылық қызығудың үш жағдайына сәйкес келетін стратегияларды таңдау өз тиімділігін көрсетері анық. Осындай мақсатта курста «Сиқырлы айна» стратегиясын үнемі қолданылады. Осы стратегияны қалай қолдануға болады және оның тиімділігі неден көрінеді?

Белсенді оқу стратегиясы ретінде топ немесе сынып жағдайында да қолдануға болады. Үйренушілер ортада ішкі және

сыртқы шеңберде жұптасады. Жұптық үлгіде әңгімелеу, сұрақ қою, өз ойын жеткізу, т.б. түрде тапсырмаларды ұсынуға болады. Жетекшінің келісілген белгісі бойынша әр 1,5 минут сайын тек ішкі шеңбер мүшелері ғана сағат тілімен ауысып отырады. Осылайша белсенді оқыту стратегиясы жүзеге асырылады. Тақырып әрқашан әртүрлі болуы мүмкін, тіпті әлеуметтік-жағдаяттық тапсырмалар-дан бастап, танымдық тапсырмаларға дейін алдын-ала келісіп ұсынуға болады. Мысалы,

Маған ұнайды, маған ұнамайды...
I like, I don't like…
Бүгінге сабақта қатты ұнағаны...
What I liked most…
Мен үшін өте маңызды...
Very important for me…
Менің сүйікті ертегім...
My favourite fairy tale is…
Мәтін бойынша түсінік айту.
To retell the text.

Арнайы тақырып бойынша сөйлемдер айту. To make sentences according to the topic.

Сабақ сайын осындай стратегияларды әртүрлі мәселелер бойынша қолданған тиімді. Осы жұмыс арқылы оқушылардың бірімен-бірі әңгімелесуге, білгендерін қайталауға, өздерінің білімдерін тексеруге, айтылым мен тыңдалым дағдыларын дамытуға мүмкіндік туындайды. Әсіресе, ертегі мазмұндарын қайталау, мәтін бойынша әңгімелеу, жатқа айту жұмыстарын ұсынған дұрыс. 5-10 минуттың ішінде барлық оқушылар сабаққа қамтыла алады, сондықтан белсенді стратегиялар өз мақсаттарын толық орындай алады. Тренингтен соң міндетті түрде кері байланыс немесе рефлексия жүргізген дұрыс. Бұл жолы ішкі шеңбер емес, сыртқы шеңберге қатысушылар қорытын-дыласа болады. Сөйтіп бұл стратегия сыныпта диалогтік оқудың орын алуына көмектесе алады. Оқушылар еркін араласады, эмоциялық кедергілері де жойыла бастайды.

Тағы бір маңызды дағдылардың бірі– оқылым. Оқылым дағдысын дамытуда болжау, графикалық байланыс сызбасы, қарастырып оқу, танысып оқу, зерттеп оқу, ой-талқы, бірлесіп оқу стратегиясы, сыни тұрғыдан оқу әдістері ұсынылған. Сонымен қатар, транскрипциялармен жұмыс жасау, тыңдалымға мән беру маңызды. Дағдыларды бірінен бірін бөлек емес, тұтастықта қарастыра білген де тиімді болады деп ойлаймын. Оқылым дағдысын дамытуда есте сақтау, зейін шоғырландыру сияқты танымдық аспектілермен байланыстыр білу шет тілін оқытудағы спецификалық мәселе болып табылады. Сондықтан осындай кезеңдерде АКТ мүмкіндіктеріне жүгінген тиімді болмақ. Интерактивті тақтадан тақырыпқа сәйкес мәтінді, немесе тірек сөздерді, сөйлемдерді ұсыну арқылы оны қайтадан есіне түсіру, есте қалғандарын жазу арқылы оқылым мен жазылым дағдыларын бірлесе қарастыруға болады.

Оқылым дағдысын дамытудың бір түрі – сыныптан тыс ресурстарды қолдану болып табылады. Қазіргі кезде үш тілдегі ертегі кітапшалары көп кездеседі, осы кітапшалар бойынша қосымша тапсырмаларды ұсыну, оқыған ертегілер бойынша рөлдік ойындар ұйымдастыруға болады. Стоп кадр, сұхбат жүргізу, кейіпкерге хат, сахналау әдістері арқылы кең ауқымды дағдылардың барлығын кіріктіріп қарастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық ережелерге қарағанда тіл дамыту жұмыстарына басымдық көбірек беріледі, себебі өмірде ережелердің қажеттілігінен гөрі әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының қажеттілігі маңыздырақ. Сондықтан да ағылшын тілін оқытуға осындай жаңа талаптар мен жаңа мазмұндар енгізу жүргізілуде.

Сондай-ақ, жазылым дағдылары ой-талқы, болжау, басқарылатын жазу, ерікті жазу, шығармашылық жазу, құрылымдау, редакциялау, модельдеу аспектілері бойынша қамтылған. Әр сыныпта оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес деңгейлерде қарастырылады. Жазылым дағдыларын дамыту үшін де белсенді оқу стратегияларын тиімді қолдануды ойластыруға әбден болады. Мысалы,

- стикерлер көмегімен мәтін кейіпкерінің мінез-құлқын болжау үшін сын есімдерді пайдаланып жазу;

- ерікті жазу үшін таңдау мүмкіндіктерін кеңейтуге болады, бірнеше кесте үлгілерін ұсыну;

- шығармашылық жазу үшін де тақырыпшалар немесе тірек сөздер, стратегиялар ұсыну: кестелер, Фишбоун стратегиясы, эсселер, жарнамалау, сипаттау тапсырмалары.

Құрылымдау тапсырмаларының маңыздылығы жоғары, мәтінді мазмұнына қарай құрылымдарға бөлу, ат қоюды үйренсе, басқа шығармашылық жұмыстарды да құрылымдауға үйренеді. Кез келген мәселені құрылымдап қарастыруға үйрету сапалы бастама бола алады. Редакциялауға байланысты өздерінің шағын әңгімелерін, ұсыныстарын, кері байланыстарын, бағалауларын редакциялауға үйрету, редакциялау барысында модельдеу де өз орнын таба алады. Яғни, өз жұмысын үлгілермен көрсете алу дағдыларын дамытуға назар аударылады.

Осылайша жазылым дағдыларын дамыту тәжірибесі қалыптаса бастайды, сабақ барысында мұғалімнен гөрі оқушылардың әрекеттерінің басымдылығына мән беріледі. Мұғалім тек жоспарлау кезінде көп уақыт пен күш жұмсауы керек. Жоспарлау дұрыс болмаса нәтижеге жету екіталай болады. Өйткені әрбір дағды бойынша жасалынатын жұмыстар, дәрістер мен тапсырмалардың үйлесімділігін, стратегиялармен қамтылуына мұқтаж. Сондықтан да мұқият жоспарлауды қажет етеді.

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың оқу ортасының алатын орны орасан зор. Сондықтан да барынша олардың өзара белсенді әңгімелесулеріне, тіл дамтыу жұмыстарының сапалығына мән берілгендігі дұрыс. Осы мақсатта «Ойлан. Жұптас. Пікірлес» ойынын қолдану тиімді болар. Оқушыларға қандай да болмасын тапсырма бергеннен кейін, оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл болып табылады. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген (2-3 минут) уақыт ішінде қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Екі-үш жұп өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауына болады. Өздеріңіз көріп отырғандай, бірнеше дағдылардың үйлесімділігіне қол жеткізуге болады.

Сонымен қатар, «Ханнан хат келіпті...» ойынын қолдану оқушылардың эмоциялық, танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектесе алады.

«We have a letter from king…» деген ұсынысқа барлығы «What writes king?» деп сұрайды. Мұғалім тапсырмаларды осындай үлгіде ұсынуы оқушылардың эмоциясына қатты әсер етеді, бір жағынан сергіту жүрсе, екінші жағынан ойын мен оқу қатар әрекеттесе алады.

Осылайша ағылшын тілін оқытуда тиімді пайдаланылған жаттығулар мен стратегиялар оқушылардың оқу материалын зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Қызықты ойын әсерінен тез сергіп ықыластана түседі. Ойындарды барлық сыныптарда нақты мақсатта, әрқилы деңгейде, белгілі бағытта және түрлі формаларда қолдануға болады. Осындай әдістеме негізінде барлық іс-әрекеттерге деген қызығушылықтың пайда болуын, өзіндік, жұптық, кейде жалпы ұжымдық жұмыстар орындауынан үйрену мүмкіндіктерінің кеңейтіле түсетіндігін байқауға болады.

Қорыта келгенде, оқу үрдісінде оқытудың тиімді жолдарын пайдалану біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру болып табылады, Сонымен қатар мынадай нәтижелерге жеткізеді:

1. Оқушының пәнді оқу нәтижесі мен жұмыс жасау динамикасы артады.

2. Оқушының жеке қабілеті анықталады және топ жаруға бастау алады.

5. Оқушының ойлау, есте сақтау және мәселе шешу қабілеттері дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР білім жалпы орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы курс материалдарынан.
2. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. Әлімов А.Қ. – Алматы, 2013.
3. Интернет сайттарынан алынған дидактикалық материалдар және тапсырмалар.
4. Бастауыш сынып оқушыларын творчестволық жұмыс істеуге үйрету.// «Совершенствование содержания начального образования» атты жинақ.// Алматы: Абай атындағы АлМУ, 1995. – 17-18 бб.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗУ КАЛЛИГРАФИЯСЫН ДАМЫТУ

Аданова Жанат Тыныштыкбековна
Қызылорда қаласы І.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

- **Мектептегі оқу үрдісі неден басталады?** - Әрине, оқу үрдісі сауат ашудан басталады. Ал енді сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты неде? Иә, сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты – балаға хат таныту. Қарапайым тілімен айтқанда – оған жазу мен оқуды үйрету. Осы орайда мұғалімнің мойнында жауапты әрі күрделі жұмыс тұрғандығы да белгілі. Сауат ашу кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйретіліп қойлмайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Сауат ашудың міндеті – әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбеу,таза, анық жазуға жазу жолын,жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазуды машықтандыру міндеті де алдымызда тұр. Осы талаптарды орындаса оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Жазу процесінде қандай шарттар орындалу керек? Жазу кезінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламды дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыру, осының бәрі баланың көзіне, жазуына, жұмыс жасау қабілетіне әсерін тигізеді. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек. Сонымен қатар көркем жазуды дамыту үшін мына ережелер сақталу керек:

- Көз бен дәптердің арасы 30-35 см болуы шарт.
- Жарық сол жақтан түсу керек.
- Жазу ұзақтығы әр сыныпта әртүрлі: 1-сыныпта 5-минут, 2-сыныпта 8 минут, 3-сыныпта 12 мин, 4-сыныпта 15 мин. Уақыттан асырып жазуға болмайды - ұзақ жазу баланы шаршатады.

Көркем жазу жұмысы – оқу процесінің аса бір қиын саласы. Ол үздіксіз көп жазып жаттығуды,жүйелі жұмыс істеуді керек етеді. Бастауыш сыныптарда оқу жоспары бойынша өтілетін қазақ тілі мен математикадан басқа пәндерді оқыту барысында жазу жұмысы жүргізілмейді, жүргізілсе тиіп қашты өткізіледі. **Жалпы алғанда, жазусыз оқу тиянақты оқу бола алмайды.**

Көркем жазу кезінде барлығымызда мынадай сұрақтар туындауы мүмкін: **тік жазу керек пе, әлде көлбеу жазу керек пе?** Бір кездері көптеген елдерде соның қатарында Ресей елінде де тіке жазу енгізілді. Алайда бұлай жазу тіке жазу оқушының денсаулығына (қабырғаның қисық болуы т.б.) әсер ететіндігі дәлелденгендіктен, көлбеу жазу енгізілді. Бастауыш сынып оқушылары көлбеу жазуға машықтанады. Өйткені көлбеу жазу – икемді жазу. Оның ерекшелігі – әріп құрауға қатысты негізгі штрихтар дәптер сызығына солдан оңға қарай 650 көлбеу орналасады. Көлбеу жазу

жұмысы оң қол арқылы орындауға бейімделген. Көлбеу жазуға дәптердің солға қисайтылып қойылуы, жарықтың сол жақтан түсуі сияқты ережелер көп көмегін тигізеді.

Мұғалім оқушының көркем жазу дағдысын қалыптастыру үшін тиімді әдістерді пайдаланады. **Қандай әдістер?** Негізінен сауат ашу мен қазақ тілі сабақтарында көркем жазуға аса мән беріледі. Сондықтан сабақ басталған соң, «Көркем жазу минутын» ұйымдастыруды жоспарлау керек. Және осы тапсырмаға оқушының өзін-өзі бағалауды, досына бағалатуды ұсыну керек.

«5 минуттық эссені көркем жазу» әдісі. Тақырып бойынша оқушының ойын білу үшін ұйымдастырылады. Бастауыш сыныптарда 3-4 жай сөйлемнен орындалса да жеткілікті. Бұл әдіс арқылы оқушының ойлау қабілеті артумен қатар, көркем жазуына да әсер ететіні белгілі.Бұл жаттығуды қазақ тілі, әдебиеттік оқу, дүниетану сабағында пайдаланған жөн.

«Бастырып жазу» әдісі. Бұл әдіс «құпия жазу» деп те аталады екен. Себебі оқушы өзінің көркем жазуын қалыптастыру үшін, құпия жазуға көшкендігін біліп отырады. Осы «құпия жазу» 1-2 сыныптар үшін ең тиімді әдіс екендігін өз іс-тәжірибемнен айта аламын.

«Қайталап жазу» әдісі. Бұл әдістің мақсаты: көркем жазуды көзбен қабылдап алып, қолмен іске асыру. Жақсы үлгілерді көп қайталап жазудың арқасында көркем жазу болатыны анық. Себебі бала әдемілікті қалайды.

Көркем жазу табиғаты, әрине асықпай жазуды талап етеді. Алайда жазудың өте баяу болуы біздің сабағымызға кедергі келтіреді. Сынып жоғарылаған сайын жедел жазу міндеті жүктеледі.

Менің осы орайда үнемі оқушыларға айтып отыратын кеңесім бар. «Әдемі, көркем жазу адамның мінез-құлықтарын тәрбиелейді. Таза, сұлу, көркем жазылған жазба жұмыстары мұғалімнің тексеруіне , тез оқуына ғана мүмкіндік беріп қоймайды, сонымен қатар көрер көзге де сүйкімді болады.»

МЕКТЕПТЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ (КӨМЕК) КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Әбдазиева Гүлзат Әлиасқарқызы
Қызылорда қаласы Ж.Нұрсейітов атындағы №233 орта мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету (көмек) – әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттар құру барысындағы педагогтар мен мамандардың ұйымдастырылған қызмет жүйесі.

Мектепте оқу ортасын дайындау келесі міндетті шарттарды сақтауды көздейді.

- оқушының мүмкіндіктеріне қарамастан педагогтердің әрбір оқушыны теңдей қабылдауы;

- білім беру процесінің барлық қатысушылары мен басқа да қызметкерлердің төзімді мінез-құлық мәдениетімен қамтамасыз ету;

- ЕБҚ бар оқушының жақын даму аймағына сәйкес оқу мақсаттарын анықтау;

- ЕБҚ бар оқушыны оқудан тыс мектеп іс-шараларына қосу;

- оқушыға қолдау көрсету барысында отбасы әлеуетін пайдалану.

Мектеп жұмысының күтілетін нәтижесі:

а) оқушының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына жағымды көзқарасы;

б) жалпы білім беру, қысқартылған немесе жеке бағдарлама шеңберіндегі академиялық табыстылығы;

в) оқушының әлеуметтік бейімделуі.

Мұғалім-оқытудағыь қиындықтары бар оқушыларды анықтайды, қиындықтардың сипатын бағалайды, оқу материалын

меңгерудегі проблемаларды анықтайды, оқу-бағдарламаларын қысқартуды (бейімдеуді) орындайды, жеке оқу бағдарламаларын құрастыруға қатысады.

Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, тәрбиеші, педагог-ассистент) бірлесіп жоспарлы түрде жұмыс атқарды.

ППҚК мамандары мектептің педагогикалық кеңесінің құрамына енгізіледі. Олардың педагогикалық кеңестің жұмысына қатысуы оқушылардың үлгірмеушілігінің және мінез-құлқының бұзылу себептерін анықтауға және оларды жеңу тәсілдерін талқылауға мүмкіндік береді.

Мектеп қауымдастығын дайындау мектеп әкімшілігі мен ППҚК мамандарының педагогикалық ұжыммен, оқушылармен, ата-аналармен толерантты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында алдын ала және ағымдағы жұмысын болжап алады, жоспар құрады. Әңгіме, семинарлар, дидактикалық ойындар, әлеуметтік роликтерді қарау, кинофильмдерді, мақалаларды, кітаптарды, талқылау сиякты жұмыс түрлері қолданады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге арналған бағыттағы мұғалімдерге арналған ұсыныстар:

- Оқу үрдісінде оқушылардың танымдық белсенділік дәрежесін арттыратын оқытудың әр түрлі формалары, әдістері мен тәсілдерін қолданыңыз.

- Сыныпта балалардың алдында өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалаудың нақты білім беру мақсаттары мен өлшемдерін белгілеу;

- Федералдық мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім, білік және дағдыларды түзету сабағының құрылымын оқып үйрену және енгізу: білім мен дағдылардағы типтік қателіктер мен олқылықтарды анықтау, оларды жою және білім мен дағдыларды жетілдіру жолдары.

- Балаларды рефлексиялық әрекетті орындауға үйрету (олардың білместікті анықтауға дайындығын бағалау, қиындықтардың себептерін табу және т.б.).

- Барлық сабақтарда түсіндіру, белсенді сөздік қорын байыту, үйлесімді сөйлеуді дамыту, мағыналы оқуды дамыту (жұмыс түрлерін әртараптандыру) бойынша түзету жұмыстарын жүргізіңіз.

- Оқуда қиындықтары бар балаларға арналған тапсырмаларды саралау (үлгілері бар карталарды, тапсырмаларды орындау алгоритмін пайдалану).

- Жазбаша сөйлеуді бұзу жағдайларын жою мақсатында сабақта диктанттың әр түрін қолданыңыз (оқыту, графикалық, визуалды, есту және т.б.); шығармашылық жұмыстар (композиция, презентация).

- Сыныптағы қорғаныс режимін сақтаңыз (демалыс минуттарын, дене тәрбиесін өткізіңіз).

- Көрнекі оқу құралдары мен жеке карточкаларды жиі қолдану.

- Оқытудың өзгермелі әдістері.

- Сыныпта сәттілік жағдайын құру.

- Сабақта қолайлы климат. Эмоционалды қабылдауға сүйену.

- Тапсырма түрлерінің оңтайлы өзгеруі (когнитивті, сөздік, ойындық және практикалық).

- Сабақтың қарқынын оқушының жеке мүмкіндіктерімен үндестіру.

- Тапсырманы орындау бойынша нұсқаулықтың дәлдігі мен қысқалығы.

Балалардың қарқынына және сипатына қарай қол жетімді оқушыларға бағытталған тапсырмаларды орындау арқылы олардың қабілеттеріне сенуі, сәттілік сезімін сезінуі маңызды, бұл оларды оқуды қалайтын ең күшті мотивке айналуы керек.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН САУАТТЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Баукенова Гулбану Абаевна
Қызылорда қаласы І.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі уақытта тілді ауызша меңгеру ғана емес, сауатты жаза білу қажеттілігі де өзекті мәселелердің бірі. Қазақ тілі грамматикалық нормативтерінің күрделілігімен ерекшеленеді. Сондықтан бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқытуда осы бағытта ерекше жұмыс жүргізілуі керек.

Қазақ тілін оқытуда мынадай мақсаттарды алдымызға қоямыз.

тілдің қоғамдағы мәнін аша отырып, оның қоғамда және өндірісте қажеттілігі. Оқушының қазақ тілін меңгеруіне мүмкіндік жасау. Әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, оқушының жазбаша, ауызша тілдерін дамыту, өз бетінше тілді меңгеруге мүмкіндік беру. Оқушының тілдік мәдениетін қалыптастыру.

- тілге қызығушылығын, ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту. Дифференциалдық оқыту арқылы оқушының шығармашылық қабілетін ашу.

- тілдік құбылысқа оқушының көзқарасын қалыптастыру, оның қоғамдық ортадағы рөлі мен қызметін түсіндіру. Ұлттық патриоттық сезімді қалыптастыру, Отанға, еңбекке, халықтың әдет-ғұрпына, салт-дәстүрлеріне сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Осы мақсатта әр сабақтың алдында 5-7 минут балалармен дауыстап оқу, күбірлеп оқу жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмыс оқушының дұрыс дыбыстауына және өзінөзі естуге мүмкіндік береді.

Дыбыстардың жазылуы, әсіресе қазақ тіліне тән дыбыстарға, жалғаудың жіңішке және жуан болып жалғануына, көмектес септігіндегі жалғаудың ерекшелігіне ерекше көңіл аударылады.

Орфографиялық барлық тарау бойынша, яғни дыбыс және буын үндестігі, буын, оның түрлері, тасымал, бас әріппен жазылатын сөздер, термин сөздердің жазылуы, фонетикалық талдау жөнінде мәлімет беріледі.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында сауаттылық мәселелерін де қатар жүргізіп отыру керек. Сауатты жазу дағдысын жүйелі түрде дамыту үшін 10-15 минут диктант түрлері жүргізіледі.


Мұғалімнің шеберлігіне қарай сабақтың көптеген түрлерін өткізуге болады. Бастауыш сыныптарда тиімді нәтиже беретін ойын түрлері.

«Кім жылдам менерлеп оқиды?» жарыс ойынын өткізуге болады, оқу барысында мүдірсе және қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс атамаса, бағасы төмендейді. Бағалау балаларға тапсырылады.

«Орфографиялық лото» ойыны. Оқушылар жіберілген әріптерді таба білуі керек. Мысалы:

Тақырып: Дауысты дыбыстар.

Дауысты дыбыстар



М...мл...к...т	*Х...л...қ*
Ж...р	*От... н*
Б ..л...м	*Ш...ңыр ....қ*

Тапсырма:
Берілген сөздерге тиісті әріптерді қойып жаз: ***а, у, ы, е, і, ө***

Осы ойынның арқасында оқушылар ілгерінді және кейінді ықпалды, нақты айтқанда үндестік заңын меңгереді.

«Ғажайып алаң» ойыны, бұл ойында тек лексикалық білім ғана емес, дұрыс жазу дағдысы да дамытылады.

«Жыл мезгілдері» тақырыбын өткен кезде оқытумен ғана шектелмей, осы тақырыпта байқау- викторина жүргізуге де болады. Оқушылар төрт топқа бөлінеді. Әр топ жыл мезгілін сипаттайды. Сол кезеңде қандай ұлттық , халықтық мерекелер болып өтетінін айтады. (мысалы, Наурыз мерекесі, Тәуелсіздік мерекесі, Республика күні, т.б. мерекелерді атап өтеді).

Оқушылар тақырыптар бойынша жұмбақтар, жаңылтпаштар, ребустар дайындайды. Осы жұмыстардың барлығы оқушыларды тек дұрыс оқуға ғана емес, оқушының белсенділігін, мемлекеттік тілге танымдық қызығушылығын арттырады және шығармашылық жұмыс істеуге үйретеді.

Әдіс-тәсіл туралы айтатын болсақ, сабақта жиі өзара бірін-бірі тексеру әдісін қолданамыз. Бұл әдіс оқушыны жауапкершілікке, саналылыққа, ынталандыруға, ұқыптылыққа, өздерін-өздері бағалауға үйретеді.

Оқушылармен грамматика тақырыпты жетік меңгеру мақсатында тақырыптық деңгейлік – дифференциалдық тапсырмалар мен тақырыптық тесті тапсырмаларын дайындаймыз. Оқушы білімінің сапасын сызба мониторингісі арқылы байқап отырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Әбіқаев. «Қазақ тілін оқыту әдістері».
2. Н.Оралбаева. «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістері».
3. М.Сарыбаев. «Орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқыту әдістері».
4. Т.Айдаров. «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері».
5. Ш.Сарыбаев. «Современный казахский язык».

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТОПТЫҚ ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ БІРЛЕСЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бекенова Зейнеп Сабитқызы
Қызылорда қаласындағы №287 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі жағдайда ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын маңызды фактор – білім сапасы. Білім сапасын қамтамасыз ету және бақылау міндеттері көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда білім беру реформаларының негізгі бөлігі болып табылады.

Бастауыш мектеп оқушысының жеке тұлғалық күшін, оның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, қызығушылығын қалыптастыру – алға қойылған басты міндеттердің бірі. Бастауыш білім беру – тәрбиенің сан салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы.

Сын тұрғысынан ойлау – оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауын дамытуды саналы және оймен қабылдауды көздейді. Бұл сынып үшін маңызды, себебі, бастауыш сынып оқушыларының сабақ айтқан кезде математикалық терминдерінің, тілдік қорларының жетіспеуі және сыни тұрғыдан ой жүгірте алмауы басты проблема болып тұр. Сол себепті оқушылардың санасында ойлау әрекетінің мақсатын қалыптастыру, оқылатын материалға қызығушылығын тудыру және сабақта ұжымдық ойлау әрекетін қолданып, белсенділіктерін арттыруды алдыма мақсат етіп қойдым. Топта жұмыс істеу сыныпта ынтымақтастық орнату үшін, өзара әрекеттестік орнату үшін қажет. Ол үшін топтарды дұрыс ұйымдастыра білу керек және топта жұмыс жасау ережелерін құру қажет. Сонымен қатар, топтағы мүшелер саны мен топтағы жұмыс нәтижесі топтағы бірлескен жұмысты көрсетеді. Оқушыларды топқа біріктіргеннен кейін топтың жекелеген мүшелері бір-бірін құрметтей отырып жұмыстанатын дәрежеге жеткізу керек, яғни жұмыстың алғышарттарының бірі топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы күтілетін нәтижеге жетуге негізделген. Мұғалім топтарға арналған ережелерді әзірлей отырып немесе топ мүшелерінің жеке ережелерін келісуі арқылы топтық жұмысқа бейімдейді. Қандай топтық жұмыс болмасын сол топты құрай-

тын нақты адамдарға арналған ереже құрылғаны маңызды. Ережелерде адалдық мәдениетін күшейту, ұжымдық жауапкершілік белгілеу, тыңдау машықтары тәжірибесін дамыту, топ міндеттері мерзімін сақтау, шығармашылық пен стандартты емес, идеяларды бағалау, қайырымдылық ескерілу керек. Топтық ережені күн тәртібінде бақылауда ұстау арқылы топтық жұмыстың өнімді болуына қол жеткіземіз.

Топ мүшелеріне адамдармен жұмыс істеу үшін оларды жақсы көру міндетті емес екенін ескертіңіз. Кәсіби өмірде сияқты топтық жұмыста адамдар топ құрамында жұмыс істейді, жеке дау-дамайларды барлық топтың алға жылжуына кедергі жасамайтындай етіп шешу керек. Сонымен қатар, топтық жұмысты ұйымдастырушы – мұғалім. Топ ережелерін қабылдаған әрбір адамды бұл топтан тыс жеке блок құрудан сақтап, алға қарай апарады. Адамдар бастапқыдан-ақ айтылған пікірлермен келіспеген жағдайда да әрбір дауыс естілуге құқылы. Топ жұмысына топ мүшелерінің әрқайсысы тең дәрежеде қатысуға тиіс. Бұл олардың әрқайсысы бір нәрсені істеу керек дегенді білдірмейді. Бәрінен де міндеттер топ мүшелеріне қалай бөлінетіні туралы ақылдасып шешкен дұрыс болады. Топ мүшелері, сондай-ақ, бір-бірімен тәжірибе алмаса және басқалардың идеяларына сүйене отырып, өз үлесін қосуға дайын болуға тиіс» деген нұсқауларды негізге алуы тиіс.

Бұл әдісте оқушылар ұжым болып жұмыс жасауға үйренеді. Топпен жұмыс істеудің маңыздылығы:

- топта жеке адамның пікірімен санаса білуге үйренеді;

- әр оқушы өз тобының беделін, намысын қорғауға тырысады;

- бір-бірімен ізгілікті қарым-қатынас орнайды, өзгенің пікірімен санаса білу, ойларын айта білу дағдысы қалыптасады;

- оқушы бойында қиял, шығармашылық дамиды;

- бойларындағы ұяңдық, жасқаншақтық сияқты психологиялық мінез кесел-дерінен арылады;

- сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды;

- оқушылар топтарға бірлескен жағдайда топ мүшелерінің жеке қабілеттері мен топқа қосқан үлесі құрметтеледі;

- жұмыс барысында механикалық есте сақтау мен қайталау процестерімен бірге, ақпараттар өңделіп, қорытындыланады;

- топ мүшелерінің әрқайсысы басқа оқушылардың көзқарасымен таныса отырып, өзіне қажеттіні алады және оған өз көзқарастарын білдіре отырып, соны қорғауға мәжбүр болады да, өз ойларын тұжырымдап үйренеді.

Топтық жұмыс мынадай жетістіктерге жеткізеді:

- оқушылардың оқу және танымдық қабілеттері дамиды;

- оқушылардың қорқыныш сезімі мен беймазалығы төмендейді;

- сабақтың уақыты тиімді үлестіріледі;

- сыныптағы психологиялық ахуал жақсарады, жауапкершілік сезімі арта түседі;

- берілген білім берік қабылданады, алған білімдерін іс-жүзінде іске асыра алады;

- сыныптағы жұмыс сараланады.

Топпен жұмыс жасау дағдылары кейін есейген кезде де қажет болады деп есептеймін. Себебі күнделікті өмірде біз көбіне топпен жұмыс жасаймыз. Сондықтан өз пікірлерін, көзқарастарын және басқалардың ойларын дәлелдей біледі. Сондықтан мен топтық жұмыс өте маңызды деп шешіп, өзімді де, оқушыларды да өзгерттім деп ойлаймын. Өз тәжірибемде оқушылардың бірлескен жұмысын жүзеге асыру мақсатында өткізген сабағымда топтық жұмыстарды жүргізуім сыни тұрғыдан тәсілдерді қолдануым болып табылады. Топқа бөлудің өзінде әртүрлі етіп өткіздім. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал ету, қызығушылығын арттыру жолдарын қарастыру, дағдыларын қалыптастыру – менің негізгі көздеген мақсатым. Себебі топпен жұмыс жасау барысында, оқушылар сыныптастарымен бірге әрекет етіп, бір-біріне түсіндіріп, жетілдіріп отырады.

Бірінші сабақтарымда оқушыларды топқа бөлудің өзінде түсініспеушіліктер орын алды. Топтағы оқушылар өз қалауы бойынша отырғысы келіп, реніш білдіргендері де болды. Бұл кезде оқушылар не мақсатпен топтасқандарын дұрыс түсінбегендіктен болды деп ойлаймын. Екінші сабақта оларды топқа бөлу де келіспеушілік мүлдем болмады дей аламын, себебі оқушылар біріншіден бұл әдіске үйренген болса, екіншіден топтасып жұмыс істеген ұнайтынын көрсетті. Тапсырмаларды тексеру кезінде бір-біріне көмектесіп, ынтымақтаса жұмыс істеді.

Мен оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылатын топпен жұмыс істеу және жұппен жұмыс істеу кезінде оқушы өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп, не қателігін мойындауға, қателігін көрсете білуге, пікірлесе отырып, шешім қабылдауға үйретуді жөн көрдім. Сол арқылы оқушыда өз білімін бағалау және бақылау, өз-өзін реттеу дағдысы меңгеріледі. Жаттанды емес, терең ой елегінен өткізіп, жаңалықты өзі ашқан түрде игереді.

Менің ойымша, топтық жұмыс оқыту үдерісін байыта түседі, оқушылардың белсенділігін жетілдіреді, қызығушылықтарын арттырады. Өйткені, оқушылар топтық жұмыс кезінде ашылды деп айта аламын. Сол сияқты топтың да жалпы пікірін білу маңызды. Себебі, ол бірнеше оқушының пікірлерінен пайда болады. Кішкентай бүлдіршіндер топтық жұмыс арқылы бір-бірімен тез тіл табысып, мектепке деген қызығушылықтары арта түсті. Бір-бірімен ақылдасып, пікір алмасып, араласып үйренді. Өздерін еркін ұстап, бір-бірін бағалай білді. Тіпті сөздік қорлары дамып, қолданысқа мынадай сөздер де енді:

- «Сен келісесің бе..?», «Сен қарсы емессің бе..?», «Қалай ойлайсың..?», т.б.

- Топтық жұмыс соңында әр оқушы қандай жетістікке қол жеткізе алады?

- Оқушылардың ой ұшқырлығы пайда болады, бір-біріне деген сенімі артады.

- Оқушы өзінің топта орындалып жатқан жұмыстың маңызды екенін, өз үлесін қосып жатқанын сезінеді.

- Басқа топтардың жұмыстарын тыңдап, олардың мүмкіншіліктерін салыстырады.

- Бақылаудың нәтижесінде өте тұйық және көшбасшы оқушылар анықталады.

Қорыта келе, сыныбымдағы іс-әрекеттердегі зерттеу бағытындағы зерттеуім барысында сындарлы оқыту тәсілдерінің оқушылардың белсенділігін арттыру, оқу сапасын жақсарту сыныпта қалыпты жағдай тудыруға мүмкіндік беретініне көзім жетті. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер негізінде сабақта оқушылардың білім алуға қызығушылықтарын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын білдім.

Жаңа заман талабына сай жаңа технологиялардың, әдіс-тәсілдердің, әсіресе, сын тұрғысынан ойлаудың біржақты болып қалуын шектей отырып, өзінің ойлау қабілетінің шама-шарқын біліп, балалардың интеллектуалдық қабілетін жоғары деңгейде дамытуға ат салысу, қазақ халқының рухани құндылықтарын бала бойына сіңіруді көруімізге болады. Оқушы тек білімді ғана меңгеріп қана қоймай, білімі мен ойлау қабілеттерін, өздерінің проблемаларын шешу құзыреттілігін қалыптастыруына, ақпараттық құзыреттіліктерін дамытуына, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруына мүмкіндік жасауға жағдайлар жасау. Ал, адамшылық қасиеттерін жоғары деңгейде дамыта отырып, ұрпақ болмысын қалыптастыру – ұстаздың қолында. Оқушылар өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Оқушы бойына ұлттық құндылықтарды «Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» тән. Нұрлы ақыл аясында қоғамда білім кілтін қалыптастыруымыз қажет. Сол арқылы өмір бойы білім алу дағдысын негізгі қағидатқа айналдырғанымыз жөн. Өзара сенім, жанашырлықпен жауапкершілік сияқты құндылықтарды кеңінен дәріптеген абзал. Оның бәрі Абай айтқан жылы жүректен бастау алады. Ақын өсиет

еткен ыстық қайратқа талап пен еңбекқорлық сияқты қасиеттер жатады. Бұлар да жаңа заманда ұлттық ұстанымға, өмірлік мақсатқа айналуы қажет.

Қорытындылай келе, сыни ойлай алатын, білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын нағыз көшбасшы шәкірт тәрбиелейтінімізге сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2004.
2. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние», 2008.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық үшінші (негізгі) деңгей, 2012.
4. Д.С.Ильясова, М.К.Тасбулатова, Т.А.Оспанова Бірінші сыныпта оқу үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсыныстар.
5. Н.М.Қабылтаева «Топтық жұмыс арқылы сынып оқушыларының бірлесе жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру» // «Білім беру мазмұнын жаңарту идеялары бастауышта: теория, тәжірибе және нәтиже» республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдар жинағы / «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚБАИ. Қызылорда: 2021. – 507-510 бб.

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Бодық Таңшолпан Талғатқызы
Қызылордап қаласындағы Ozat school мектебінің информатика пәні мұғалімі

Заманауи ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуына үлес қосатын, оқу үрдісінде оқушылардың интернет желісіне қол жеткізудің спутниктік жүйелерін, шұғыл корпоративтік және кең жолақты байланыс, навигацияларды үйреніп отырғандығы жасырын емес.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Жас ұрпақты әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Мұғалімнің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде,кез келген уақытта өз іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт.

Осыған орай информатиканы оқытудың негізгі мақсаты – әрбір оқушыға информатика ғылымы негіздерінің алғашқы фундаментальды білімін беру, оқушыларға осы білімді мектепте оқытылатын басқа ғылымдарының негіздерін түпкілікті және сапалы түрде меңгеруге қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады

Қазіргі таңда оқытудың сан алуан тәсілдерін қолдана отырып, нәтижеге бағытталған оқыту болады. Мұғалімнің сабақ алдында қоятын басты мақсаты – оқушыларды пәнге қызықтыратын терең, сапалы, тиянақты білім беру. Оған мұғалім тынымсыз іздену еңбегінің нәтижесінде ғана қол жеткізері хақ. Бұл жағдайда мен пәнге оқушыларды жалықтырмай қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты түрлендіріп өткізуге назар аударамын. Әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану балалардың тілін дамытып, жанжақты терең білім алуына жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектессе, бірде басқаның көмегін өзі алады. Оқу білімді өз ізденісімен, өз білімділігімен алады, іскерлік дағдылары қалыптасады. Әрбір технология жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Осы тәсілдерді мұғалім іздену арқылы жетілдіре түседі. Қызықты сабақ болса оқушының сол пәнге қызығуы артып қана қоймай, мұғалім жаңалығы, ізденісі, қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегінен орын алады. Сын тұрғысынан

ойлау жүйесі оқытуды жаңаша ұйымдастырудың негізгі міндеттерін: қызығушылықты ояту, мазмұнды ашу, рефлексия (ойтолғаныс) жүзеге асыруды қамтамасыз етіп оқушылар оқу үрдісін басқарысып қана қоймай, көбіне дербес басқаратын болады, жеке жұмыстың көлемі азайып, ұжымдық іс - әрекет білім игеруде орта қарым-қатынас құралына айналады, балалардың деңгейіне қарап сараланып, ерекшелігіне қарап дараланауы мұғалім емес, балалардың өз еркімен жүзеге аса бастайды.

Сондықтан сабақ барысында оқушылардың өзара қарым-қатынасын және шығармашылығын арттыру үшін интерактивті әдістің ролі ерекше деп ойлаймын.

Себебі информатика сабағын оқытуда интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, өздігінен оқу ынтасын дамытады, ұжыммен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады, қарым-қатынас дағдысын қалыпастырады және дамытады, ал ең бастысы оқуға деген белсенділікті көтереді.

Информатика сабағын жүргізуде дидактикалық тапсырмаларға сәйкес әдістерді таңдау өте маңызды. Сабақта қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікір-талас, оқушылардың баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, дәріс, диалог, тренинг, ұжымдық-танымдық оқу, иммитация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдісінің белгілері болып табылады.

Интербелсенді әдістер өте көп. Мен өз сабақтарымда қолданатын әдістерге тоқталып кететін болсам:

«Ми шабуылы» – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Миға шабуыл» әдісі информатика пәнін оқытуда қолдануда өте маңызды. Себебі, бұл әдісті оқытуда қолданудың нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, шығарашылық қабілеті дамиды, өзара қарым-қатынас деңгейі артады.

Оқушыларға *«Карусель»* деп аталатын жұмыс түрі қатты ұнайды:

Екі сақина жасалады. Ішкі және сыртқы сақиналар. Ішкі сақина – бұл қозғалмай отырған оқушылар. Сыртқы сақинада – оқушылар ауысып тұрады және ішкі сақинадағыларға сұрақтар қояды. Бұл әдісті бір тарауды қайталау бойынша пайдаланған қолайлы. Мысалы, Ms Word тарауын қайталау барысында, сыртқы сақина сұрақтар қояды, ал ишкі сақина оқушылары сұраққа жауап беріп ноутбуктан көрсетіп отырады. Осы әдіс арқылы әрбір оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергендігі айқын көрінеді.

Сондай-ақ мен сабақтарымда мәтіннен алған түсінігін қорыту, өмірмен байланыстыру, дәлелдеуді қажет ететін *«Фишбоун»* әдісін жиі пайдаланамын. Оқушылар берілген балық қаңқасына қара сөзбен проблеманы, оның туындау себептерін анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды. Мысалы «Интернет желісі» тақырыбында оқушыларға проблеманы анықтау және оны шешу жолдары деген тапсырма беріледі. Оқушылар өз ойларын күнделікті өмірмен байланыстырып, жан- жақты жауап береді.

ББББ стратегиясын сабақта пайдаланудың маңызы зор. Мысалы Ms Excel тақырыбында сабақ басында кестенің «Білемін» бөліміне Ms Word тарауы бойынша өткен кесте туралы білетіндерін жазса, «Білдім» бөліміне Ms Excel бойынша алған білімдерін жазады, ал «Білгім келеді» бөліміне болашақта үйренгісі келеді сұрақтарды жазады.

«Қораптағы тапсырмалар» әдісін практикалық сабақтарда пайдалануға болады. Қорапқа қағазға жазылған әртүрлі тапсырмалар салынады. Оқушылар өздері алған тапсырмаларды компьютерде орындайды.

Сабақтың жаңа тақырыпты түсіну бөлімінде *«Кластер»* әдісін пайдалану тиімді. Бұл тапсырма шағын топтарда орындалады, оқушылар бірігіп жұмыс жасайды. Оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді.

Сонымен бірге мен сабақтарымда рөлдік ойындарды пайдаланамын. Мысалы «Компьютерлік құрылғылар» тақырыбында оқушыларға принтер, сканер, колонка, камера, флешка кейіпіне ену тапсырмасы

беріледі. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады және сөздік қорын арттырады.

Шығармашылық дарындылықтың белгілері әр түрлі болатындығы қиындық туғызады және де олар әлеуметтің ортамен тығыз байланысты. Баланың қандай болса да кез келген шығармашылық талпынысын құптауымыз керек. Себебі оның астарында баланың таза, ашылмаған шығармашылық бастауы жатыр. О.Бальзактың «Ұдайы еңбек ету – өнердің де, өмірдің де заңы» дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Оқу әрекетінің мазмұны арқылы шығармашылық қабілетті ашу, жетілдіру. Оқушының білім мазмұнындағы ғылыми ұғымдардың үлесін арттыру арқылы оқушыны шығармашылық әрекет жағдайларына әкелетін ішкі байланыстарды ашуға мүмкіндік туғызып, жағдай жасау керек.

Информатика пәнін оқытуда сыныптан тыс жұмыстарды компьютерлік технологиялар арқылы оқыту оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттыру мен қатар оларды өз бетімен ізденуге де ұмтылдырады.

Біздің осы атқарылып жатқан жұмыстарымыз арқылы оқушылардың өз білімдерін ұштауға, қабілеттерін шыңдауға қосқан үлесіміз деп білемін. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаз болайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек» // «Егемен Қазақстан» 31 тамыз 2000 жыл.
2. К.З.Халықова. Информатиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 2000.
3. А.Б.Даулеткулов. Олимпиады по информатике. Алматы, 1999.
4. В.И.Кудинова. Внеклассная работа по информатике. М., 2001.
5. Информатика и образование. №1.

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМЫТУ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ МЕН АМАЛДАРЫ

Егенбердиева Айгерім Абайқызы
Қызылорда қаласындағы №278 IT мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

Оқыту үрдісінде балалардың сыртқы дүние нәрселері мен құбылыстарын саналы түрде қабылдауының нәтижесінде балалардың сезгіштігі күшейіп, түйсігі дамиды. Оқушылардың оқу материалын қабылдауын дұрыс қйымдастыру үшін мұғалім оқыту үрдісінде көрнекілікті кеңінен пайдалануы керек.

Таным – адам санасын дамытудың негізгі және ол арқылы адам өзін қоршаған ортаны игеруге де үйренеді.

«Таным» – философиялық ұғым: «айналадағы материалдықтың адам санасында бейнеленуі». Таным арқылы заттар мен құбылыстардың басты белгілері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары жайындағы бейнелі қабылдау нәтижесінде ұғым туады.

Т.Шамова «Біз танымдық белсенділікті шәкірттің ақыл-ой және дене қуатын жай ғана жұмылдыруына жатқызбаймыз, қайта оны жеке тұлға әрекетінің сапасы ретінде қарастырамыз, бұл сапа шәкірттің әрекет мазмұны мен үрдісінде, көзқарастарында, оның білімді және іс-әрекет тәсілдерін оңтайлы қысқа мерзімде тиімді игеруге ұмтылуында, мінез-құлық, ерік-жігерін оқу-танымдық мақсаттарға жұмылдыруында көрініс табады» деп көрсетсе, В.Крутецкий «Шығармашылықпен ойлау өз бетінше ойлау және белсенеді ойлау болады, бірақ кез келген белсенді ойлау өз

бетінше ойлау емес және кез келген өз бетінше ойлау шығармашылықпен ойлау емес» дейді.

Оқушы белсенділігі оқушының ой дербестігіне сүйенеді. Оқыту үрдісінде оқушылардың белсенділігін арттыруды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде олардың дербестігін дамытуға тырысады. Оқушының белсенділігі әр түрлі болады.

Танымдық белсенділіктің үш дәрежесі бар.

1-дәреже – жаңғыртушы белсенділік – шәкірттің материалды жадылап, қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолдануға, меңгеруге ұмтылысымен сипатталады. Белсенділіктің 1-дәрежесіне тән көрсеткіш – оқушының бойында білімін тереңдетуге деген ұмтылыстың болмауы.

2-дәреже – түсіндіруші белсенділік – оқушының оқығанын зерделеуге, оны өзіне белгілі ұғымдармен байланыстыруға, білімін жаңа жағдайларда пайдалану жолдарын меңгеруге ұмтылысынан көрінеді. 2-дәрежеге тән көрсеткіш – оқушының бастаған істі аяғына дейін жеткізуге ұмтылуынан, қиындыққа тап болғанда оны жеңу жолдарын қарастыруынан байқалатын үлкен дербестігі.

3-дәреже – белсенділіктің шығармашылық дәрежесі – оқушының тапсырманы шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысымен сипатталады. Бұл дәреженің ерекшелігі – мақсатқа жетудегі табандылық, танымдық ынтаның негіздері мен әр алуандылығы. Осы орайда оқушыны өз бетінше жұмыс жасауға қалай үйретуге болады? Әрине оның жолдары өте көп. Яғни оқушы қажеттілігі мен ерекшелігіне қарай тиімді әдістерді қолданған жөн. Ол үшін мұғалім:

- Өзіндік жұмысты жүйелі ұйымдастыру және жағдай туғызу;
- Шығармашылыққа бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану;
- Шығармашылық әрекеттің кезеңдерін (құнды идеяны анықтау, идеяны жүзеге асыру жоспары, идеяны жүзеге асыру) жүзеге асыруға қолдау көрсету.

Кей тақырып бойынша оқулықтағы берілетін материал өте көп болады. Себебі, қосымша ақпараттармен аса көп жүктелген. Сондықтан негізгісін ала білуге, әр жаңа ұғымның өткен және енді өтетін тақырыптармен байланысын түсінуге, ауқымды тақырыптарды құрылымдық сызбасын дайындауға үйрету маңызды. Оқушының өз бетінше ақпаратты меңгеруіне ықпал жасау керек. Осы орайда оқушының оқу мүмкіндігін назарға алу қажет. Баланың негізгі оқу дағдыларының деңгейі қандай? Уақытты тиімді қалай қолдануға болады? Өзара бақылау, өзара оқыту, өзара көмек қаншалықты және қалай қолданылады? Міне, осы сұрақтар аясында жұмысты жоспарлай білу нәтижеге апаратыны сөзсіз. Ресурстағы ақпарат белгілі бір дидактикалық тапсырмаларды орындау арқылы игеріледі. Яғни, оқытудың формалары мен тиімді әдістері жүзеге асады.

Сабақта жаңа тақырыпты меңгерту кезінде ұжымдық, топтық және жұптық оқыту формаларды енгізген дұрыс. Себебі, балалар бірге талқылау барысында ақпаратты 50 пайыз есте сақтайды. Өзара бір бірлеріне көмек көрсетеді, қиындықтың жолдарын бірлесіп табады, құрдастар тілі орнайды. Ал жеке жұмыс түрін сабақтың соңғы жақтарында қолдансақ, оқушының сол күнгі мақсатқа қаншалықты жеткендігін өлшеуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар жеке жұмысты орындау барысында оқушы бойында айтарлықтай қорқыныш болмайды. Өйткені, топтық, жұптық жұмыс жасауда оқушы жаңа тақырып бойынша білім аясын кеңейтеді, алған білімін кейінгі тапсырмаларда көрсетеді немесе қолдана алады.

Оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамытуға бағытталған стратегиялар:

1. Тақырып жоспарын құру.

Алғашында мұғалімнің көмегімен жасалады, сосын оқушы өз бетінше құрастырады.

2. Терминдермен жұмыс.

Жаңа тақырып бойынша терминдерді білу оқу материалын жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді. Қаншалықты оқушы терминдерді меңгергенін анықтауға жеке жұмыс түрлерін құрастыруға болады.

3. Кестелермен жұмыс. Жаратылыстану пәні. 2-сынып.

Тақырыбы: Денелер қалай қозғалады?

Жануарлар	Суреті	Жануарлардың ерекшелігі	Жануарлардың қозғалыс жылдамдығы	Қорытынды
Тасбақа				
Қоян				
Жылқы				

Бұл тапсырма оқушылардың білімін жүйелеуге, тереңдетуге және қорытындылауға мүмкіндік береді. Яғни, сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға немесе бейнежазбадан алған білімдері бойынша да толтыруға болады.

Танымдық тапсырмалардың алгоритмі:

1. Ақпаратты таңдау тапсырмалары .....үшін тән белгілерді атаңдар.
2. Қателерді жөндеуге арналған тапсырмалар.
3. Қорытындыны салыстыруға және дайындауға арналған тапсырмалар.

..... құрылысы мен өмір сүру ортасын салыстыру

4. Байланысты айқындайтын тапсырмалар.
5. Бейімделу ерекшеліктерін атаңдар. (мысал келтір)
6. Қарама-қайшылықты айқындайтын тапсырмалар.

Мысалы: Құмырсқалардың екі түрі болады, бір көрекпен тәуліктің әр мезгілінде көректенеді. Құмырсқалардың белсенділігін түсіндір.

7. Тәжірибелік тапсырмалар. *Мысалы*: судың үш күйі

Тапсырмалар жүйесіне қойылатын талаптарды ескерген жөн:

1. Тапсырмалар оқу материалының белгілі бір көлемін қамту керек.
2. Тапсырмалар жүйесі оқу материалының әр түрлі деңгейде (базалық, репродуктивті, шығармашылық) игерілуін қамтамасыз етеді.
3. Тапсырмалардың дидактикалық жүйесі оқу материалын қайталау мүмкіндігін қарастырады.
4. Тапсырмалар оқушы үшін қызықты болуы керек.
5. Тапсырмалар оқушылардың өз бетінше шеше білу мүмкіндігіне қарай есептелінеді.
6. Тапсырмалар оқушыладың өзара бірлесіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді.
7. Тапсырмаларда бақылау мен өзін-өзі бақылау мүмкіндіктері қарастырылады.
8. Бір проблема әр түрлі тұрғыда қарастырылуы мүмкін.

Бақылау жүйесінің негізгі субъектісі – оқушы тұлғасы. Оқушының жеке – тақырыптық оқу қызметіндегі іс-әрекетінің бағалау және бақылау кестесін жасауға болады.

Р/с	Оқушының аты-жөні	Тапсырмалар	Қорытынды	Жеке ұсыныстар

Әр оқушыда тақырыптар бойынша жеке жетістіктерін есепке алу дәптері болғаны жөн. Арнайы жасалған параметрлер бойынша ол өзінің белгілі бір тақырып көлеміндегі білім, білік, икем, дағдыларын мұғалімнің берген кері байланысы негізінде түзету, толықтырулар арқылы дамытуына болады. Осындай жұмыс оқушының даму динамикасын көруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Г.Ананьев, Человек как предмет познания СПб.: Питер, 2001.
2. Р.М.Қоянбаев, Қ.Т.Ыбрайымжанов. Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы. Түркістан 2005
3. Т.И. Шамова, С.Г.Воровщиков, М.М.Новожилова. Развитие учебно познавательной компетентности учащихся: опыт проектирования внутришкольной системы учебно-методического и управленческого сопровождения. М., 2009.
4. https://www.tsutmb.ru/nauka/internet-konferencii/2017/8-prep-vysshey-shkoly/2/sorokina.pdf

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКАДАН АРИФМЕТКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҮЙРЕТУ

Есмухамбетова Гульмира Уразбаевна
Қызылорда қаласы І.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

«Математика» пәні бастауыш білім берудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. Математика бойынша бастапқы білім сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады, зерттеу және қарым-қатынастың, математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастырады. Математиканың бастапқы курсын оқып-үйрене отырып, оқушылар талдау, синтездеу, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық қатынастар мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді, түрлі заттар мен қоршаған орта құбылыстарын сипаттау үшін математикалық тілдің негіздерін игереді, білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгереді, мұның барлығы жинақтала келе оқи білуге негіз болады. Бастапқы математикалық білімнің негізгі мақсаттарына сәйкес, оқу пәні бірқатар міндеттерді айқындайды. Атап айтқанда:

- логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді және математикалық терминдерді пайдалану біліктілігін дамыту;
- оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту;
- сын тұрғысынан ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- математиканы әлемді суреттеу, модельдеу және түсіну тәсілі ретінде қабылдау;
- өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерді меңгеруде, күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну;

Жоғарыда аталған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруда арифметикалық материалды оқып-үйрену маңызды рөл атқарады.

Бастауыш курс математикасында арифметикалық материалға мыналарды жатқызуға болады: сан ұғымы, сандарды нөмірлеу, сандарды оқу, жазу, салыстыру және есептерді арифметикалық тәсілмен шешу. Бұл ұғымдар бастауыш курс математикасының негізгі өзегі болып табылады. Бастауыш курстың басқа материалдары осы арифметикалық ұғымның маңына топтасып, арифметикалық материалмен тығыз байланыста оқытылады.

Математикада сандарды оқу, жазу, салыстыру концетрлер бойынша оқытылады, олар: ондық, жүздік, мыңдық, көп таңбалы сандар, сонымен қатар оқытудың өзіндік себептері бар. Оларды атап айтқанда:

- Алдыңғы концентрде қарастырылған сұрақтар келесі концентрде бекітіледі және әрі қарай тереңдетіледі;
- Алдыңғы концентр бойынша игерген білім, білік және дағдылар келесі концентрді оқып үйренгенде негізге алынады;

- Осы тақырыптың негізгі сұрақтарын бірнеше рет қайталау арқылы, оқушылардың білімі мен білігі жетілдіріледі;

- Әрбір жаңа концентрді оқып үйренгенде оқушылармен жүргізілетін өзіндік жұмыстың көлемі артады;

- Қарастырылған сандар аймағы біртіндеп кеңейтіп, оқып үйренген сандар туралы білім сандардың жаңа аймағына қолданылады;

- Материалды оқытудың осындай рет тәртібі ондық санау жүйесінің ерекшелігіне мейлінше сәйкес келеді .

Бастауыш сынып математикасындағы өзекті ұғымдарының бірі натурал сан болып табылады. Жалпы алғанда, бұл ұғымды «эквиваленттілік жиындар класының сандық сипаттамасы» ретінде анықтауға болады. Сондай-ақ, натурал сан ұғымы нәрселерді санаумен ғана шектелмей, шамаларды өлшеумен да байланыстырылады. Арифметикалық амалдарды оқып үйренген кезде натурал сан жаңа сипаттама – оларға қолданылатын объекті ретінде кездеседі. Санаудың ондық жүйесіндегі сандарды жазу үшін таңба қойылады, яғни осы цифрдың әрқайсысының өз атаулары бар, олар бір таңбалы теріс емес, бүтін он санының атауларына сәйкес келеді. «Сан» және «цифр» ұғымы әртүрлі ұғымдар болып келеді. Цифрлар да санды жазу үшін қолданылатын ерекше математикалық таңбалар екеніне балалардың назарын аудару қажет. Бұл өте маңызды болап саналады. Өйткені бастауыш сыныптың көптеген оқушылары екі түсінікті, яғни «сан» және «цифр» ұғымдарын үнемі шатастырады. Осыны жағдайды болдырмау үшін оқушыларға «сан» және «цифр» туралы түсінік қалыптастыру үшін қызықты етіп түсіндіру қажет, осы кезде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану. Тіпті мұғалімдердің кейбіреулері ол терминдердің бірін екіншісінің орнына қолданады. Сан және цифр жайында әңгіме қозғалған күннен олардың екі түрлі түсінік екенін оқушыларға аңғартуға ерекше көңіл бөлу керек. Осы бағытта жүргізілетін жұмыстың нәтижесі дайындық кезеңі материалының мазмұнын және сәйкес іс-әрекетінің түрін, оны ұйымдастырудың әдісін айқындауға көмектеседі.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОЙЛАРЫН ДАМЫТУ

Жакенова Алмаш Ауезхановна
Қызылорда қаласы І.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

«Баланың әр жас кезеңінде әрбір психикалық процестің дамуымен сипатталады. Баланың кішкентай кезінде қабылдау процесі қалыптасады, балабақшаға бару кезеңінде есте сақтау қабілеті қалыптасады, ал мектепке бару кезеңінде ойлану қабілетінің дамуы жүзеге асады». Бастауыш сынып оқушыларының ойлануының өз ерекшеліктері бар. Дәл осы кезеңде алдыңғы көрнекі – бейнелі ойлану, сөйлеу-логикалық, түсініктеме түріне ауысады. Сондықтан бастауыш сыныптарда оқушылардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру өте маңызды. Бастауыш сынып оқушылары үнемі логикалық тапсырмаларды орындау арқылы, өздерінің логикалық ойлау қабілетін дамыта алады. Сонымен мұғалімнің оларға көмегі төмендегідей:

- Қоршаған ортамен байланыс жасау;

- Дұрыс түсінік қалыптастыру;

- Сабақта жүргізерде дұрыс педагогикалық техналогияны қолдану;

- Теория жүзінде үйренгенін тәжірибиеде қолдану;

Ойлау операциялар көмегімен талдау (қорытындылау, салыстыру, классификациялау, синтездеу, және т.б.).

Осының барлығы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дұрыс жасалынған педагогикалық жағдайлар ғана дамыта алады. Мұғалімнің

міндеті әр баланың жеке даралығын ескере отырып, потенциалды қабілетін дамыту және ашуға жағдай жасау. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады. «Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді, ұстаз дамытуға тиіс», деп көрсетті К.Д.Ушинский . Бастауыш сынып баласының логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге, ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Логикалық ойлау арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Білсем, үйренсем дейді, тіпті математикаға қабілеті жақсы, зерек оқушылардың өздері логикалық есептерді құрастырады. Логикалық есептердің оқу процесіндегі маңызы зор. Мұндай есептер оқушының ойлау қабілетін, математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін өте тиімді. Логикалық есептер математикалық олимпиадаларда, әр түрлі жарыстарда жиі қолданылады. Шығармашылық деңгейдегі есептер жоғары сыныптарда да беріледі. Сонымен бірге сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылықпен айналысатын оқушыға логикалық есептерді шешу тиімді.

Анықталған мәселені шешу үшін зерттеу жұмысы барысында логикалық тапсырмаларды 2 сынып оқушыларына енгізу көзделді. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының Тәжірибесіне 24 оқушы қатысты. Тәжірибелік-экспериментке қатысқан бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау деңгейін зерттеу үшін біз диагностиканың таңдаулы әдістерін қолдана отырып, зерттеулер жүргіздік. Әрбір кезеңнің соңында оқушылардың логикалық ойлау деңгейінің бастапқы және соңғы деңгейін анықтау жүзеге асырылды. Эксперимент алдымен жеңіл, орташа, күрделі логикалық тапсырмалар алу арқылы оқушылардың бастапқы деңгейін анықтау арқылы анықталы. Тапсырмалар дың мақсаты – оқушылардың білімді қабылдауын, сабақтарға деген қызығушылықтарын, логикалық ойлау ерекшелітерін анықтау

Қалыптастырушы эксперимент кезеңнің мақсаты – 2-сынып оқушыларының логикалық ойлау даму деңгейін анықтап, оларды дамыту. Бұл кезеңде математика пәні бойынша логикалық тапсырмаларды жүйелі қолданды. Қолданылған тапсырмалар: «Сәйкестеңдір», «Шығатын жолды дұрыс тап», «Жетіспеген фигураны тап», «Сіріңкенің орнын ауыстыр», «Кім үлкен» қолданылды. Атқарылған жұмыстың тиімділігін тексеру үшін бақылау эксперименті жүргізілді, оның мақсаты – оқушылардың логикалық оулауын қалыптастыруда жүргізілген жұмыстардан соң, 4 сынып оқушыларының оқу процесіне қатысу, логикалық ойлау деңгейлерінің артуының қорытынды деңгейін анықтау. Жүргізілген жұмыстар тізбегінің тиімділігін тексеру үшін нәтижелерді салыстыруды шештік.

Нәтижелерді талдау көрсеткендей, бақылаушы сынып оқушыларының деңгейі бір қалыпты болып, тәжірибелік сынып оқушыларының қызығушылық деңгейінің көрсеткіші біршама өскені байқалды. Қорытындылай келе, баланың логикалық ойлауын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйеленді және оны ұйымдастырудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері айқындалады, ол өз ретінде, балалардың логикалық ой-қабілеттерінқалыптастыру жұмысының жағдайын бір шама арттырды- деп ой түйінделді.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ АЙРЫҚША ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ, КӨРКЕМДІК ТҰТАСТЫҚТАҒЫ ӨНЕР ҮЛГІСІ

Г.С. Жаксылова
Арал ауданындағы Ж.Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейдің мұғалімі

Қазақтың ою-өрнекті әшекеймен істелінетін қолөнерінің түрлері де, атаулары да өте көп. Солардын ішінде халық арасында көбірек тарағаны – ою-өрнек. Қазак халқының ою-өрнек өнерінің шығу тегі ежелгі тас дәуірінде саяды. Себебі, соңғы палеолит дәуірінің ескерткіштерінен ақ жануарлардың толық бейнесінің қатарында алғаш рет онша айқын емес, бірақ символдық мағынасы біздің заманымызға дейінгі адамның ойлауын көрсете алатын әр түрлі белгілерді байқауға болады. Неолит дәуірінде үңгір тұрғындары керамикалық ыдыстарды қолмен жапсырып жасау әдісін игерді. Олар көбінесе ыдыстардың жоғарғы жартысына тиісті қалыппен сызықшалар, ойықтар, мүсіндер түріндегі өрнектерді түсірген.

Қола дәуіріндегі Қазақстан территориясында тұрған тайпалар еңбек құралдарын, карулар, сәндік заттар, тұрмыстық бұйымдар жасауда құю, қақтау, қысып өрнектеу, жону, тегістеп жылтырату техникасын жақсы меңгеріп, заттарға өрнек сала білген. Міне сол кездегі бұйымдарда бейнеленген белгі таңбалардың XVII-XIX ғасырдағы қазақ халқының қолөнеріне кездесетін ою өрнектерге өте ұқсас екендігі Ә.Марғұланның, КАқышевтің, М.Мұқановтың, К.Ибраеваның т.б. ғалымдардың жоғарыда көрсетілген еңбектерінде жеткілікті дәрежеде дәлелденген. Мысалы, санғыру қорымынан қазып алынған қыш ыдыстарда бейнеленген крест бейнелі дөңгелектер қазақтардың киіздеріне салынатын өрнектерді еске түсіреді. Қарқаралы алқабының Шортанды бұлақ қонысынан табылған айшық түймелер, жылқының сүйегінен ойып жасалған ромб, үшбұрыш тәрізді Нұра, Галды, Шерубай өзендерінің жағалауларынан андроновтық тайпалардың мекен тұрақтары табылды.

Мекен тұрақтардан табылған заттардың ішіндегі көзге түсер көріктісі де, көңіл бөлер мәндісі де сәнді өрнектерден қышқұмырылар. Мысалы, «қошқармүйіз» өрнегімен негізінен кілем, тұскиіз, текеметтер, сандықтар, ағаш төсектер өрнектелген. Әшекей «өрнек өнерінің осындай бір мәнерінің өзі де араларын мыңдаған жылдар бөліп тұрған халықтардың мәдениеттерін байланыстыратын ортақ белгілерін айқын көрсетеді»- дейді. Сондай-ақ, пазырық қорғанынан табылған, біздің заманымыздан бұрынғы 2 мың жылдықта жасалынған кілемдер, тұскиіздер, құмыралар, әшекей заттардағы ою өрнек үлгілері сол андронов мәдениетінде қалыптасқан ою-өрнек өнерінің жалғасы іспетті.

Бұдан әрі ою-өрнек өнері қазақтардың арғы тегі болып саналатын сақ, үйсін, ғұн тайпаларынын өнерінде дами түсті. Бұған Есік қорғанынан табылған «Алтын киімді адам», көне дәуірдегі Жетісу сақтарының өмірі мен тұрмысын танытатын, сақ жұрты көсемінің киімдері мен сән-салтанат бұйымдарында бейнеленген нақыштар мысал бола алады. Осы кезеңде қолөнер бұйымдарына геометриялық, өсімдік тектес ою-өрнек түрлерінің жиі салынғандығын Берел обасынан табылған әшекейлер дәлелдейді. Түрік қағанаты дәуірінде де тас өндеу мен сүйек ұқсату өнерінің өркендеуіне сай сүйек пен металдан жасалынатын бұйымдарды әсемдеу барысында негізінен геометриялық (линейка, ирек, дөңгелек тәріздес), өсімдік тектес және зооморфтық мотивтер қолданылады. VI ғасырдан бастап ғимараттарды (Тараз моншасы т.б.) ою-өрнекпен әсемдей бастаған. Кейіннен салынған Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларында да қазақ ұлттық ою-өрнегі өзінің қолтаңбасын айқын танытты. Мысалы, Тараз моншасындағы «кереге» өрнек Айша бибі күмбезінде геометриялық ырғақпен байи түсті. Ахмет Яссауи ескерткіштерінде де жергілікті халықтың ою-өрнек үлгілері басым қолданылған. Осылайша дамып отырған ою-орнек өнері қазақ жерінде өмір сүрген қарлұқ, қимақ, қыпшақ т.б. тайпалардың қолөнерінде жалғасын тапқаны

Ә.Марғұланның еңбегінен мәлім. Дейтұрғанмен қазақ топырағында ерекше дамыған ою-өрнек өнеріне ислам дінінің әсері негізгі анықтауыш болмағанын жоғарыда айтып өткендей ислам діні дүниеге келуден көп бұрын ғұмыр кешкен ғұндардың, скифтердің, түркі қағанаты кезінде халықтардың тұтынған мүліктерінен айқын көруге болады.

Сонымен М.Қағанның «Ою-өрнек үнемі қозғалыста» дегеніндей қазақ халқының ою-өрнектері де айрықша қозғалыстағы, көркемдік тұтастықтағы өнер үлгісі. Мәселен, тірізді элемент мүйіздің символдық бейнесі ретінде ежелгі дәуірден белгілі. Бірнеше ғасыр өткен соң белгісімен жануар, өсімдік элементтерінің қосындысынан «түйетабан» өрнегі жасалған. Сондайақ, ежелгі дәуірде геометриялық фигура тектес өрнектер және «түйетабан», «кошкармүйіз» оюлары басым қолданылса 6 ғасырдан бастап зергерлік өнері мен кілем тоқудың жан-жақты дамуына байланысты ою-өрнек өнері «қырықмүйіз», «шытырман», «таңдай» т.б. күрделі ою-өрнектерімен толықты.

Қазақстан сәндік қолданбалы өнер туындылары орта ғасырларда (7-17) көлемі жағынан тұрпатты шеңбер мен ромб пішініне келтірілген айқын ою-өрнектермен (ішінара құс пен маймыл кескінделген) коркемделсе, 18, 19 ғасырларда ұлттық дәстүрлерде өркендеді. Ал Қазан төңкерісінен кейін Қазақстанда көптеген шеберханалар мен көркемдеу өнеркәсіптері ашылуына байланысты ою-өрнек жаңа түр, жаңа мазмұнға ие болады. Осы жоғарыда келтірілген деректер қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің қалыптасып, дамып отыруына бірнеше факторлар әсер еткенін байқатады:

- әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, соның ішінде: мал, егін шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі, сауда саттық, т.б.

- табиғат, соның ішінде: дала табиғаты, табиғат сыры, жәндіктері мен аң, құстары т.б.

- халықтың рухани өмірі: ұлттық салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, т.б

Жерге төселетін текеметке ұдайы осы ою салынып қолтық деп аталады. Мұнысы, хош келдіңіз, өзіңіздей дей көріп, жантая отырып дем алыңыз деген қонақжайлық белгісі. «Қай үйге кірсем де жердегі киіздің бетінен оюдың бір ғана түрін көрем. Сөйтсем мен қазақтың киіз кітабының үстінде дем алып отырған екем. Қазақ халқының адамгершілігін күннің мейірімділігімен теңеуге болады екен», деп Александр Македонский айтқан деген аңыз да бар.

Мәселен қазақтың сахарасында, табиғаттың құстары да, аңдары да дархан, қаннен қаперсіз, еркіншілікте күн кешеді. Кең арналы өзеннің не әлде айдынды шалқар көлдің жайымен ағып жатқан мөлдір суында жырлап жүзген үйрек пен аққу, қаздар қаңқылдап, жарастықты татулықпен қиқу салып, у-шу болып жатады. Қазақ төріндегі ауаның жасыл толқынына еркін шомылып, жеп-жеңіл шағала жүреді қалқып. Міне осылардың барлығы осынау елде тіршілік етіп, ғұмыр кешкен халықтың ою-өрнек өнеріне де өзек болып, оның өмірлік мазмұны мен бағасын байыта түскен. Мұның жарқын айғақтарын қазақ халқының киіз, текемет бұйымдарындағы, әсіресе кілем түріндегі ою-өрнек үлгілерінен көруге болады.

Қазақ халкының ерте кезден бергі әдет-ғұрпы, салты бойынша, бөтен жерге, алыс ауылға күйеуге ұзатылатын қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жағына сәлемдеме жіберу дәстүрі болган. Салемдемеге жас келіншек өзінің күйеуге тұрмыс жағдайын ою-өрнекпен бейнелеп жіберуі шарт. Осы салт бойынша тұрмысқа шыққан қыздың үйіне жіберген сәлемдемесінде алақандай жарғақ, оның бетіне бойы ұзын және өте жіңішке, әрі арық адам бейнесі кестеленіп салынған және оның жанында тұрған деп дөңгелек адам тұрпаты бейнеленген. Бұл сәлемдемеде қыздың ата-анасы жат-жұртқа ұзатылған баласының отырса опақ, тұрса сопақ» болған мүшкіл халін түсінген. Ал басқа ретте күйеуге ұзатылған қыздан құсмұрын» бейнесі салынған сәлемдеме келсе, ата-анасы одан баласының барған жерінде құстай ерікті, басы бостандықта, жағдайы жақсы екенін ұғатын болған. Сол себепті ұзатылған қыздан сәлемдемеге құстұмсық жүзік келсе

немесе құстұмсық ою-өрнекті тұскиіз, баскұр сияқты зат келсе, ауыл-аймағы қуанып, той жасап, атап өтуді әдет еткен.

Демек, ою-өрнекті тудырушы көшпелі өмір салты мен сол көшпенділердің дүние танымы. Сондықтан да қазақ халқының ою-өрнектері көшпелі салтпен тікелей байланысты туып қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. С.Кенжеахметұлы. Традиции и обряды казахского народа. Алматы, 2004.
2. Б.Шоптыбай. Қазақтың ою-өрнектері. Алматы: Өнер, 2006.
3. В.Аяган. ҚазаҚ ою. Алматы, 2004.
4. Р.М.Фокина. Орнамент. Феникс, 2005.
5. М.Ш.Омирбекова. Традиционная культура казахов. Алматы кітап, 2004.
6. А.К.Маргулан. Казахское народное прикладное искусство. 3 том. Алматы: Өнер, 1994.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫ ОҚЫТУДА ЖАҢАШЫЛ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Жусупбекова Айгул Багдановна
Қызылорда қаласы Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Білім беру саласының дербестігін жақсарту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру еліміздің мектептерінде оқытудың белсенді және инновациялық әдістері мен технологияларды тиімді пайдалануды қажет етеді. Оқытуда жаңашыл әдісті қолдану оқушы үшін де, мұғалімге де шығармашылықпен жұмыс ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер: «педагогикалық технологиялар», «тәсіл», «әдіс» сияқты ұғымдарды терең меңгеруге оқып-үйренуге жетелейді.

«Инновация» сөзі латынның («жаңашылдық», «өзгеріс») деген ұғымдарына сәйкес келеді. Жалпы жаңашылдық мәселесі туралы ғалымдар өз зерттеулерінде атап көрсетті. Олар Р.А.Дюсупова, А.М.Саранов және басқада ғалымдар еңбегінде. Бұл үшін еңбастысы мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру керек. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруда, инновациялық іс-әрекеттерді төрт бөлікке жіктеуге болады: әдіснамалық, пәндік-теориялық, әдістемелік, технологиялық. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың бірінші әдіснамалық бөліктеріне кіретіндер; ізгілікті философия, философия ғылымы, ғылым әдіснамасы, педагогика әдіснамасы, әдіснамадағы жаңа білімдер жиынтығы. Екінші пәндік-теориялық бөліктеріне жататындар; мұғалімнің беретін пәні бойынша теориялық білімі, педагогика, психология, дидактика, педагогикалық инноватика бойынша жаңа білімдері. Үшінші әдістемелік бөліктеріне мұғалімнің өзі беретін оқу пәнінің тарихы мен әдістемесін білуі және тәрбие жұмыстарын, сыныптан, мектептен тыс жұмыстарды өткізу әдістемесін білуі жатады. Төртінші технологиялық бөлігі мұғалімнің өз пәні бойынша нақты педагогикалық технологияларды білуі, меңгеруі және оны өз тәжірибесінде қолдануы жатады. Сондайақ мұғалімнің тәрбиелік технологияларды білуі, меңгеруі, пайдалануы да кіреді. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың теориялық мазмұны біртұтас педагогикалық үрдісті ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізу, педагогикалық рефлексия мен өзіндік рефлексияны жүзеге асыра алуы сияқты жұмыстардың негізін ашуды,үйренуді мақсат етеді. А.М.Саранов «Инновациялық білім беру жүйесін дамытудың теориялық негіздері» атты еңбегінде «инновациялық процесс – жаңаны құру, тарату және қолдануға бағытталған процесс, оның құрылымы жаңаны пайдалану идеяларынан туындай-

ды» - деп атап көрсетеді. (1) Инновация жаңаны ендірудің соңғы нәтижесі немесе практикалық іс-әрекетте пайдаланылатын технологиялық процесті жетілдіру ретінде қарастырылады. Педагогикалық еңбектерде инновациялық процестің мынандай кезеңдері анықталған:

1. Жаңа ұғымды ашу,бұл жаңа идея немесе жаңалықтың тұжырымдамасының пайда болу кезең, ғылыми іргелі немесе қолданбалы зерттеулердің нәтижесі;

2. Жаңаны ендіру, жасап шығу, яғни нақты материалдық немесе рухани құнды үлгіні ұсыну;

3. Жаңаны тәжірибеде қолдану кезеңінде жаңа ұсынысты алып, өңдеп, толықтырып, тұрақты, нақты тиімділігі анықталғанша сынақтан өткізу;

4. Жаңаны тарату кезеңі;

5. Жаңаны нақты бір аумақта сынақтан өткізу кезеңі, осы кезде жаңа күнделікті әрекет ретінде қолданылады. Осы кезеңде бұдан да тиімді балама, тың жаңалықтың пайда болуына деген қажеттілік аяқталады;

6. Жаңа сипаттағы өзгерісті талдап, ендіруге байланысты, бұрынғы қалыптасқан процесті пайдалану аясы біртіндеп азая түседі. (1; 2; 3).

Жаңашыл жүйеге, үрдіске, құбылысқа ілгері бір жаңалық енгізуші адам, көптеген іс-шараларды ұйымдастыруда адамдардың өзіндік жаңашылдық іс-әрекетін көрсете алушылығы. Бүгінгі таңдағы, бастауыш сыныптағы пәндер дүниетану, ана тілі, әдебиет сабақтарына; топқа бөліп оқыту, рөлдік ойын элементтерін,пікір сайыс және басқа дәстүрлі емес түрлері, оқытудың жаңа технологиясы тәжірибеге кеңінен ене бастады.Ондағы дәстүрлі емес сабақ түрлері;

- «саяхат», «мұражайға экскурсия», «концерт», «қойылым»,т.б:

- «дөңгелек үстел», «брифинг», «презентация», «аукцион»,т.б;

- кино, теледидар, бейнетаспа сабақтар т.б.;

- пікір-сайыс сабағы, проблемалық іздену сабақтары, интеллектуалды ойлау сабағы т.б.;(4.5)

Дәстүрлі емес сабақтарда оқытудың жаңашыл әдістерін пайдалану жолдарын нақты сабақ жоспары арқылы қарастырайық. Мәселен, 4 сыныпта Дүниетануды оқытуда «Азаматтық қоғам. Құқықтық қоғам» туралы сабақта әдептілік, тәрбиелік сияқты түсініктерді ашып көрсету арқылы құқықты сыйлаушы азамат тәрбиелеуге септігін тигізуге басты назар аударылады. Осы тақырыпты кең көлемде түсіндіруде Қазақ хандары, оның ішінде Тәуке хан, «Жеті жарғы» туралы оқушыларға әсерлі де, көркем ғылып жеткізе баяндай отырып,сабақты «дөңгелек үстел» пікір сайыс түрінде өткізіледі.

Оқушылар оқулықпен топ құра жұмыс жасайды. Тақырыптағы мәтінді соңына дейін оқып танысады. Осы мәтін төңірегінде мәлімет даярлау тапсырылады. Осы тақырып туралы білетін мәліметті бір топтың балалары бастайды, содан кейін мұғалім өз қалауымен қай топты көрсетсе, сол топтың оқушылары осы мәселе жайлы мәліметті, не әңгімені жалғастырады. Оқушылардың зеректілігін дамыту үшін мұғалім оқиға туралы айтып тұрған оқушының сөзін кез келген жерінен үзіп,басқа топқа одан әрі жалғастыруды тапсыру керек. Бұл сайыстағы оқушылардың жауаптары мынандай сапа бойынша бағаланады. Оқушылардың назарында болу үшін тақтада мына мәселелер жазылады.

Оқушылар жауабының сапасы бағаланады:

- мазмұндылығы;
- жүйелілігі;
- ғылыми нақты фактілерді пайдалануы;
- қосымша материал қолдануы;
- ойдың жалғасын табуы;
- өмірмен байланысы.

Қорытынды да, әр оқушы берілген тапсырманы дауыстап оқиды,тапсырма бойынша жауап дайындайды, ондағы негізгі ойды тауып, талдау жасалады

Оқытудың ең көп таралған формасышағын топтармен жұмыс істеу. Оқытуды ұйымдастырудың тәсілдері мұғалімнің мақсатын – оқушыларды бірлескен танымдық белсенді танымдық қызметке қатыстыру-

дың қажеттігін анықтайды. Топтардағы жұмыс үш технологиялық қайталаумен сипатталады.

Бірінші оқыту проблемасын жолға қою және оған кірісу, яғни жұмыс процесін ұйымдастыру.Сол арқылы оқушылардың оқуға белсенділігі артады. Оқушылардың ішкі мақсаттарының алғашқы міндеттері жүзеге асырылады.

Екінші туындаған мақсатты орнықтыру үшін дербес іс-әрекеттің нақты өрісі ұсынылады. Оқушылар шығармашылық ықшам топтарға бөлінеді де,шағын топтардағы қарым қатынас арқылы өзінің ішкі мақсатын іске асырып мұғалім көтерген оқу проблемасын сезінеді,іздегенін анықтайды, оны шешу үшін бірлескен қызмет тәсілдерін әзірлейді, мақсатын жүзеге асырады.

Үшінші жалпы талқылау. Ол бірлескен педагогикалық қызметті келесі кезеңі ретінде қажет, оның процесінде педагог өзінің оқу проблемасын шешудің ақиқатын дәлелдеуге топтарды жұмылдырады. Әр топ өз пазициясын басқа топтардың алдында жариялап, белсенді түрде қорғап шығады. Тараптардың дәлелдерінің негізділігі бойынша пікірсайыста, кейде әр түрлі, қарама-қайшы көзқарастар туындайды, тексеріледі. Негізделген дәлелдердің талап етуі бойынша педагог оқушыларды оқыту проблемасының дұрыс шешіміне алып келеді. Мұғалім оқушыны бағалайтын өлшемдерді әзірлеуі керек. Егер оқушы өзінің жұмыстарының мақсаты қандай екенін және ол жұмыстардың қалай бағаланатынын білсе,онда бұған мақсаттылық пен дайындалып, тапсырманы орындауға мүмкіндік туғызар еді. Мұғалімдер жаттығуларды жиі-жиі және тұрақты пайдалануға болады. Бірақ бұл ретте баға қоймай, оны балалардың білімін тексеруге мүмкіндігі мол сабақтардың үлесіне қалдыра алады. Олар үшін жаттығулар дегеніміз – балаларды дамыту тәсілі, ұжымда, топтарда жұмыс істеуді үйрету мүмкіндігі, сөйлеуді, аналитикалық қабілеттерді жетілдіру мүмкіндігі. Сонымен бірге оқыту процесін түрлендіріп, оны жандандыратын бір проблеманы шеше отырып, сондай-ақ жаттығулар кезінде балалар көрсеткен білімдер мен икемділікті бағалаудан бас тартып, мұғалім басқа бір проблемаға тап болуы мүмкін. Балалар «ойнауға» дағдыланып, оқытудың «ойынсыз» формаларын ықылассыз қарсы алады, ал өздерінің жұмыстары бағаланбаса, жаттығулар кезінде мұғалімнің нұсқаулары мен тапсырмаларын орындаудың міндетті емес екені туралы проблема пайда болады. Сондықтан белгілі бір жаттығуды бағалаудың белгілі бір формасын тапқан дұрыс. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты қайшылығы – тез өсіп бара жатырған жаңа білімдер қарқынымен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында. Бұл қарама-қайшылық теорияны білім берудің абсолютті идеалынан (жан-жақты дамыған тұлға) бас тартып, жаңа идеалға адамның өзін өзі реттеуі мен өздігінен білім алуы қабілеттерін барынша дамытуға көшуіне мәжбүр етті. Сонымен, жаңаша оқытудағы басты нәрсе – бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Педагогикалық энциклопедиялық сөздігі».

2. В.И.Андреев. «Педагогика творческого саморазвития». Инновационный курс. Книга 2. – Казань. 1998.

4. «Саралап оқытудың тиімді жолдары» әдістемелік нұсқаулық. Астана. 2017.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Қуантай Айгерім Нұрланқызы
Қызылорда қаласы П.Д.Осипенко атындағы №8 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор

Қазіргі кездегі білім саласындағы өзгерістерге байланысты бастауыш мектепте де оқу мен оқыту сапасына түбегейлі өзгерістер енгізу қажеттілігі туындауда. Сол себепті де бүгінгі таңда мұғалімдердің кәсіби құзырлығына, сабақ беру әдістемесіне жоғары талаптар қойылуда. Бастауыш сыныптан бастап баланың танымдық қабілеттерін дамытуды қолға алмасақ, біз балалардың өзіндік табиғи ресурстарын дамытудың орнына тежелуіне себепкер болады екенбіз. Осы бастауыш сыныптардан бастап оқушының психологиялық, биологиялық түйсіктері қалыптаса бастайды.

Оқушының танымдық қабілеттерін дамыту мәселесі соңғы кезде көп айтылып жүр. Оқу мазмұнына таным тапсырмаларының енуі, арнайы әдістемелер, стратегиялардың пайда болуы, ізденушілік жұмыстарының жүргізілуі заман талабы және оқушы дамуының қажеттіліктері болып табылады.

Оқушылардың танымдық белсенділігін, қабілеттерін дұрыс бағалап, бейімділік дағдыларын таба білу және олардың әрқайсысына байланысты тапсырмалардың кешенді қолданысына қол жеткізу үлкен дайындықты пен шеберлікті талап етеді.

Олай болса, бастауыш білім беру деңгейінде белсенді, танымдылық іс-әрекетке қабілетті, икемді де білімді тұлға қалыптастыру – күрделі мәселе. Оқушылардың танымдылық қабілеттерін дамыту, қадағалау, оқу мен оқыту үдерістерінің тиімділігіне ықпал етеді. Балалардың ойлау қабілеттерін және логикалық, жағ-даяттық шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар олар-дың жанжақты дамуының алғышарты бола алады. Оқушы қабілетіне қарай ең басты мәселені айыра білсе, демек, ол күрделі мәндегі тапсырмаларды да орын-дауға икемделе алады.

Бастауыш сыныптарда әдебиеттік оқу, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында ойын технологиясын пайдаланудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау жұмыстарын жүргіздім. Оқылатын сабақ мазмұнына сәйкес жүргізілетін дидактикалық ойындардың тиімділігін анықтау, оқыту әдістерін сынамалау, нәтижелерін салыстыру оқу барысындағы кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық үдерісте оқу-тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған әр түрлі ойындарды қолдануды көздейтін дидактикалық жүйелерді қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушыларының білуге деген ынтасы мен қызығушылығын толық пайдалану, оларды оқу процесінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін дидактикалық ойындарды пайдаланудың орны ерекше. Тиімді пайдаланған дидактикалық ойындар мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың саналы меңгеруіне көмектеседі. Ойын кіші жастағы оқушылардың өзіндік әрекетін белсендіруге, оларды тәрбиелеп, дамытудың аса маңызды құралы болып табылады.

Таным ойындары негізінде кіші жастағы оқушылардың білімі, түсініктері тереңдей түседі. Ойын олардың негізгі білім, түсініктерін тереңдетіп қана қоймайды, сонымен бірге таным әрекетінің белсенді формасы бола алады. Нәтижесінде мұғалімнің басқаруымен жаңа білімді саналы меңгере алады, себебі ойын арқылы ұстаз әр балаға ықпал жасай біледі.

Қатысымдылық әрекет барысында балалар өздерінің қалауы мен тәжірибелерін басқалармен үйлестіруге, ережемен сәйкестендіруге, өз істеріне бақылау

жасауға дағдыланады. Сондай-ақ, дидактикалық ойындар балаларды танымдық өрісінің кеңеюіне, рухани дамуына, табысты әлеуметтенуіне негіз бола алады. Дегенмен, мұғалімнің қисынды да мақсатты түрде ойын мазмұндарын дұрыс таңдаған жағдайда ғана ойындар тиімділігі арта түспек. Дидактикалық ойындардың өзіне тән ерекшеліктері бар. Бір жағынан ойында ойындық әрекет негізге алынады және оның көмегімен баланың белгілі бір сапалары дамитын болады: ес, зейін, ойлау, бақылау, байқау, қабылдау, түсіну, салыстыру, әрекет ету, т.с.с.

Екінші жағынан, ойын сабақта белгілі бір дидактикалық міндетті, жаңа ақпаратты меңгеру, оқу, үйрену, қайталау, іскерлік пен дағды қалыптастыру, білімді іс жүзінде пайдалану мүмкіндіктерін жүзеге асыруды көздейді.

Кіші жастағы оқушылардың іс-әрекеттілік үдерісінде қиындық туғызбайтын, мүмкіндік деңгейдегі дидактикалық ойындар пайдаланған дұрыс. Олар оқыту, үйрету сипатында болып, сабақ мақсатына жетуге көмектесетін болғанын ескеру маңызды. Ойындардың құрылымына қарай сабақтың әр кезеңіне қарай сараптап, пайдаланған тиімді.

Сонымен қатар, оқу мен оқыту үдерісінде оқушылардың ішкі уәжіне әсер ететін, сұраныс пен қажеттілік тудыратын, немесе мәселе қоюға үйретететін ойындар маңыздылығы жоғары болады. Ең маңыздысы, ойындар іс-әрекеттілікке, ізденіске, мәселе шешу үшін ақпараттық, қатысымдылық дағдыларды дамытуға көмектесетіндей болғанына мән берген дұрыс.

Осындай жұмыстар барысында мұғалімге қойылатын бірнеше талаптарды айқындауға болады:

- оқушылардың ойын мақсаттарын түсінуі;
- оқушылардың пән бойынша тиісті білім мөлшерін саналы меңгеруі, іс-әрекетке икемділігінің қалыптасуы;
- бала қабілетінің мүмкіндіктерін ашуы, арнайы қабілеттерінің дамуына ықпалы;
- өзара қатысымдылық әрекеттерін дамыту, бірлесу, кеңесу, бірін-бірі тыңдау мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- мәлімет алмасу, мәліметтерді құрылымдап жинақтау, топтау, жүйелеу, ақпараттарды өңдеуге машықтану;
- өз пікірлерін, көзқарастарын, жинаған ақпараттарын рәсімдеуі, рөлдерді бөлу, қатысу белсенділігін басқаруды үйрену.

Ойынның мазмұнын анықтау талабы арқылы жүзеге асырылатын деректі оқушының жас ерекшеліктеріне, бағдарламалық талаптарға, нақты мақсатқа сәйкес дәл білу болып табылады. Ойынның мазмұны тек пәндік мақсаттар ғана емес, оқу әрекетінің іскерліктерін қалыптастыру, бейнелік және логикалық ойлауды дамыту мақсаттарын да жүзеге асыруды қамтамасыз етуі қажет. Ойынның мазмұнына қойылатын негізгі талаптардың бірі ойынды және оның түрлерін ұйымдастырудың мүмкін формаларын есепке алу болып табылады.

Ойынды ұйымдастыру формаларына қойылатын талаптар: жұптық, топтық, ұжымдық және даралық. Оқушылардың ойлауының даму деңгейін, коммуникативтік іскерліктерді, ақпараттық құзырлықты, мәселе қою мүмкіндіктерін қалыптастыру деңгейін нақты есепке алу негізінде анықталады.

Дидактикалық ойындарды ұйымдастыру ойынның сабақтың мақсатына, мазмұны мен формасына, оқушылардың белсенділігіне, мазмұнының түсініктілігіне және эмоционалды әсерлілігіне байланысты болуы сияқты шарттардан тұрады.

Осы шарттардан ойынды ұйымдастыруға әдістемелік талаптар қойылады:

1. Ойын мақсатына сай құралдары мен ақпараттық материалдары алдын ала дайындалуы тиіс.

2. Ойын тәртібі, мақсаты, күтілетін нәтижелері мұқият түсіндірілуі тиіс.

3. Ойынға оқушылардың жеке де жаппай қатысу мүмкіндіктерін шеберлікпен қамтамасыз ете алу керек. Балаға қатыспады емес, неге қатыстыра алмадым тұрғысынан сарапталуы тиіс.

4. Ойын шартының қарапайымдылығы, түсініктілігі және жағымды әсерде болуы тиіс. Әрбір бала өзін қолайлы сезінуге жағдай жасалуы тиіс.

5. Ойын барысында мәселе қою, ойлау, шешім қабылдау, кеңес беру, пікір тыңдау т.с.с. әрекеттерді жасауға үйрету керек.

Қай ойын болмасын оқушыларды іс-әрекетке қатысуын, ізденісін, орындаушылығын, белсенділігін, бақылау әрекеттерін, қатысымдық мүмкіндіктерін, қайта өңдеу, жаңғыртуға дейін жасай алуға негіз болатыны даусыз дұрыс.

Дидактикалық ойындарды таңдап алу, оларды дұрыс ұйымдастыру мен өткізу – оқу үрдісінде оқушыны табысты белсендірудің шешуші шарттары. Ойынды оқу әрекетіне енгізу – біріншіден, сабақта тиімді жағдайдың болуы, екіншіден, мұғалімнің кәсіби шеберлігі, үшіншіден, балалардың психологиялық көңіл-күйінің болуын талап етеді.

Қорыта келе айтарымыз, білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі болса, қазіргі кезде білім беру – оқушының пікірін бағалау, оқушыны тыңдай білу. Ұстаз бен шәкірттің бірлесе жасаған еңбегінің нәтижесі саналы да сапалы білім болып табылады.

Педагогика саласының ұлағатты ұстазы В.А.Сухомлинский айтқандай: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды!». Ендеше, баланы танымдық ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балаларға айырмастай, сезбестей етіп үйрету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Балабатырова. Бастауыш сыныптың оқыту мен оқу үдерісінде оқушылардың әлеуметтік қарым-қатынастарын белсендіру тиімділігі// «Мұғалімнің кәсіби дамуы – оқыту мен оқу үдерісін жаңарту негізі» әдістемелік жинақ. Қызылорда. 2017.

2. А.В.Петров. Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу. 2016.

3. С.Буланов. Құзыреттілік және ойын технологиясы. 2018.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Көпжасарова Гаухар Асқарқызы

Б.Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

Қызылорда қаласы

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Білім беру мазмұнын жаңарту – сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады.

Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұр. Өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдықты қажет ететін жағдайда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. XXI ғасыр – білім ғасыры, тұлғаның ой-өрісінің даму әлеуетін заман талабына сай дамыту – әрбір ұстаздың міндеті.

Жаңаша білім беру мазмұнында бағалаудың критериалды бағалау жүйесі енгізілді. Бұл – бағалаудың сапалылығын, әр білім алушының қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Білім алушының дамуын, қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады.

Критериалды бағалау екіге бөлінеді: *қалыптастырушы және жиынтық. Қалыптастырушы бағалау* оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Бағдаршам», «Бес минуттық эссе», викториналар, сұрақтар т.б. *Жиынтық бағалау* белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін, қарым-қатынасқа жағдай жасайтын жаңа тәсілдер интербелсенді деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар. Интербелсенді – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзі. **Интербелсенді оқу/оқытуға келсек**, әрекет көмегімен және әрекет арқылы, яғни әрекет жасай отырып үйрену/үйрету. Бұл әдіс – **«бірлесе үйрену немесе бірлескен әрекеттер»** идеясын басты назарда ұстайды. Яғни, *топтық жұмыс* және *жұптық жұмыс арқылы іске асады.*

Оқудың интербелсенді әдістерінің артықшылығы:

- оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- оқушыларға көп жоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- кері байланысты (сыныптың жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
- білім алушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Интербелсенді әдістерді тиімді пайдалану үшін мұғалім өз жұмысын жан-жақты жоспарлауы тиіс:

- бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, олардың интербелсенді әдістемелер мен жұмыс тәжірибесіне сәйкес келетін тәсілдерді пайдалану;
- оқушылар үшін тақырыпты игерудің «кілті» болатын интербелсенді жаттығуларды іріктеу;
- әрбір оқушының жұмыс қарқынын және оның қабілеттерін есепке алу;
- бір сабақта интербелсенді әдістердің бірнеше түрін қолдану.

Интербелсенді әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б. Мысал ретінде алып қарастыратын болсақ:

«Ыстық орындық» әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

«Өзіңізді тексеріңіз» әдісі. Бұл мәлімет **ШЫНДЫҚ** па немесе **ЖАЛҒАН** ба? Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар-жоғын анықтайды.

Рөлдік ойын

Рөльдік ойындар – тиімді интербелсенді әдістердің бірі. Адам жадында бірінші мезетте өзінің жасағаны мен бастан кешкен әсерлері қалады. Ал рөлдік ойындар оқушылардың өздерін басқа адамдардың орнына қойып, мәселе немесе проблеманың солардың тұрғысынан қарастырып, шешімді өз «қолдарымен» жасауды меңзейді.

ЖИГСО әдісі.

Оқушылардың 4-5 топқа бөлеміз. Тақырыпты, (мақаланы) топтың санына қарай, мазмұнына қарай бөліп береміз. 1, 2, 3, 4, 5 – әрбір топ өкілдері берілген бөліктерді оқиды. Топтағы оқушылар өзара пікір алмасады, ортақ тапсырма жасайды. Әр топ өз лидерін тақтаға шығарады. Ол оқушы оқыған білгенінің мазмұнын түсіндіреді.

«Сиқырлы айна» әдісі.

Бұл әдісті сабақ соңында алуға болады. Оқушылардың көңіл күйлерін сұрау мақсатында сергіту сәтін алуға болады. Оқушылар ш еңберге тұрып, бір-біріне қарап, сұрақтар қояды, қарсы тұрған оқушы сол сұраққа жауап беруі тиіс. Орындарымен алмасып отырады.

Интербелсенді әдіске сондай-ақ әртүрлі көмекші құралдарды, яғни ақпараттық қорларды пайдалану: интербелсенді тақта, бейнематериалдар, слайдтар, флип-чарттар, компьютерлер, бейнефильмдер мен бейнесюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды пайдалана отырып, таныстырулар жатады.

Интербелсенді әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
- педагогикалық қолдау көрсету.

«Егер біз бүгін балаларымызды кешегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз» деп, Дж. Дьюи айтқандай, қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Сондықтан оқу-тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр педагогтің басты міндеті.

Бастауыш сынып оқушылары жалпы алғыр, шапшаң, сезімтал, ештеңені жасырмай еркін айтады. Мақтау сүйгіш, мұғалімнің жетегіне тез ілескіш, үлкендердің ой-пікіріне сүйенеді. Сондықтан баланың шығармашылығын дамытуда ұстаздың көп еңбек сіңіруіне тура келеді. Баланың қиялын дамытып, ойын ілгері жетектеуде мұғалім оқушыға үнемі шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын нұсқап көрсетсе, онда балалардың өздері де ізденіске түседі.

Интербелсенді әдістерде басты назарды «үдеріске», яғни үйрену үдерісінің өзіне, білім алушылардың «қалай» және «қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне» аударады. Яғни, интербелсенді сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Осы жерде білім алушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету.

Интербелсенді оқытудың мәні мынада, оқу үдерісі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды, түсінуге және рефлекстеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным үдерісінде білім алушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі.

Дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан әлемдегі дамыған елдер сияқты тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі – жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Нағыз өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге ие бола алады. Ал білікті маман болу үшін көп ізденіс керек екені даусыз.

Қорыта келгенде, осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушылардың білімін көтеруге, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, баланың өз бетімен ізденуіне зор ықпалын тигізеді. Бала бойындағы қабілетті ашу оқушының шығармашылықпен дамуына жол ашу дегенді білдіреді. Жүйелі түрде жүргізілген жұмыстар оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып,

шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандыруда, жалпы білімін көтеруде интербелсенді әдістердің маңызы зор. Қай пәнде болсын оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыта оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, ынтасын дамыта түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар: Оқу құралы – Өскемен, 2005.
2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Алматы, 2006.
3. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.
4. Анарбекова А.А. Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру // «Білім беру мазмұнын жаңарту идеялары бастауышта: теория, тәжірибе және нәтиже» республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдар жинағы / «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ. Қызылорда: 2021. – 33-35 бб.

БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қордабаева Кенжегүл Әлкенқызы
Қызылорда қаласы І.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

Еліміздегі білім беру жүйесін реформалау нәтижесінде айқындалған жаңа бағыттар болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беруде оларды қоғамның жаңа жағдайында өмір сүруге дайындайтын нақтылы бір оқыту құралдарын табу мәселелерін көздейді. Бұл қадамдар білім беру мазмұнын, оқытудың әдістері мен тәсілдерін қолданудың жаңа жүйесін құруды ұсынады. Сондықтан да, оқушылардың шығармашылық және ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, тұтас ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін заманауи әдістерді қалыптастыру қажет. Қазіргі мектептің басты мақсаты – әр оқушының қабілетін ашу, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны өмірге дайындау, заманауи білім, дағдылар мен қасиеттерді дамыту. Белсенді әдістерді қолдану арқылы мұғалім оқушыны ойлануға, практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасайды. Жеке тұлғаның белсенділігі педагогикалық, психологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Белсенділіктің басым бөлігі бастауыш сыныпта қалыптасады.

Оқытудың белсенді әдістері – бұл оқу материалдарын игеру үдерісінде оқушылардың ойлау және практикалық іс-әрекетінің белсенділігі мен әртүрлілігін қамтамасыз ететін әдістер жүйесі.

Белсенді оқыту әдістерінің басты принципі – оқушылардың «мен істей алмаймын», «мен білмеймін» деген ұстанымдарына тосқауыл қою. Еркін кеңістік принципін ұстану арқылы оқушылар еркін қозғалып, топта бірігіп, мәселені шешуге, тапсырманы орындауға талпыныс жасайды.

Жаратылыстану бағытында жүргізілетін «Дүниетану» пәнінде белсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылардың ғылыми дүниетанымын дамытуға болады. Себебі, Дүниетану интеграциялық пән ретінде, биология, география, химия, экология сияқты пәндердің негізін үйретеді. Бастауыш сынып оқушысы ғылыми ұғымдармен таныса отырып, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады. «Кластер», «Ми шабуылы» сияқты белсенді әдістерді сабақ үрдісінде қолдануға

болады. Ол, оқушылардың логикалық ойлау дағдысын дамытады.

Табиғатта болатын өзгерістер, табиғат құбылыстары (көктем, жаз, күз және қысқы мезгілдердегі маусымдық өзгерістер, туған жердің табиғаты, табиғатты қорғау т.б.) мәселелерді зерттеу үшін жоба әдісінің маңызы зор.

Жобаны жазу барысында оқушылар тақырыпқа байланысты фактілер мен аргументтер іздестіреді. Тапсырмаларды орындау барысында оқушыдан ақпаратты жүйелеу және талдау, фактілерді, құбылыстарды жалпылау, қорытынды жасау қабілеті талап етіледі. Дүниетану сабағында адам, табиғат, қоғам арасындағы интеграциялық байланысты және табиғи үйлесімділікті оқушылар көреді. Қоршаған ортада болатын әртүрлі құбылыстарды сезіну арқылы олардың таным мүмкіндіктері артады. Дүниетану пәнінде оқушылардың алғашқы зерттеу әрекеттері қалыптасады.

Осындай жұмыс түрлері оқушының зерттеушілік мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі. Сабақ үрдісінде әртүрлі әдістерді қолдану дидактикалық принциптерді дамытуға және әдістемелік тәжірибені жетілдіруге көмектеседі.

Қазақ тілінде үй тапсырмасын тексеру **барысында «Ақиқат, жалған»** әдісін қолдануға болады. Топтағы оқушылардың алдында қызыл және жасыл түсті қиылған қағаздар беріледі. Мысалы, «Дыбыстар екіге бөлінеді, дауысты және дауыссыз; н-дауыссыз үнді дыбыс»- деп белгілі бір тұжырымды айтқан кезде оқушылар ақиқат болса жасыл түсті қағазды, жалған болса қызыл түсті қағазды көрсетуі керек. Бұл әдіс оқушыдан шапшаңдықты талап етеді.

«Жалғасын тап» әдісі үй тапсырмасын тексеруде тиімді әдістің бірі. Оны ұйымдастыру үшін сөйлемнің басы жазылған парақшаларды оқушыларға таратып, әрі қарай олар ойды жалғастырып сөйлемді толықтырады. Сөйтіп, мәтін мазмұнын өздері шығарады, барлық оқушы қатысады.

Белсенді әдістердің бірі – «Үштік әдіс». Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады. Оқушылар бірнеше жұптарға бөлінеді. Бірінші оқушы мәтінді оқиды немесе мазмұндайды, екінші оқушы тыңдайды, үшінші оқушы керек жерлерін түртіп алады, кейін өз пікірін айтады. Бұл әдіс оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау шеберлігін дамытады.

Оқыту үрдісінде мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы гумандық педагогиканың принциптеріне негізделеді. Бірақ, мұғалім педагогикалық үрдістің негізгі ұйымдастырушысы болып табылады.

Оқушы пассивті тыңдаушы емес, сұрақтар қояды, өз идеяларын, шешімдерін ұсынады, яғни, ол оқу қызметінің субъектісі болады;

- тақырыптар, мәселелер бірлесіп талқылау барысында қалыптасады;
- мұғалім сабақ кезеңдерін өзгерте алады;
- оқытуда демократиялық стиль қолданылады;
- шығармашылық тапсырмалар беріледі [4].

Қорыта келе, белсенді әдістерді сабақта тиімді қолдану, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушы өз ой-пікірін еркін, ашық айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, ұжымда ынтымақтастық атмосфера қалыптасады.

ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ – ЖАХАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Меңлібаева Ақгүл Қайырбекқызы
Қызылорда қаласы Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің ұйымдастырушы педагогы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады. Сол сияқты тәрбие тұжырымдамасында тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қағидаларында этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім жөнінде атап көрсеткен.

Біз тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының бағыттарының ішінде мынадай бағыт айқындалғанын білеміз: Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру белгіленген. Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден -ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде Әл-Фараби «Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез-құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне сайма-сай келеді» деген ойы арқылы қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер қалыптастыру керектігі туралы ой айтады. Бүгінгі күндегі Еліміздің егемендікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды. Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады. Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған. Оны Қазыбек би өз сөзінде былай келтіреді: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Еліміздің құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз; асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» дей отырып, қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы қажырлығын, жанын аямайтын патриоттығын, такаппарлығын көрсетеді. Олай болса, біз жастарға осындай ұлағатты сөздерді санасына сіңіру арқылы, оның өз ата-тегін, ұлтын, халқын силауға, Отанын

сүюге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға бағыт береміз.

Қазақ халқының өз елін шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болып өлең-жырға қосылған Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қабанбай т.б. батырлар жастайынан халық тәрбиесінің бесігінде тербеліп өскен, елін, жерін сүйген батырлар. Мұндай батырларға арналған батырлар жыры да қазақтың елін, жерін, Отанын сүюінің негізі болып табылады. Қазақтың ұлтжандылығы, отансүйгіштігі ертеден қалыптасқан. Оған қазақтың мақал-мәтелдері де дәлел. Мәселен, туған жер-отан туралы мақалдар-мәтелдерде: «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас» т.б. болып кете береді. Мұндай мақал-мәтелдердің өзі қазақтың елін, жерін, Отанын сүюіне негізделіп, өз елін, туған жерін құрметтеуге табиғатын сүюге жастарды тәрбиелеу көне заманнан өзімен бірге дамып келе жатқанын есімізде ұстағанымыз жөн…

Бүгінгі күндегі патриоттық сана-сезімнің әлсіреуі, адамдардың өз елі мен оның жетістіктері үшін ұлттық мақтаныш сезімінің өзгеруі – бұл қоғамның өнегесіздenуінің, халықтың тұрақсыздануы мен ыдыраушылығының ажырамас сипаты. Қазірде Қазақстанда Отанға деген сүйіспеншілік қоғамдық қатынастарды демократияландыру және гуманизмдендіру негізінде патриотизмге тәрбиелеу қажет.

Ұлы дала ұландарының кемел болашағы, «Мәңгілік Ел» ертеңі ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениетіне, саналы ойлау, бәсекелік қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету мақсатындағы әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, терең білімді, ізденімпаз, шығармашылық қағиданы ұстанатын тұлғаны тәрбиелеу ісінде «жаңа қазақстандық патриоттық тәрбие беру» мәселесінің маңыздылығы ерекшеліп тұр. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, мемлекет, атамекен (сакралді география), туған жер, туған ел, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлектік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сезімдерін қалыптастыру жүзеге асырылады.

Экс-президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында ең басты қағидалардың бірі «Ұлттық бірегейлікті сақтау» деп анықталған: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу». Ұлттық сана-сезім, ұлтқа жанашырлық-патриоттық тәрбие берудің, саналы, парасаты мол азаматты тәрбиелеудің негізгі діңгегі, өзегі. Қазақстан жағдайындағы патриоттық тәрбие беру мәселесінің ерекшелігін де күн тәртібінен тыс қарастыруға болмайды. Себебі көпұлтты мемлекетіміздің халқы этносаралық қарым-қатынас орнатуда патриоттық қағидалардан тыс кемелдене алмайды. Ұлтаралық, этносаралық татулық – қазақстандық патриотизмнің бөлінбес құндылығы деп қарастырамыз. Осы құндылық арқылы бағдарламада негізгі бағыттардың бірі «Сананың ашықтығы» жүзеге асырылады. Бұл бағыт пен «қазақстандық патриотизм» мәні тығыз байланыста екенін елін, жерін көркейту ісінде қазақ жерін Отаным деп таныған ұлттар мен этностардың, әлемнің озық тәжірибесін есепке алу үрдісі айқындап береді. «Татулық», «бірлік» ұғымдары «қазақстандық патриотизмнің» құндылықтары ретінде әр қазақстандықтың бойына туғаннан сіңірелітіні белгілі.

Өскелең ұрпақ тәрбиесінде «қазақстандық патриотизм» білімге құштарлық пен әлемнің жаңашылдыққа бағытталған сандық технологияларын (цифровизация) игерусіз түпкі мақсатына жетпейтіні анық. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде өзегі өзгермейтін мәселенің бірегейі – «Білімнің салтанат құруы» бағыты. Бұл орайда өскелең ұрпақтың бойына саналы түрде ес білгеннен бастап «білім» категориясының адам өміріндегі басты құндылық екенін сіңірту, дәріптеу ісі дұрыс жолға қойылуы керек. Білімі таяз адам саналы түрде патриот болуы екіталай. Сондықтан «Саналы азамат» тәрбиелеуде білім алудың, алған білімі арқылы еліне қызмет жасау қағидалары негізгі діңгек болып табылады. Көкірегі ояу, зердесі ашық, білімі кемел,

біліктілігі жоғары, санасы биік тұлға ғана еліне еңбегін риясыз сіңіруге дайын болады.

Өз халқыңның тарихының өнегелі жақтарын білу, өз еліңнің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, оларға сай болу патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тұрғыда алғанда, республикамыздың оқу-тәрбие мекемелерінде белгілі деңгейде әр түрлі шаралар жүргізілуде. Қазақстан тарихы мектептерде, орта арнаулы және жоғары білім беру мекемелерінде оқытылуда, тарихтың жарқын беттері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталуда, қаһармандарымыздың есімдері ұлықталып, олардың аттары елді мекендерге, көшелерге, мектептерге, түрлі мекемелерге берілуде. Алайда тарихтың ақтаңдақтарын жеткіліксіз оқып-үйрену, түрлі тарихи және ғылыми теориялардың арасындағы келіспеушіліктер мен айырмашылықтар, жастардың төл тарихына деген қызығушылығының айтарлықтай аз болуы, өзге, әсіресе батыстық идеология мен теориялардың басымдық ықпалы бұған көп кедергі жасауда. Көп ретте жастардың бұқаралық, тіпті кейде арзан мәдениетке елтіп, этномәдени, дәстүрлі, ұлттық бастаулардан алыстап кетуі, өкінішке қарай, қалыпты және кеңінен тараған үрдіске айналды. Біздің ойымызша, одан шығудың басты жолы – қазіргі білім беру мекемелерінде этномәдени білім мен тәрбие беруге ерекше көңіл бөлу.

Патриоттық сезім отбасынан басталады. Өкінішке қарай, нарықтық қатынастардың кеңінен орын алуы, ересектердің тәрбиеге жеткіліксіз көңіл бөлуі, ата-аналардың уақытының жетіспеушілігі мен қолдарының тимеуі отбасындағы жастар тәрбиесінің ролін түсірді. Әрине, мұндай жағдайларда өзінің ескі арнасын жоғалтқан патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру мен оған тәрбиелеудің жаңа жолға оңайлықпен түсіп кете алмасы анық.

Патриоттық сананы қоғамдық өмірде бекітетін бірден-бір институт – жоғары оқу орындары мен басқа да білім мен тәрбие беру мекемелері. Олардың көмегімен патриоттық сана қоғамдық өмірге бекітіліп, мемлекет тарапынан қолдауға және бағдарлауға ие болады. Студент жастар қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орын алады. Ендеше, қазіргі студент жастар өздерінің тұлғалық-кәсіби нығаюға бет алуының жоғары деңгейімен, шығармашылық потенциалымен, Қазақстанның әлеуметтік жаңғыру процесіне шынайы іс жүзінде қатысуға деген белсенді қызығушылығымен, қоғамдық өмірдің түрліше жақтарына, өзінің әлеуметтік бағдарларына деген даралық көзқарастарымен ерекшеленуі тиіс. Олар еліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуының анықтаушы күші де болып табылады. Олай болса, студент жастардың тұрмысы мен болмысына, тәлімі мен тағылымына үстірт қарауға болмайды. Бұл туралы Президент Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуына қатысты жақында жазылған Бағдарламалық тапсырмалық мақаласында ерекше ескерте келіп: «Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды»- деген болатын. Осы ұстанымды басшылыққа алатын болсақ, бізге, жоғары оқу орындары ұстаздарына, тек оқу және оқыту процесстерін төңіректемей, жастар болмысына әсер ететін құбылыстарды тұтастыра қарағанымыз жөн.

Тәуелсіздік – елдің биік те қасиетті ұғымдарының бірі, ал отансүйгіштік – біздің халықты біріктіретін Қазақстанның бірлігі мен жалпыұлттық идеясының негізі болып табылады. Ол аса маңызды стратегиялық, ұлттық, мәдени және т.б. проблемаларды шешуге бағытталған қоғамның маңызды мобилизациялық ресурстарының формасы. Мемлекеттің саяси құжаттарында нақты белгіленген патриотизмнің ықтималды нәтижесі ел азаматтарының нақты іс-әрекеттерінен көрінуі тиіс. Себебі, азамат, патриот болу үшін батыр немесе асқан ерекше адам болудың қажеті жоқ. Тек өз Отанынды жеткілікті дәрежеде сүюің, ол үшін қам жеуің, оның барлық қиындығы мен қуанышын бірге бөлісуің қажет. Жақындағы Бағдарламалық мақаласында Мемлекет басшысы сынға алған, «мен

қоғам ішіндемін» деген масылдық психологиядан, «қоғам, немесе, көпшілік солай болса мен қайтем» деген әрекетсіздікке, бойкүйездікке бастайтын ойдан «Отан менде жатыр» деген ойға көшу абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // http: kk.wikipedia.org/wiki
2. Б.Ғ.Аяған, Х.М.Әбжанов, Д.А.Махат. Қазіргі Қазақстан тарихы. - Алматы: Раритет, 2010. - 448 б.
3. Қ.Сұлтанов. Серпінді кезең. - Астана: Елорда, 2005. -608 б.
4. С.Абрахманов. Тәуелсіздік шежіресі. - Алматы: Атамұра, 2006. -392 б.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Мереева Асылзат Маликовна

Қызылорда облысы, Арал ауданындағы №59 орта мектептің дефектолог-мұғалімі

Адамның ең маңызды игілігі жеке басының бостандығы мен құқықтары болып табылады, бұл құқықтар мен бостандықты қорғау, әлеуметтік қолдау, оны іске асыру механизмдері конституциялық-құқықтық жарықтарда және адам құқығы туралы халықаралық құжаттарда белгіленген. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы Заңның 4 Тарауында кемтар балалардың құқықтары бекітілген, нақты атааналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. 15 бап кемтар балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды кепіл түрде тегін алуға құқығын бекітті. [1]

Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға енгізу, әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру. Көптеген ғасырлар бойы «адамзат» әр түрлі ғылым салаларының басты объектісі болып келеді, себебі ғылым мен адамзат бір бірімен тығыз байланыста келеді. Өз тарихын, мәдениетін, табиғи болмысын танып білуге деген адамзат құштарлығының шегі болған емес. Осы таным жолында психология ғылымының орны аса зор әрі ерекше. Адам болмысының табиғаты, оның саналы қоғам шеңберінде өркендеуі мен қалыптасуы, айналасындағы басқа адамдармен қарым қатынасының ерекшеліктері психология ғылымының негізінде жатыр. Адамның даму заңдары мен болмысының мүмкіндіктері жөніндегі білімдер жүйесі бүкіл қоғамның дамуы үшін өте қажет. Көп жағдайда адамдардың жеке және ұжымдық әрекеттерінің механизі, әрекет, әлеуметтік бағыт, тәртіп стереотиптерінің қалыптасу заңдылықтары жөніндегі білімдерді пайдаланбай, сезім, психологиялық климатты танып білмей, жеке адамның ерекшеліктері мен психологиялық қасиеттерін,қабілетін, сезімін, мінезін, адам аралық қатынастарын зерттемей, әлеуметтік процестер мен құбылыстардың мәні толық ашылмайды. Яғни, әлеуметтік процестерді зерттеуде психологиялық факторларды ескеру-заңды қажеттілік. Осыған орай, психология бірнеше салаға бөлінген. Соның бірі – әлеуметтік психология [1]. Әлеуметтік психология-адамдардың әр түрлі ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған топтарында көрініс беретін психикалық болмысын зерттеумен айналысады. Әлеуметтік психология бүгінгі таңда ерекше сұранысқа ие. Өйткені әлемдік проблемаларды шешуден бастап, адам қашанда топтың өкілі болғандықтан,оның ортаға бейімделуі, күнделікті тұрмыстағы кездесетін қақтығыс, күйзелістерді зерттеп, қажетті шешімдерге қол жеткізуге болады.

Адам баласында өмірге келген сәттен бастап, белгілі ортаға бейімделу процесі жүреді. Психологияда бұл процесті адаптация деп атайды. Адаптация-жеке адамның немесе әлеуметтік топтың ортамен әрекеттестігі, оған осы ортаның нормалары мен құндылықтарын игеру, сонысымен қатар ортаның мақсатына сәйкес өзгеруі, қайта құрылуы жатады.

«Бейімделу» (адаптация) ұғымы психологияда адамның қоршаған орта жағдайына бейімделуін білдіреді. Бұл ұғым индивид пен ортаның тепе-теңдік байланыстары туралы гештальтпсихология, ақыл-ойдың даму теориясы сияқты психологиялық концепцияларда да маңызды орын алады. Бұл терминді еңгізген Г.Селье. Үш стадиядан тұрады:

1. Алаңдау стадиясы – бір неше сағат немесе екі күн созылуы мүмкін, мұнда адамға белгілі әсер келіп адам одан қорғануға тырысады;

2. Қарсы шығу стадиясы – адам әсерге қарсыланады;

3. Тұрақтану немесе әлсіздену стадиясы.

Бейімделудің негізгі түрлері-сенсорлық бейімделу мен әлеуметтік бейімделу. Сенсорлық бейімделу-түйсіктердің бейімделуі. Әлеуметтік бейімделу – бейімделудің еңжоғары дәрежесі, бір жағынан, үнемі жүретін индивидтің әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, екінші жағынан, бұл процестің нәтижесі. Осы екі компоненттің өзара қатынасы индивидтің қажеттіліктеріне, оларды қанағаттандыру мүмкіндігіне тәуелді. Бейімделу үздіксіз жүретін процесс болса да, оны әдетте, адамның өмірінде негізгі әрекеттердің және әлеуметтік ортаның ауысуымен байланыстырады. Психологиялық бейімделудің негізгі көріністері – адамның айналасындағы адамдармен белсенді қарым-қатынас жасауы. Психологиялық бейімделудің басты құралы – тәрбие, білім, еңбек және кәсіби даярлық болып табылады. Психологиялық адаптация, адам өміріндегі кез келген өзгерістерде жүзеге асады. Мысалы, «үйкүшік» баланың балабақшаға келген соң, жаңа жағдайларға бейімделуіне тура келеді. Мектепке келу-жаңа талаптарды орындауға, жаңа жағдайларға бейімделуді қажет етеді. Еңбек жолын бастаған жастарда, бейімделу кезеңін басынан кешіреді. Тіпті микросоциумдағы (отбасы) өзгерістер: ата-аналардың ажырасуы немесе жақын адамдардың қайтыс болуы т.б. жаңа жағдайлар туғызады [2]. Әлеуметтік бейімделу тек дені сау адамдардың ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың да әлеуметтік ортаға қосылуы, қоғамда өмір сүруге бейімделуі. Мүгедек бала – тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам. Мүмкіндігі шектеулі балаларда бейімделу үдерісі үнемі сәтті, қиындықсыз бола бермейді. Кейде, адекватты емес мінез-құлық реакциялары, қиын психологиялық ситуациялар туындайды. Бір сөзбен айтқанда, дезадаптация пайда болады. Балалардағы дезадаптация күйі оңай пайда болғанмен, адаптация үдерістері ұзақ уақытқа созылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделу немесе адаптация қиындықтарын жеңілдету, психикалық дамуын қалыпты балалардың психикалық дамуы деңгейіне жақындату коррекция және компенсация жолдарымен жүзеге асады. Дәлірек айтқанда, коррекция (түзету) ұғымы психикалық және дене бітімдік дамудағы кемшіліктерді, психологиялық-педагогикалық және емдеу-сауықтыру шараларының жүйесі көмігімен түзету.

Бұл жүйе баланың психикасының, дене бітімінің ауытқуларын жеңілдетуге және жоюға бағытталады. Дамудағы ауытқуды түзету немесе коррекция жасаудың тұтас тұжырымдамасын алғаш рет итальян педагогы М.Монтессори (1870-1952) жасады. Ол сезімдік тәжірибе мен моториканың дамуы автоматты түрде ойлауды дамытады, себебі олар ойлаудың алғышарттары деп есептейді. Көршілес мемлекет Ресейде түзету жұмысының теориясы мен тәжірбиесін дамытуда жетекші рөлді А.Н.Граборов (1885-1949) атқарды. Ол ақыл ойы кем балалармен жүргізілетін сабақтардың біртұтас жуйесін жасады. Бұл жүйенің құра-

мына нелер кіреді? Оған ойлау, есте сақтау үдерістерін дамытуға ықпал ететін әр түрлі ойындар, шыдамдылықты, төзімділікті қажет ететін қол еңбегі, топтық саяхаттар тәрізді маңызды әлеуметтік мазмұндағы жұмыстар енеді. Кемістіктердің орнын толтыруда психотерапияның рөлі ерекше маңызды. Ұзақ уақытқа дейін, психотерапевтік шаралар вербальды коммуникация, интеллект сияқты қалыпты дамыған адамға тән компоненттер негізінде ғана жүзеге асады деген теріс ұғым орын алып келді. Бірақ ақыл ойы кем балаларда интеллектуалды әрекеттік болатыны және психотерапияда вербальды емес әдістердің қолданылатыны дәлелденді, мысалы арттерапия. [3].

Олигрофрен оқушылармен психотерапевтік жұмыстар жүргізу барысында, нәтижесінде олардың зейін, қабылдау, есте сақтау қабілеттерінің артқанын, оқу әрекетінің арта түскендігін байқауға болады. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілген психотерапевтік жұмыстарда өз нәтижелерін көрсетіп келеді. Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен күнге көбеюде. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар, мұғалім және психологтың тарапынан шексіз, мейірімділіктің қажеттілігі бірден айқын байқалады. Бұл жұмыста үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірибе қажет. Қазіргі озық технология заманында мүмкіндігі шектеулі балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбеққор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ осы салада қызмет атқарып келе жатқан мамандарды шығармашылық жұмысттар мен инновациялық технология әдіс тәсілдерін іздеуге итермелейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік психологиялық түзету арқылы қолдаудың маңызы зор. Себебі, тұрмыс тіршілігіндегі шектелуді жою үшін жағдай жасауды қамтамасыз етіп, оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасау керек деп ойлаймын. Біздің Отанымызда да осы салаға байланысты арнайы сауықтыру орталықтары да жұмыс жасап келеді. Қазіргі уақытта республикалық арнайы түзету мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер тәрбиеленуде. Осы топқа жататын арнайы мектептерде сырқаттары және басқа себетерге байланысты оқуға мүмкіншіліктері жоқ оқушылардың жалпы орта мектептерде білім алуы қиыншылық туғызады. Осы себепті әлеуметтік тәрбиенің мәселелерін көре 45 білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау және қатарға қосу мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды міндет етіп алға қою керек. Егер, әлеуметтік педагогикалық үдерісте мүмкіндігі шектеулі балаға алғашқы сәттерде көмек беру үшін оның отбасын, ол өмір сүріп отырған ортасын зерттей алсақ, онда баланы өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға араластыру, бейімдеу, әлеуметтендіру мәселелеріне белсенді қатыстыру мүмкіндігі туады. Лев Семенович Выготский: «Бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі – бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары, екіншісі – кемістігін қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері». деп атап көрсетеді [4]. Тек осыдан кейін әлеуметтік психологиялық үдерісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын, білімді, мәдениетті, еңбеққор және тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігі туар еді. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік меңгеруіміз керек. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін психолог, емдік физкультура, логопед, олигофренопедагог мамандарының арнайы тапсырмалары өте қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік бейімделудегі, тәрбиелудегі кемшіліктерді жеңу үшін атааналар мен бірігіп арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру қажет және оны неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым әлеуметтік бейімделуде нәтижелі болады. Қазіргі

таңда, еліміздегі мүмкіншілігі шектеулі балалар санының көбеюі деңсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жылдан жылға мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрып келеді. Үкіметіміздің мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған көптеген көмектерінің ішінде үйде әлеуметтік көмек беру ерекше орын алады. Үйде әлеуметтік көмек беру барлық мүгедек балаларға емес, олардың ішінде өзөзіне қызмет етуі төмен, қозғалысы нашар, үйде оқитын, үйде тәрбиеленетін және ешқандай бағдарламамен оқуға жарамсыз балалар мен жасөпірімдерге көрсетіледі [5].

Педагог-психологтың міндеті мүмкіндігі шектеулі балалардың жан айқайын қоғамға жеткізу, яғни бала ағзасындағы ауытқулар мен бөгеттердің себеп-салдарын анықтап, олардың отбасындағы қарымқатынастарын дамытып, дені сау баламен араласауына жағдай туғызу болып табылады. Тәрбиелеу барысында, жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Осы атқарылып жатқан игі істердің барлығы мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда өз орынын табуға, дені сау балалар тәрізді білім алуына мүмкіндік жасайды.

Қорытындылай келе, қоғамда тек дені сау балалар дүниеге келуі керек. ЕББҚ балаларды әлеуметтік психологиялық бейімдеу арқылы заман талабына сай білім беріп қана қоймай, тәрбиелеп, оларды қоғам өміріне өз пайдасын тигізуге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңы. – 2005.

2. Ф.Бизақова, Ш.Мамашбаева. Отбасылық дағдарыс психологиясы. Астана: Фолиант, 2010.

3. З.Ж.Жаназарова. Социальная работа с дезадаптированными детьми // Социальная литература в файле работа: учебное пособие / под ред. Г.С.Абдрайымовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 548 с.

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ӘДІСТЕРІ

Нуржанова Гулзинат Нурлановна

Қызылорда қаласы Б.Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқарасты болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету. Әрине, бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті, қабылдау мүмкіндіктері әртүрлі болады. Дегенмен, әр баланың бір нәрсеге бейімділігі мен қабілеті болатындығы анық.

Бейімділік – оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Баланың жасырын, тіпті тым терең жатқан қабілеттерінің көрінуін мүмкіндік жасау тек оқыту үрдісі кезінде үлкендердің басшылығымен жүзеге асады. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себепті, балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Әр баланың бойында бар шығармашылық қабілетті оятуға, еңбек-

шілдікке баулуға, өзін-өзі түсініп, шамасын біле алуына, шығармашылықтың алғашқы қадамын жасауына, өмірін қуанышты, бақытты, толымды етуіне мұғалімдердің тигізер ықпалы зор.

Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру – әрбір мұғалімнің міндеті.

Шығармашылық жұмысқа үйрету кезінде мына ережелерге сүйенген жөн.

1. Оқушы, әсіресе, бастауыш сынып оқушысы нақтылы бір зат жасай алмайды. Демек, шығармашылық тапсырманы оқу барысында игерген біліміне сәйкес және оны сол тапсырманы орындауға мүмкіндігінше толық қолдана алатындай етіп беру керек.

2. Тапсырылған шығармашылық жұмыстар сауатты түрде орындалатын болуы шарт. Ережені білу топтастыру оны тәжірибеде іскерлікпен пайдалана алу шеберлікке әкеп тірейді. Нақтылы бір істі атқаруда шығармашылық қиялды үстірт пайдалануға жол беруге болмайды.

3. Бастауыш сынып оқушылары көп жағдайда шығармашылық жұмысты сауатты атқара алмайды. Сондықтан мұғалім тапсырманы біртіндеп күрделендіре отырып, негізгі үлгіге байланып қалмай, мөлшерлете орындатып отыруы шарт.

4. Бастауыш сынып оқушысының шығармашылық іс-әрекетін біз оның дербестігімен бірлікте қарап, аралыққа шек қоймай, бір-бірімен тығыз байланыстырып және бірінің дамуына екіншісі ықпал жасайтын жағдай туғызуымыз қажет. Баланың өзіндік шығармашылық тапсырманы орындауы жұмыс мөлшерін өзі айқындауынан көрінеді [3].

Шығармашылық жұмысты орындау барысында ғылыми-көпшілік әдебиеттердің маңызы зор. Оқушылармен жұмыс істеу барысында сыныпқа бірнеше журналдар әкеліп, оқығыларың келгенін оқыңдар деп алдарына беремін. Керекті мағлұматтарды балаларға арналған журналдардан алуға болады. Осы журналдарды оқуды дағдыға айналдыруға аса көңіл бөлемін. Мұндағы мақсат – балалар өздері оқыған мақаланың мазмұнын алдағы бір сабақта қысқаша айтып беретін болуы тиіс. Қысқаша мазмұндауға балалар тез үйреніп дағдыланады. Оқығанын мұғалімге беріп, жаңасын алады. Осындай өздігінен оқудың тигізер пайдасы зор. Тіпті журналды оқымай-ақ, айтушыдан тыңдаған балалар ғылымның, техника мен өнердің түрлі саласынан мәлімет алады, ал ықыластана оқып тыңдаған материалдар балалардың жадында жақсы сақталып, ғылым мен техниканың жалпы бағыты жөнінен хабардар болады.

Әдебиеттік оқу пәнінің мақсаты – бастауыш сынып оқушысының жоғары сыныптардағы әдебиеттің жүйелі курсын меңгеруге дайындау, олардың әдеби сауатын ашу, оқу әрекетін қалыптастыру барысында көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, ұлтжандылық сана-сезімін дамыту, сөз өнерін шығармашылықпен игеруіне жағдай туғызу болып табылады [2].

Мақсатқа жету үшін бастауыш сыныптың әр жылында жүйелі міндеттерді табысты орындау қажеттілігі туындайды. Отандық және әлемдік классикалық балалар әдебиеті фольклорымен, көркем шығармалардың әртүрлі жанрларымен уақытылы таныстыру, оқыған шығармалары бойынша сыныптан тыс шараларды кезең-кезеңімен ұйымдастыру мұғалімнен ыждағаттылықты, балалар алдында және нәтижеге жету мақсаткерлігін қалыптастыруда үлкен жауапкершілікті және аса қызығушылықты талап етеді.

Бастауыш білім беру деңгейінде оқу техникасын меңгерту, мәтінді саналы қабылдауын қамтамасыз ету, мәтін мазмұны арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды

қалыптастыру міндетімен біртұтастықта қаралады. Оқушылардың оқырмандық қабілеттерін қалыптастыру, шығармаларға талдау жасау арқылы жекелеген әдеби-теориялық ұғымдармен таныстыру, оқушылардың сөздік қоры мен жазба тілін дамыту мен өзіндік көзқарасы мен шығармашылығын қалыптастыру міндеттерін орындау асқан шеберлікті қажет етеді. Оқулықта шығармалар ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, дене, экономикалық, экологиялық, эстетикалық, құқықтық және патриоттық тәрбие мен білім беретіндей әдеби-көркем шығармалар іріктеліп берілген. Ол шығармалар – халық ауыз әдебиетінен қазақ, орыс және шетел жазушыларының қаламынан туған мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, аңыз-әңгімелер.

Әдістемелік жағынан бұл шығармалармен дұрыс жұмыс жасау арқылы оқушылардың бойында әдеби-танымдық және эстетикалық қызығушылықты оятуға, шығармашылық қиялын дамытуға, көркем әдебиетке, оқуға деген ықыласын арттыруға мүмкіндік мол болады. Шығармалар оқушылардың жоғарғы эстетикалық талғамдарын қалыптастыруға, әдеби шығармалар арқылы туған елін, табиғатын түсінуге тәрбиелейді.

Кіші жастан бастап мәтіндермен жұмыс жасау барысында контекстегі сөздердің мағынасын түсінуіне, мазмұндағы оқиғалар немесе кейіпкерлерге байланысты ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата алуға уақытылы бағыттап отырған дұрыс. Екі тақырып немесе тарау бойынша, кейіпкерлер бойынша жан-жақты талдауларды жасауға дағдыландырудың пайдасы өте зор. Талдау барысында өздері қандай қиын сөздер кездескенін, қандай ойды дұрыс қабылдай алмағандығын сұрап отырған дұрыс.

Сонымен қатар, осы пәнді оқытудағы бір үлкен мәселе – таныс емес мәтіндерді тіл нормаларына сай оқи білу, логикалық ойды сақтау, мәтін бойынша сұрақтарға жауап іздеу, өздері сұрақтар қоя білуі. Егер осы мәселелерді сабақ барысында дұрыс жолға қойып, орындай алатын болсақ, біздің оқушыларымыз шығарманың негізгі ойын анықтауға да машықтанады.

Мәтінді толық және саналы меңгеру үшін мәтін мазмұнын қысқаша және жоспар бойынша толық талдап әңгімелеуге дағдыландырған дұрыс. Оқу немесе әңгімелеу барысында ой екпінін, дауыс ырғағын, дауыс күшін, кідірісін, қарқынын сақтап оқытуға, яғни мәнерлеп оқудың құраушыларын қолдана алуға үйрету өте өзекті болып табылады.

Бастауыш сыныпта әдебиетті оқытуда басты назарда ұстайтын тағы бір жайт, ол оқушылардың негізгі мектепте әдебиетті оқытуға даярлау қажеттігін ұмытпау. Қазақ ауыз әдебиеті басты жанрлары: ертегілер, тұрмыс-салт жырлары, аңыздар, батырлар жыры, шешендік сөздер, айтыс, тыйым сөздер, мақал-мәтел, жаңылтпаш, т.б. негізгі сипаттарын білуін қамтамасыз ету. Жанр түрлерінен, өлең, ғылыми-танымдық шығарма, жарнамалық мәтіндерден, халық ауыз әдебиеті үлгілерінен, әңгіме, мысалдарды пайдаланатындай сабақтан тыс шараларды ұйымдастырған жөн.

Мерекелі күндеріне байланысты сынып сағаттарында, жалпы қатар сыныптастар арасында, барлық бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен, тағы да басқа жағдайларда сайыстар, мәнерлеп оқу, жазба жұмыстары, жарнамалау тұсаукесерлерін, байқауларын шеберлікпен ұйымдастыруға әбден болады. Оқу жылында түрлі іс-шараларды әртүрлі жанрда өткізіп отырса, оқушылардың қызығушылықтары артып қана қоймайды, олардың икем-дағдылары дамиды, бір-бірімен қарым-қатынаста дамуға, бақытты балалық шақтарын мазмұнды жұмыстармен одан әрі байытуға мүмкіндік алады.

Сыныптық сабақ пен сыныптас тыс жұмыстардың өзара ықпалдастығы оқушылардың әрекеттік қызмет нәтижелеріне оң ықпалын тигізері анық. Олар шығармашылық жұмыстарға қатысу арқылы барлығы бірдей әрекеттенуге үйренеді. Оқуға, жазуға, ізденуге, сараптауға, ақпараттарды іріктеуге, салыстыру, жүйелеу, жалпылау сияқты логикалық операцияларды жасауға машықтанады. Ал осы қабілеттердің сабақ сапасын арттыруға әсер етпеуі мүмкін емес.

Бастауыш сынып оқу бағдарламасы талап еткендей оқушылар оқиғаның ретін,

себеп-салдарын және уақытпен, шығарманың ел басынан өткен тарихи оқиғамен байланысын таба білуі, оқылған шығарманың тақырыбы мен идеясын атай алуы, шығармадағы оқиғаға өз көзқарасын білдіруі, мәтінді талқылау кезінде автор сөзін дәлел ретінде келтіре алуы, шығармалардағы іс-әрекетіне сәйкес кейіпкерлерге мінездеме бере білуі, мәтіндерден өзіне қажетті мәліметті таба алуды және оны берілген үлгіге сай өңдеп, жүйелеу білуі сияқты талаптар мұғалімнен үздіксіз ізденуді, аянбай еңбек етуді, креативті ойлауды талап етеді.

Осыған орай өз тәжірибемізден бірқатар жұмыстарды ұсынамыз:

1. Мәтін туралы ауызша және жазбаша пікір білдіруге талап қою;

2. Әдеби кейіпкерге, туысқандарына, достарына хат немесе құттықтаулар жазу;

3. Оқыған шығармалар негізінде хабарландыру немесе жарнамалар мәтінін, нұсқаулар құрастыру;

4. Оқыған бірнеше шығармаларынан тақырыптық кітапшалар дайындау;

5. Өзінің іс-әрекеті жайлы, оқудағы ілгерілеушіліктеріне күнделік жазу;

6. Таңдаған тақырыптары бойынша шығармашылық кітапша дайындау, ұнатқан өлеңдерінен, әңгімелерінен қысқаша үзінділер жазып, суреттермен безендіруге болады.

7. Жанр түрлерінен үлгі бойынша кітапшалар дайындау: ертегілер, тұрмыс-салт жырлары, аңыздар, батырлар жыры, шешендік сөздер, айтыс, тыйым сөздер, мақал-мәтел, жаңылтпаш, т.б. түрлерін қосу керек.

8. Үш команда бойынша зияткерлік сайыстар өткізу:

- мұғалімнің дайындаған мәтіні бойынша алған әсерлерін жазбаша түрде (7-8 сөйлеммен) білдіру;

- үй тапсырмасы бойынша жұмыс: мәтіннен үзіндіні және 1 өлеңді жатқа оқу (екеуін 2 оқушы орындайды);

- жеребе арқылы таңдаған заттарын жарнамалау: тіс пастасы, кроссовки, портфель, дәрумендер, жеміс түрлері т.б. заттарды ұсынуға болады. Кей жағдайда кейбір заттардың оң және теріс әсерлерін қатар көрсетуді де ұсынуға болады.

Бұл пәнді оқытуда өлең жолдарын, шумақтарын, ұйқастарын анықтауда, нақтылауда, оқушылардың логикалық ойын дамытуда математикамен, этикалық нормалармен құқықтар бойынша білім беруде, ұлттық дәстүрді дәріптеуде қоршаған дүниемен, кейіпкердің көңіл күйін, сезімін айқын білдіруде ән-әуезбен, әдемілікті, сұлулықты көріп, сезінуде бейнелеу өнерімен, еңбектің адам өміріндегі орнын түсіндіруде технологиямен пәнаралық байланысты да үйлесімділікпен жүзеге асыруға болады [5].

Сабақ үрдісінің ұйымдастырылуы да қазіргі жағдайда елеулі өзгерістердің енгізілуін қалайды. Кез келген мәселені оқушыларға бірге талдауға, талдау барысында өзара келісімге келуге, өз ойлары мен тұжырымдарын ортаға сала білуге жағдай жасаудың өзі – жаңарулардың бір көрінісі. Қиындық жағдайларда қисынды ойлай алатын, мәселенің шешімін табуда тек позитивті ойлай алатын, өзін-өзі басқарушы оқушы даярлай алатын кәсіби құзырлы мұғалім ретінде қайта қалыптаса алу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болса, бастауыш мектептің бұл мәселеде алатын орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіқадырова М.Е. Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту // «Жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы тиімді тәжірибе мен түйінді мәселелер» // Республикалық онлайн конференцияның материалдар жинағы// Қызылорда: «Өрлеу» Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ. 2019. – 81-84 бб.

2. Әбдікәрімов Т. Мәтін арқылы оқушының шығармашылық қабілеттін дамыту.

3. Ж.У. Кобдикова «Білім беру сапасын технологиялық амал негізінде басқару», 2010.

4. Ә. Қастеев Шығармашылықты жетілдіру – ұстаз парызы. «Қазақстан мектебі» журналы. №11 2008.

5. Р.С. Омарова. Шығармашылық ізденіске жетелейді. «Қазақстан мектебі», №4 2009.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА САРАЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Оспанова Назигуль Каниевна
Қызылордап қаласындағы Ozat school мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу.

Жалпы білім беру саласындағы жаңа саяси ұстанымның біртіндеп іс жүзіне асуы егемен еліміздің өркендеу бейнесінің бір көрінісі. Өркениетті елдер мен тереземіз тең болуы үшін әлемдік білім аясына кіргізуді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы жаңа сапалық деңгейге көтеруге көздейді. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшелігімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп, саралап оқытуды ұйымдастыру – бүгінгі мектеп өміріндегі өзекті мәселе.

Саралап оқыту әрекеті – білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудьщ жүйелік негізін Л.Вьютский, А.Леонтьев, Б.Ананьев, С.Рубинштейн т.б. ғалымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезеңіндегі оқу әрекеті В.Давыдов, Л.Занков, Ш.Амонашвили, т.б. зерттеулерінде карастырылады. Саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейімен белсенді әрекет арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін оқытушы алдымен, олардың ықылас-жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын, жалпы білім деңгейін зерттеуі қажет. Бұл ерекшеліктерді айқындау үшін білімді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындау; оқушы біліміне диагностика жүргізу, оқушыларға сауалнама, психологиялық тәжірибе жасау, ата-аналармен әңгіме жүргізу керек. Оқушылардың жеке ерекшеліктері сабақта сұрақ беру, кіріспе әңгіме, оқыған материалды т.б. тиянақтау сатыларында ескерілуі тиіс. Мәселен, үлгерімі жақсы оқушыларға берілген сұраққа тікелей жауап беру талап етілсе, орташаларына ойланып, қажетті есептеулер жасауға, суреттерін салуға уақыт беріледі, ал үлгерімдері төмендеріне нақты сұрақтың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады.

Оқушыларды топтарға бөлгенде олардың оқуға және жұмысқа деген қабілеті ескеріледі. Оқуға қабілеттік деп оқушының неғұрлым қысқа мерзім ішінде білімнің биік деңгейіне жету қабілетін түсінеміз. Бұл белгі бойынша оқуға қабілеті жоғары, орташа және төмен деп үшке бөлуге болады, Сыныпта барлық балалардың ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан, сабақ кезінде әрқайсының деңгейіне қарай жұмыстың түрін таңдап, сол тақырыпты игеру көзделсе, өте пайдалы. Біз өз іс-тәжірибемізге осыларды енгізіп, жұмыс жасап келеміз. Біздің басты мақсатымыз – сынып оқушыларының ерекшелігін анықтау.

Бұл тұрғыдан алғанда, әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытқан жөн. Мысалы, қабілетті оқушылар сыныпта логикалық ойлауы жетілген, оқулықпен жұмыс істей алатын оқушылар үшін жаңа материалды түсіндіргенде проблемалық ізденіс әдісін қолданған дұрыс. Ал орташа, нашар оқушылары көп сыныпта репродуктивті әдісті қолдана отырып, сабақты ойын, әңгімелеу түрінде өткен ұтымды. Саралап оқытудың ең басты шарты – сынып оқушылары үш топқа бөлу. Бірінші топқа мынадай оқушылар топтастырылады: қабілеті жоғары, білім, білік дағдылары қалыптасқан, өз бетімен ойлау кабілеті бар, сабаққа деген белсенділігі күшті, мұғалім көмегін қажет етпейтін топ. Бұл топта жүргізілетін жұмыстың мақсаты – оқушы бойында ғылыми бағытта ойлау қабілетін калыптастыру.

Орташа қабілетті оқушылар екінші топты құрайды. Білім, білік дағдылары әлі тұрақсыз, өзіне-өзі көп сене бермейтін, мұғалімнің белгілі мөлшерде көмек көрсетуін қажет ететін оқушылар. Мұнда алға қойылатын мақсат – білім, білік дағдыларының тұрақты болуына, өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің дамуына ықпал ету, олардың бірінші топқа көшуіне көмектесу.

Үшінші топқа үлгерімі төмен оқушылар жатқызылады. Бұлар тұрақты назарды ұстауды, білім, білік дағдыларын қалыптастыруда мұғалімнің үлен күш жігер жұмсауын, жүйелі жұмыс жүргізуін, яғни мұғалім көмегін көп қажет ететін оқушылар.

Педагогикалық технология – қазіргі талапқа сай анықталып, іріктеліп, реттелген оқытудың жаңа мазмұн, әдіс – амалдардың дидактикалық талаптарының психологиялық педагогикалық жиынтығы. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А.Қараевтың «Әртүрлі деңгейде оқыту технологиясын» жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу барысында үнемі қолданудамыз.

Көмекті қажет ететін оқушылар құрамы толық болмауы тиіс. Оқушы мүмкіндігіне карай мұғалім ол оқушыны ойша басқа топқа ауыстырады. Мұндай әртүрлі топтардың барлығы туралы ешқандай тізім жасалмауы тиіс. Тек соңдай топтардың бар екендігін сабақты жоспарлағанда, үйге тапсырма бергенде ескеру қажет. Үшінші топтағы оқушылармен саралап жұмыс жүргізу үшін дайын сызба-нұсқаларды, жоспарларды, тезистерді, алгоритмді, есептердің үлгілерін т.б. пайдаланады.Үй тапсырмасын орындату – маңызды нәрсе. Үй тапсырмасын бергенде оны оңтайландыру критериіне сүйене отырыш, оқушының нақты мүмкіндігін ескерген жөн. Үй тапсырмасы нашар оқушыны жетілдіре түссе, ал қабілетті оқушы ең жоғары деңгейде дамуы тиіс. Мысалы, қабілетті оқушыға күрделі есеп берсек, әлсіз оқушыларға реферат жазу, сызу, тағы басқада ережелерді берген дұрыс.

Саралап оқыту әдісін қалданғанда, мұғалім әрбір сынып педконсилиумымен толық әрі жете таныс болуы керек. Бұл ең маңызды басты шарт. Соңда ғана оқушыларды саралап оқытуда сызба бойынша жұмысты ұйымдастыру әрі оны жүйелі жүргізу жақсы нәтиже берері даусыз.

Жаңартылған мазмұн жағдайында оқытуды саралаудың маңыздылығы артуда. Зерттеулерде ішкі және сыртқы саралау түрлері айқындалған.

Ішкі саралау кезінде оқушылар топқа бөлінбейді, оқу үрдісінде мұғалімдер оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық қолдау көрсетеді.

Сыртқы саралау кезінде гимназия, лицей кластарында білім алушы оқушылар үшін факультатив және бейіндік пәндер бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырылып, оқушылар белгілі бір критерийлерге сай бөлінеді. Сыртқы саралау барысында **белгілі бір мақсатқа сай** түзету, жетілдіру, педагогикалық қолдау көрсету шаралары, оның ішінде дарынды балалармен жұмыс, қосымша шығармашылық тапсырмалар арқылы дамыту, мамандықты игеру немесе жоғары оқу орындарына дайындық жұмыстары жүзеге асырылады.

Кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасаудың бірден-бір жолы төменде берілген саралау түрлерін тиімді таңдай алу. Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған **жеті тәсілі** бар:

Тапсырма: *м*ұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді, оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар беру керек пе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау, күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдаланыңыз.

*Дереккөздер: к*ейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады, дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып отырады, баспадан шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануы

мүмкін. Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді.

Қарқын: кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады,негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

*Қорытынды:*барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады, мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді, барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Диалог және қолдау көрсету: кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады, мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

*Бағалау: о*қушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек, сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

Жіктеу: Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар:мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, гендерлік топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ.

Саралау түрлерін тиімді қолдану әр оқушының қажеттілігін ашу мен қолдауға, оқыту процесін жетілдіруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат, міндеттеріне жетуге және кең ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге сабақты жоспарлауда дағдыларды дамытуға негізделген саралау тапсырмаларын анықтау, саралау түрлерін алдын-ала жоспарлау мен қолдауды қажет ететін оқушыларға бағыттау үшін әдіс-тәсілдерді қолдану қиындық тудырады. Жоғарыда көрсетілген саралау түрлері осы кездескен қиындықтарды шешуге көмек бола алды.

Қалыптасқан кең ауқымды дағдылар оқушылардың өз білімдерін кез-келген жағдайға қалай бейімдеу керек екенін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез-келген күрделі тапсырмаларды шешуге кепіл бола алады. Ал, бұл дағдыларды дамыту оқу бағдарламаларының жүйелі түрде жүзеге асуына байланысты болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Кобдикова. Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту). 2002, 27 б.

2. М.М.Жампеисова. Технология модульного обучения. Актобе, 1999, С.129

3. Я.И.Груденов. Математиканы оқыту әдістемесінің психологиялық-дидактикалық негіздері. – М.: Педагогика, 2003.

4. Н.Б.Истомина. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі. М.: Академия, 2002.

5. Н.Б.Истомина. Бастауыш сыныптардағы математика сабақтарында оқушыларды жандандыру: мұғалімге арналған нұсқаулық. – М.: Ағарту, 2005.

КАК ДИФФЕРЕНЦИРОВАННЫЕ ЗАДАНИЯ МОГУТ СПОСОБСТВОВАТЬ ВОВЛЕЧЕНИЮ ВСЕХ УЧАЩИХСЯ НА УРОКЕ РУССКОГО ЯЗЫКА В ШЕСТОМ КЛАССЕ?

Онайбекова Гульсим Каналиевна
Учитель

В наш век стремительного и бурного развития науки и техники перед нами, учителями, открываются уникальные и реальные возможности для передачи знания и опыта подрастающему поколению. Мы, учителя начала 21-го века, осуществляем образовательный процесс в переходный период, когда традиционные методы и приёмы устарели, когда сфера образования претерпевает переломный момент. Время меняется, меняются приоритеты, меняется и взгляд на оценку деятельности учителей, перед которыми появляются новые требования, так как развитие науки и техники отражается на образовательном процессе. Современный востребованный учитель должен быть не только теоретически подкован и вооружён практическими умениями и навыками, но наряду с этим он должен обладать цифровой грамотностью, быть в курсе последних событий и нововведений в сфере образования. При планировании урока, учитывая индивидуальные способности и потребности учащихся, организовать урок так, чтобы все дети были задействованы в образовательный процесс. *«…учителя должны пересмотреть свою роль, чтобы направлять, а не управлять процессами формирования знаний и исследований»* (Руководство, стр.190, 2014 год).

Меня всегда волновал вопрос о том, вовлечены ли все учащиеся в учебный процесс. На своих уроках я всегда старалась получить ответ с каждого ученика. Но эффективных результатов данный приём не давал, так как каждый ученик отвечал в силу своих умственных способностей. Ещё от моего внимания не ускользало и то, что в некоторых классах учащиеся с высоким уровнем успеваемости, закончив работу, могли заняться посторонними делами. Я, естественно, давала им дополнительные задания, но это их, по неизвестным мне причинам, не вдохновляло. И тогда у меня возник вопрос, сталкиваются ли другие учителя с подобными проблемами. Я могла сама ответить себе на данный вопрос, но мне хотелось узнать, в какой степени данная проблема охватила образовательный процесс в нашей школе. Для того, чтобы получить исчерпывающие сведения о положении образовательного процесса, я провела в шестом классе анкетирование. Около 30-ти процентов учащихся ответили утвердительно на вопрос «На уроке я часто занимаюсь делами, не имеющими отношения к уроку». Около 40-ка процентов учащихся также ответили утвердительно на вопрос «На уроке я часто думаю о своём». А на вопрос «Мы часто переписываем учебник» около 60-ти процентов учеников ответили утвердительно. Следовательно, на уроках 30-40 процентов учащихся выпадает из «потока». Руководствуясь предположениями, что дети не всегда бывают предельно откровенны при анкетировании, я просмотрела работы учащихся данного класса: учащиеся действительно переписывают учебник, все дети выполняют одни и те же задания независимо от их уровня успеваемости. При беседе с коллегами мне стало известно, что перед ними тоже возникают подобные проблемы, что они тоже ищут пути решения данной проблемы. Мы обсуждали вопросы о том, какие методы и приёмы применяют они во время учебного процесса, какие виды работ проводят в процессе обучения, каково поведение того или иного ученика. Также я посетила уроки своих коллег в классе, который наметила для реализации подхода Action research. По результатам сбора данных я пришла к выводу: в данном классе образовательный процесс осуществляется по традиционной методике, групповая работа не практикуется, дифференцирован-

ные задания применяет лишь малый процент учителей. Для того, чтобы вовлечь всех учащихся в образовательный процесс, я, думаю, что нужно обратить взор на современные подходы в преподавании, готовить задания, учитывая потребности каждого учащегося. Поэтому в последнее время меня привлекала мысль о применении дифференцированных заданий с учётом индивидуальных потребностей и возрастных особенностей учащихся. Следовательно, решила я, что нужно искать ответ на свои вопросы в модуле «Критическое мышление».

Таким образом, я сформулировала исследовательский вопрос: «Как дифференцированные задания могут способствовать вовлечению всех учащихся на уроке русского языка в шестом классе?». Чтобы получить ответ на данный вопрос, мне предстояло составить план по реализации подхода Action research, остановить свой выбор на определённом классе, пересмотреть свою обычную практику преподавания, ввести стратегии, с которыми мы ознакомились на первом этапе «Лицом к лицу». Далее мне предстояло составить среднесрочное планирование, куда включила групповую работу, дифференцированные задания с учётом индивидуальных способностей и потребностей учащихся.

В классе, котором я собиралась провести исследование, я работаю уже второй год. За год работы с учениками данного класса у меня сложились хорошие отношения. Когда я ознакомила их со своими планами, они согласились поддержать меня в моих начинаниях.

В моей группе 12 учеников. У трёх девочек, по моим предположениям, высокий уровень мышления, у четверых учащихся средний, у остальных - низкий.

Чтобы проследить, как дифференцированные задания повлияют на вовлеченность в учебный процесс мышления на представителя группы А, я решила сконцентрировать своё внимание на том ребёнке, у которого не было бы проблем с русским языком. Если ребёнок плохо понимает данный язык, ему трудно будет справляться с заданиями повышенной трудности. Так как подавляющее большинство учащихся нашего региона страдают от языкового барьера, для фокуса из группы А я выбрала девочку, которая хорошо понимают русскую речь, имеет достаточный словарный запас для своего возраста, обладает хорошей памятью, но допускает ошибки в речи. К тому же иногда проявляет лень и может быть рассеянной, что свидетельствует тому, что она не обладает абсолютной грамотностью. Для фокуса В. тоже я выбрала девочку, исполнительную, ответственную, инициативную, старательную. У девочки нет особых природных задатков. Однако она любознательна. Во всех действиях она активна, но немного уступает А., то есть у девочки, по сравнению с А. замедленный тип мыслительной деятельности, так как мыслит она на казахском языке и не имеет достаточного словарного запаса на русском языке. В отличие от А. она никогда не проявляет лени. Для наблюдения из группы С. я выбрала мальчика, пассивного, не проявляющего особой активности, который ответил утвердительно на вопросы: «На уроке я часто думаю о своём»», «На уроке я часто занимаюсь делами, не имеющими отношения к уроку», «Мы часто переписываем учебник». А на вопрос: «Какие задания тебе больше всего нравятся?» он ответил, что ему нравится отвечать устно. Следовательно, С. не проявляет особого интереса во время уроков, к тому же в его окружении, то есть в классе и в домашних условиях, нет русскоязычной среды, поэтому мальчик страдает от языкового барьера. Изменения, внесённые в практику, были направлены не на весь класс, но я старалась приобщать всех детей к новым подходам в обучении и держала под фокусом трёх вышеописанных учащихся.

Первый урок я провела четырнадцатого октября в шестом классе по теме «Корень слова, однокоренные слова. При опросе домашнего задания я использовала стратегию «Рикошет». Данную стратегию можно применить при опросе домашнего задания, при повторении пройденных тем, а также на уроках литературного чтения. Эта

стратегия, на мой взгляд, отличается от традиционного подхода тем, что учитель, применяя её на своих уроках, имеет возможность разнообразить свой урок, ненавязчиво задействовать всех учащихся, приучать детей задавать вопросы. Можно начать с вопросов низкого порядка, затем постепенно усложняя перейти к средним, и, наконец, научить учащихся задавать вопросы высокого порядка. В начале урока дети занимались групповой работой, а к концу урока каждый ученик работал по карточке с дифференцированными заданиями. Также я проверяла знания учащихся по дифференцированным тестовым заданиям.

На данном уроке я применила и групповую работу при ознакомлении с текстом из учебника «Сказка о чудесном дереве», чтобы приучить и приобщить детей к новым подходам в обучении. Я разделила текст на три части и дала задание каждой группе самостоятельно ознакомиться с содержанием текста. При данной работе я использовала стратегию «Облачко. Это задание отличалось от тех упражнений, которые они выполняли в классе, тем, что дети работали самостоятельно, им была предоставлена возможность работать сообща, найти общее решение, помочь друг другу.

Подбирая дифференцированные задания для учащихся уровня А, я старалась способствовать развитию творческих способностей, развитию фантазии учащихся, так как теоретическую тему они усваивают легко. На первом уроке я дала учащимся высоким уровнем мышления составить диалог с применением словосочетаний: корень дерева, корень зуба, корень слова, корень зла. Учащимся уровня В. я дала задание облегчённого характера, так как у них немного замедленный темп мышления. Им следовало придумать предложения с вышеуказанными словосочетаниями. Эти же словосочетания я предложила перевести на казахский язык учащимся уровня С.

На втором уроке, чтобы выработать навыки самостоятельной групповой работы, я разделила учащихся на три группы и каждой группе дала задание разобрать слова по составу.

Хочу остановиться на следующем задании, которое я включила для того, чтобы способствовать развитию образного мышления учащихся: составление «Синквейна» к слову *осень*. Следует заметить, что данное задание учит детей мыслить творчески, так как дети учатся употреблять слова в переносном значении. Например: золотая осень. Также при составлении пятистишия дети затрудняются подбирать глаголы к слову осень, так как, опять-таки, приходится употреблять глаголы в переносном значении: дарит, прилетает, улетает, улыбается, грустит и пр.

Учащимся группы А. были даны следующие дифференцированные задания:

подобрать однокоренные слова к словам: снег, печь, бег, и составить мини-текст, употребляя подобранные однокоренные слова. Здесь я хотела выработать умение учащихся связывать в одном тексте слова, образованные от вышеназванных слов. Можно составить текст по данному началу:

Наступила зима. Под Новый год выпало много …

шылардың ұғымдарды меңгеру дәрежесі көтеріп, кездейсоқ, стихиялы түрде қалыптасқан тәртіптегі жекелеген ойлау операцияларына емес, қайта стереотипті емес міндеттерді шешуге арналған ақыл-ой әрекеттерінің жүйесіне үйрету. Бұл белсенділік мынадан көрінеді: оқушы фактілік материалды талдап, салыстыра, синтездей жалпырастыра, нақтылай отырып, одан өзі жаңа информация алады. Басқа сөзбен айтқанда, бұл – бұрын меңгерген білімінің көмегі арқылы білімдерін кеңейту, тереңдету және бұрынғы білімдерін жаңаша қолдану болып табылады. Бұрынғы білімдерін жаңаша қолдануға кітап та, мұғалім де үйрете алмайды мұны тиісті ситуацияға тап болған оқушы іздейді әрі табады. Оқушылардың ақыл-ой әрекеттерінің жүйесіне біртіндеп ие болуы шеберліктердің, дағдылардың, сондай-ақ әрекеттер жасау тәжірибесінің жинақталуына, ақыл-ой қызметінің сапасының өзгеруіне, әдетте ғылыми, сыни, диалектикалық деп аталатын ойлаудың ерекше типінің қалыптасуына алып келеді.

Проблемалық оқытудың мақсаты-ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзі де, процесінде меңгеру, оқушының танымдық дербестігін қалыптастырып, оның творчестволық қабілеттерін дамыту.

Проблемалық оқыту процесін ұйымдастырудың негізінде оқушының оқу-танымдық ізденіс әрекетінің (білімдерді проблемалық меңгерумен байланысты) принципі, яғни олардың ғылым қорытындыларын, әрекет тәсілдерін ашу, жаңа нәрселерді немесе білімдерді практикада қолданудың тәсілдерін ойлап табу принципі жатыр.

Проблемалық оқытуда мұғалімнің түсіндіруі мен оқушылардың репродуктивтік қызметті талап ететін міндеттер мен тапсырмаларды орындауы жоққа шығарылмайды. Бірақ ізденіс қызметінің принципі әсіресе жаратылыстық-математика пәндерінде басым түсіп жатады.

Проблемалық оқыту жағдайындағы мұғалімнің қызметі мынадан тұрады: ол қажетті жағдайда неғұрлым күрделі ұғымдардың мазмұнын түсіндіре отырып, ұдайы проблемалық ситуациялар жасайды, оқушыларға фактілерді хабарлап, олардың оқу-танымдық қызметін фактілерді талдау негізінде оқушылар өздіктерінен қорытындылар мен жинақтауларды жасайтындай, ұғымдарды, ережелерді, теоремаларды, заңдарды тұжырымдайтындай немесе белгілі жаңа ситуацияға өздігінен қолданатындай (ойлап табады, жоспарлайды, әдемілеп жасайды), ал немесе, ақырында, шындық болмысты көркем бейнелейтіндей (өлеңдер, шығармалар жазады, сурт салады, ойнайды) етіп ұйымдастырады.

Соның нәтижесінде оқушыларда ақыл-ой операциялары мен әрекет дағдылары, білімдерді тасымалдау дағдылары қалыптасады, зейін, ерік, творчестволық қиял, ойлап тапқыштық дамиды, жаңа білімдер мен гипотезалар ұсыну және оларды негіздеп дәлелдеу жолымен әрекеттің жаңа тәсілдерін табу қабілеті қалыптасады.

Проблемалық оқыту оқытудың біртұтас типі ретінде озат педагогикалық тәжірибені жинақтау мен оны теориялық дәлелдеудің негізінде пайда болды. Ол өз бойына алгортмдерді, программаланған тапсырмаларды, ақыл-ой қызметінің тәсілдерін кезеңге бөліп қалыптастыруды және т.б. қолдану мүмкіндігін қамтиды.

Проблемалық оқыту мұғалімге оқу материалы мен оқыту әдістерін түрлендіріп отыруға мүмкіндік береді. Оқу проблемаларының әр түрлі типтерінің болуы оқушының ізденіс, ішінара ізденіс, конструкциялы – өнертабыс, көркем оқу-танымдық іс-әрекеті мен репродуктивтік және практикалық сипаттағы өздігінен орындайтын практикалық жұмыстарын немесе мұғалімнің оқу материалын баяндап беруін қамтамасыз етеді.

Проблемалық ситуация мен оқу проблемасы проблемалық оқытудың негізгі ұғымдары болып табылады, проблемалық оқыту сабақ беру мен оқу қызметінің механикалық қосылуы ретінде емес, қайта осы екі іс-әрекеттің диалектикалық өзара әсер етісуі мен өзара байланысы ретінде қарастырылады. Олардың әрқайсысының

өзінің дербес функциялық құрылымы болады.

Көрнекті психолог Г.С.Костюк бала дамуының қозғаушы күші қайшылық болып табылады деген қорытынды шығарды және олардың әрқайсысының өзінің дербес функциялық құрылымы болады. Оған ілесе дидакт М.А.Данилов оқу процесінің қозғаушы күші, бір жағынан, бүкіл оқыту барысы алға қоятын таным міндеттері және екінші жағынан, оқушының білім, шеберлік, дағдысы мен оның ақыл-ой дамуы дәрежесінің арасындағы қайшылық болып табылады деп анықтады. Бұл қорытынды оқытуды активтендіру теориясының дамуындағы аса маңызды кезең болып табылды және психологтар мен дидакттердің эксперименттік зерттеулерінің нәтижелерімен ұштастырылып, қазіргі дидактиканың негізіне алынды.

Проблемалық оқытуға барлық оқушылардың шамасы жете ме? Іс жүзінде барлығының дерлік шамасы жетеді. Алайда оқушылардың жас және даралық ерекшеліктеріне, олардың проблемалық оқытудың методтарына үйретілу дәрежесіне байланысты проблемалық деңгейі мен танымдық дербестік дәрежесінің айырмасы болады.

Проблемалық оқытудың теориялық мәселелерін М.И.Махмутов, И.Я.Лернер, Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин, Д.В.Вильнеев, Ю.Н.Бабанский және т.б. кең зерттеген еді.

Қазіргі ғылым мен техниканың шарықтап алға басқан кезеңінде проблемалы оқытуды игеріп, оқу-тәрбие жұмыстарында қолданбаса болмайды. Проблемалық оқытуды игеруге бағытталған біз ұйымдастырған ізденіс жұмыстары проблемалық оқыту сабағының дәстүрлі аралас сабаққа қарағанда біршама артықшылықтары барлығына көз жеткізді.

Ізденіс жұмыстары колледж оқытушыларын қатыстыра отырып жүргізілген болатын. Колледжде әр сабақтың ұзақтығы 90 минут болатынын ескерсек, мұнда проблемалы оқытуды енгізуде мектептерге қарағанда мүмкіндігі мол. Өйткені проблемалы оқыту сабағын өткізуде уақыт тапшылығы болмағаны жақсы.

Проблемалы сабақ барысында жіберілген қателіктерді анықтап, талдау жасауға ерекше көңіл бөлінуге тиіс және бұндай жұмысты оқушылармен бірлесіп жұмыс жасаудың барлық кезеңінде жүргізіп отырған жөн.

Ізденіс жұмыстарын өткізу кезеңінде оқушылардың жіберген қателіктерін талдаудың мынадай бағыты белгіленді:

- оқушылар жіберген қателіктерді анықтап алу;
- қателіктер кеткендігіне оқушылардың көздерін жеткізу (дәлелдеу);
- қателіктердің жіберілу себептерін оқушылар күшімен анықтау;
-оқушылар қателіктердің жіберілу себептерін өз күшімен анықтай алмаған жағдайда оларға көмек көрсету;
- оқушылармен бірлесе отырып қателіктерді түзету.

Ізденіс жұмыстары мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- проблемалы оқыту сабақтары дәстүрлі аралас сабақтармен салыстырғанда, біріншіден, көп дайындықты қажет етеді, екіншіден, сабақтың жүрісі көп уақытқа созылады (кезеңдер саны екі еседей көп және оқушылардың ойланып – толғануын қажет етеді);
- белгілі бір пәнді бөлінген сағатына сай игеру үшін пән программасында көрсетілген тақырыптарды негізгі және қосалқы материалдарға бөліп алу қажет;
- қосалқы материалдарға бөлінген сағаттарды азайту арқылы негізгі материалдарға арналған сағаттарды көбейтуді ойластыру қажет;
- негізгі материалдарды оқытуды проблемалы сабақтарды ұйымдастыру арқылы өткізуге тырысып, қалғандарын дәстүрлі аралас сабақтармен өткізу пән тақырыптарын үйлесімді игерудің ең тиімді жолы екендігі анықталды.

Оқушылардың әр түрлі оқу есептерін шығару, қойылған мәселелерді шешу кезінде өз білімдерін қолдана білуіне, маңыздысын іріктей білуіне, терең ойлай білуіне жасалынған талдау, проблемалық оқытудың арқасында оқушылардың жоғары дәрежеде өз бетімен жұмыс істеу қасиеті қалыптасатынын көрсетеді. Оқушылар талдау-

дың, іріктеудің, жіктеудің логикалық операцияларын ойдағыдай игере отырып, өз білімдерін жан-жақты қолдана білуге үйренеді. Сонымен қатар, оқушыларда ойлап-талғаудың биік деңгейі мен ақпараттарды өз күшімен игеру қасиеттері пайда болады.

Оқу тәрбие үрдісінде проблемалық оқытуды мұғалім жаңа материалды түсіндірген кезде мұғалім сұрақты шебер қою арқылы қарама-қайшы ситуациялар жасайды, бұл ситуациялар оқушыларда қайшылықты шешетін жауап табуды қажетсіну сезімін күшейтеді.

Мұғалімдер білімдерді меңгеру дәрежесін анықтау үшін оқушыларға ұдайы сұрақтар беріп отырады. Бұл жағдайда тіпті күрделі де маңызды сұрақтардың өзі де, әдетте, проблема қойғандық болып табылмайды: олар белгілі білімдерден тұратын жауаптар алу мақсатымен беріледі.Әрине, мұндай сұрақтар оқушылардың белсенді ойлау қызметіне түрткі болмайды; ес мидың қоймасында бар дайын информацияны іздегенде қиналмай жұмыс істейді. Информациялық сұрақтар дегеніміз осы.

Оқушыларда интеллектуалдық қиындық тудыратын сұрақтар проблемалық сұрақтар болып табылады, өйткені оларға берілетін жауаптар оқушының бұрынғы білімдерінде де, мұғалім ұсынатын информацияда да жоқ. Сұрақтардың бұл өзгешелігін педагогтар бұрын да кездестіріп отырған және оларды «қиындығы бар сұрақтар» деп атаған.

Проблемалық сұрақта әлі ашылмаған (оқушылар тарапынан) проблема, белгісіз дүниелер, жаңа білімдер болады, оларға қол жеткізу үшін қандай да бір интеллектуалдық әрекет, белгілі нысанадағы ойлау процесі қажет.

Сұрақ тек төмендегі жағдайларда ғана проблемалық сұраққа айналады:

- оның бұрын меңгерілген ұғымдармен де, сондай-ақ белгілі оқу ситуациясында меңгерілуге тиісті ұғымдармен де логикалық байланысы болуы қажет;

- онда танымдық қиыншылық және белгілі мен белгісіздің көзге түсетін шекаралары болуы керек;

- жаңаны бұрыннан белгілі мен салыстыру таң қалу сезімін, өзінде бар білім, шеберлік және дағды қорымен қанағаттанбаушылық тудыруы тиіс. Мәселенің бұл жағы ерекше маңызды, өйткені ол танымдық қиындықты қызығушылықпен және қабылдаудың эмоциялылығымен байланыстырады.

Практика көрсетіп отырғандай, проблемалық ситуациядан шығудың төрт жолы болуы мүмкін:

а) проблеманы мұғалімнің өзі қойып, өзі шешеді;

ә) мұғалім проблеманың тұжырымдауға, болжамдар ұсынуға, гипотезаны дәлелдеу мен шешімді тексеруге оқушыларды қатыстыра отырып, проблеманы өзі қойып, өзі шешеді.

б)оқушылар проблеманы өздіктерінен қойып, бірақ оны мұғалімнің қатысуымен (ішінара немесе толық) және көмегімен шешеді;

в) оқушылар проблеманы өздіктерінен қойып, оны мұғалімнің көмегінсіз (бірақ, әдетте, оның басшылығымен) шешеді.

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ ОҚЫТУ МЕН ОҚУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Шалбаева Сания Сериковна, Абызбаева Самал Аманжолқызы
М.В. Ломоносов атындағы №47 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімдері
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы

Қазіргі білім беру жағдайында бағалау мәселесі күн сайын өзектілігін арттыруда. Қазіргі жағдайда бағалау жүйесі оқушының білім нәтижесін ғана емес, оның оқу әрекетінде қалыптасқан дағдыларға көбірек мән береді. Осы тұста қадағалау мәселесінің маңыздылығы айқындалады, оқушы әрекетінің нәтижесін бағалау

міндетті түрде бақылауды қажет етеді. Оқушының белсенді немесе белсенді емес әрекеттерінің себептерін, түсіну дәрежесінің көлемін, тереңдігін өлшемдермен бағамдау маңыздылығы талап етілуде. Сондықтан бағалаудың мәні ретінде әуелі қадағалау, одан кейін сол бойынша деректерді интерпретациялау (сараптау), содан кейін ғана қорытынды бағалау жүргізу тәртібі бекітілген. Осындай сатылы жүйе ғана бағалаудың өз мәнінде жүргізілгендігіне негіз болады.

Бағалау – тек техникалық тәсіл емес. Сондықтан стандарттар мен талаптармен қоса, баланың дамуы, оқуы, ынтасы, өзін-өзі бағалау қабілеттілігі және оның жұмсаған күш-жігері сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады (Александер, 2001) [3, 56 б.].

Бағалау маңыздылығы жаңа көзқарастың қалыптасуын қажет етеді. Бұл түсінік бағалаудың мәнімен тығыз байланыста, яғни, бағалау оқудан кейін жүрмейді, ол оқумен бірге, оның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Оқу және өз оқуын бағалау қатар жүруі тиіс, оқуды қалай үйренсе, өздерінің қалай оқығанын, тапсырманы қалай орындағанын, нені түсінгенін, не нәрсенің қиын болғанын анықтауды да үйрену ғана, саналы оқу айғағы болады.

Мектеп тәжірибесінде алғашқы күндерден бастап, балалар және олардың ата-аналары оқуды бағалауда баға қойылғанын күтеді. Осы жерде мұғалімдер тарапынан бұл үдерістің мән-жайын, қызметі мен мақсаттарын ата-аналарға түсіндіруі маңызды.

Мұғалімнің басты міндеті – оқушының дайындық деңгейіне баға қою ғана емес, әрбір баланы оқуға және өзін-өзі оқытуға үйрету. Бала білімі бағасыз бақылануы қажет. Баға баланы сыныптастары арасында, оның орны мен беделін көтеретін немесе түсіретін құралға айналмауы қажет. Баланың психологиялық жан дүниесінің күйреуіне алып келетін тек баға қойып, бағалаудан арылатын уақыт әлдеқашан келіп қойған. Әсіресе, 1-4 бастауыш сыныптарда, оның ішінде, 1-сыныпта барынша мұқият болған дұрыс. Өйткені, 6 жасар балалардың бағалауға байланысты барлық психологиялық жүктемені көтеруге санасезімі мен төзімділігі жетілмеген. Сондықтан осы жастағы балаларды бағалауда мадақтау, ішкі уәжге әсер ету, кері байланыстың жеңіл түрлері ынталандыру мақсатында қолданылады. Ал, жай ғана үшбұрыш, төртбұрыш, жұлдызшалар көмегімен баға қою немқұрайлықты, кәсіби құзыреттіліктің төмендігін көрсетеді. Ондай белгілер оқушыларға таным-білімге ұмтылу үшін не істеу керектігін үйретпейді. Яғни, оқушының дамуына, ілгерілеуіне септігін тигізе алмайды.

«Баға» және «бағалау» сөздерінің лексикалық мағынасына тоқталар болсақ: «бағалау» – оқушының оқу еңбегінің қорытындысын бір эталонға сәйкестеп, білім сапасының әрі қарай жетілдіру жолдарын анықтайтын үдеріс.

Баға – бағалау үдерісі қорытындысының формальді көрсеткіші. Сондықтан баға баланың толық дамуын көрсете алмайды және даму қағидаттары негізінде құрылатын сабақ үдерісіне де, кіре алмайды. Тапсырма орындауда баға қоймаса, ол оқушының жақсы баға алуға ұмтылысы және жаман бағадан аулақ болуына мүмкіндік туғызады. Бұл сабақтағы эмоционалдық жағдайды жақсартады. «Бала бағалағанды жақсы көреді», – деп, олардың ығына жығылудың мәні шамалы. Ең бастысы, балалардың адамдарға, оқиғаларға, деректерге, қоршаған өмірге деген қызығушылық нышанын оятып, олардың оқуға талпынысын, бір-біріне жанашырлығын, ойын, оқу, тұрмыс әрекеттерін дұрыс орындау жауапкершілігін қалыптастыру міндетін абыроймен орындауды үйрену маңызды.

Қазіргі кезде осы олқылықтардың орнын толтыру критерийлер арқылы бағалаумен қарастырылуда. Бағалаудың мақсаттары оқудағы қиындықтарды анықтаудан басталып, мұғалімнің оқыту стилін бақылаумен аяқталуының өзінде үлкен мән жатыр. Арасындағы кері байланыс, уәж, болжау мен сұрыптау, стандартты бақылау қадамдарын негізге ала отырып, соңғы нәтижесінде қалай оқыту керектігіне сәйкес оқыту стилімен ұштасуы сыни тұрғыдан ойлануды қажет ететіндігі орынды. Бұл

жердегі пайым оқудағы қиындықтардың пайда болуына, оқыту стилінің әсерін өлшеу, яғни оқу қиындықтары оқыту стиліне тікелей тәуелді дегенді білдіреді. Соның ішінде, түрткі мен уәждің де маңыздылығы жоғары. Олай болса, уәж – адамның тәртібін, оның бастамасын, бағытын және белсенділігін анықтауға көмектесетін сұраныстар мен қажеттіліктерден тұратын факторлар жүйесі. Бағалаудың мақсаттарының бірі – оқушылардың мақсатқа бағытталған оқу әрекетіндегі уәжін қалыптастыру болып табылады. Уәж үдерісі үздіксіз таңдау жасай білумен қатар, талдаулардың негізінде шешім қабылдай білумен анықталады. Адамның әрекет ету себептерін анықтау барысында әрдайым уәж мәселесі көтеріледі.

Мұғалімнің өз пәні туралы әрқашан үлкен әсермен, шабытпен сөйлеуі, оқушыларға сенім білдіруі, жаңадан пайда болып жатқан икем-дағдыларды дер кезінде көре біліп, түсіну дәрежесін кеңейте алатын сұрақтарды қоя білуі жоғары маңызға ие. Тапсырмалар мен кері байланыстың ауызша және жазбаша түрлерін мақсаттарға сәйкес қолданып, оқушының жетістіктерін елеп, шабыттандыруды, қалыптастырушы маңызға ие бола алатындай даму дағдыларына талдау жасаудың бала дамуына ықпалы баға жетпес деп ойлаймын. Сондықтан, сабақ барысында мән беруге тиіс мәселелерге тоқталамыз:

- қалыптастырушы бағалау әрқашан оқушылардың мықты тұстары мен қызығушылықтарынан басталса;
- оқыту материалдарының күрделілігі үнемі артып тұрса;
- оқытудың барынша түрлі әдістері мен тәсілдері қолданылса;
- оқушылардың зейіндері бағаларға емес, жаңа білімдер мен дағдылардың қалыптасуына шоғырландырылса;
- тесттік тапсырмалар қорқыныш пен үрейлендіруге емес, білім мен оқу дағдыларын қалыптастыруға бағытталса.

Оқушылардың орындаған жұмыстарына пікір айту арқылы ынталандыру жолдарына келер болсақ:

- жұмысқа байланысты кері байланыс дер кезінде жүргізілсе;
- оқушы жетістіктері тек қана мадақтаулармен емес, оң пікірдегі түсіндірулермен жүргізілсе;
- оқушыларға бір-бірінің жұмыстарын оқып, сәтті шыққан және кемшін тұстарын бағалауға мүмкіндік берілсе;
- бірінші кезекте оң аспектілеріне тоқталып, сонан соң ғана сынға алынса;
- жағымсыз кері байланыс спецификалық тұрғыда оқушыға емес, оның жұмысының әлсіз тұстарына ғана бағытталса, бағдарлама талаптарына сәйкес қалыптастырушылық функциясын орындай алады.

Осы жерде оқушылардың оқу үдерісінде ынта-ықыластарын арттыруға болатын ғылыми жинақталған тәсілдердің көп екендігін айтуға болады. Оларды қолдану барысында көптеген қиындықтардан арылуға болады. Ол үшін міндетті түрде келесі талаптарды орындау керек:

- бағалау үдерісінде сыйлықтар мен марапаттау жасаулардан аулақ болу, тек қана бағалау мен мадақтаулар түрінде қарастырылу.
- сабақ үстінде барынша сайыстар мен жарыстар үлгісін қолданбауға тырысу. Оның орнына оқушыларды өз нәтижелері мен жетістіктеріне талдау жасап, салыстыруларға баулу.
- оқу мен оқыту мақсаттары жоғарыдан нұсқалғаннан гөрі, мақсат, міндеттерді нақтылауда бірлескен жұмыстарға мән беру.
- қателерді қатаң сынамалау арқылы оқушылардың эмоциясы мен оқу әрекеттеріне деген теріс көзқарастарын қалыптастырудан аулақ болу.
- тапсырманы орындауды уақытпен шектеуді оның көлемі, мақсаты және талаптарымен сәйкестендіру, қасақана шектеулерге жол бермеу.
- барлық балалардың шеберліктері мен құзырлықтарын қалыптастыру мақсатында тапсырмалардың күрделілік деңгейін реттеп отыру.
- мүмкіндігінше оқушыларға қойылған міндеттерге жету үшін тапсырмаларды орындау формалары мен әдістеріне таңдау жасау.

- оқыту тапсырмаларын жаңа сипатта, таныс емес мәнмәтіндік тұрғыда таңдау.

- оқушыларға өз жұмыстарын жетілдіруге уақыт беру.

Тағы бір талдау мен талқылауды қажет ететін мәселе – өзіндік бағалаулар мен өзара бағалаулар. Өзін-өзі бағалау – өзінің мықты және әлсіз, мүмкіндіктері мен кемшіліктері жайлы деректерді жинау мен талдау үдерісі. Қалыптастырушы бағалау оқушының өзін-өзі және сыныптастарының бағалауды қолдануын қарастырады. Бұл тәсіл қалыптастырушы бағалаудың тиімділігін арттырады. Егер оқушылар өзін-өзі және өзара бағалау дағдыларын меңгерген болса, онда бағаның сенімділігі мен шыншылдығы туралы мәселе көтерілмейді. Оқушылардың бағалауды үйрену барысында эмоцияларға емес, нақты критерийлерге сүйенуіне баса назар аударған дұрыс. Өзін-өзі және өзара бағалаудың маңыздылығы сонда, егер балалар оқу мен оқыту үдерісінің мақсатын дұрыс анықтай алса, бағалау өлшемдерінің мәнін түсінген жағдайда ғана шынайы бағалау үдерісіне қатыса алады.

Оқушыларға бірнеше элементтен тұратын бағалау жайлы ақпарат берілу керек:

- қойылған мақсат;

- ұсынылған немесе бірлесе құрылған критерийлер;

- сол уақыттағы қол жеткізген нәтижелер жайлы сипаттамалар;

- қойылған мақсат пен қол жеткізген нәтиженің арасындағы айырмашылықтарды қалай еңсеруге болатындығын түсіндіру.

Өзін-өзі бағалау дағдылары бір немесе екі қойылған критерийлер бойынша қалыптаса алмайды, ол үшін бірқатар өлшемдерді қолданудың ықпалы болады. Бұл жағдайда оқушы өз жұмысын көптеген критерийлерге сәйкес қалыптасқан дағдылар жиынтығы тұрғысынан көре алуы тиіс. Яғни, оқушы өз ілгерілеушілігін бақылай алуы тиіс. Оқушының өзін-өзі бағалауы мұғалім бағалауының алдында жүруі керек. Нақты бағалаулар жүргізуді үйрену үшін екі бағалау үлгілерін қолдану арқылы үйреткен дұрыс: прогностикалық (алдағы уақытта орындалатын жұмыс бойынша – болжамдық) және ретроспективті (орындалған жұмыс бағасы – қорытындылау) [2, 36 б.].

Бірақ, мұғалім оқушыларға үнемі жұмысты бағалаудың өлшемдері мен мақсаттары жайлы естеріне салып отырғаны дұрыс. Өзін-өзі бағалау болатын уақыттарды оқушылармен бірлесе анықтау да маңызды, ол туралы алдын ала біліп, хабардар болуы нәтижелілікке жетелей алады. Сабақтың мақсаттары, критерийлер мен бағалау өлшемдері тақтада немесе қабырғаларда балаларға анық көрінуі керек. Осындай тәсілдермен оқушыларға қалай оқу керектігіне байланысты көмектесуге болады. Өз жұмыстарын тексеріп, толықтырып, өз бетінше жетілдіруге мүмкіндіктер кеңейеді.

Өзара бағалауға қатысу бағалауды үйретететін толыққанды тәсіл болып табылады. Бір-бірінің жұмыстарын тексеру арқылы алған білімдерін бекітудің, одан әрі терең түсінуге мүмкіндік бере алады. Бағалаудың маңыздылығы оқушылардың жұмыс мазмұны бойынша мықты және әлсіз тұстарына талдау жасауға үйренуінен көріну керек. Өзара бағалаудың қандай артықшылықтарын атап көрсетуге болады:

- өзара бағалау интерактивті сипатта жүргізіледі, яғни оқушылар белсенді әрекеттілікте отырады;

- бағалау арқылы өзі де үйренеді, зейінді, мұқият болу керектігін, мәнін түсіну керектігін ұғынады;

- тапсырманың мәнін түсіну арқылы, орындау қабілеттілігі молаяды, өз қателерін де жөндей алады;

- өзара бағалау әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды дамытуға көмектеседі, бірін-бірі жақсы тани бастайды, әртүрлі мүмкіндіктер туындайды, үйрену және үйрету, т.б.;

- өзара бағалауға қатысу арқылы жалпы бағалаудың мәні мен маңыздылығы, мақсаты жайлы түсінеді.

Дегенмен, өзара бағалау түрлерін қолдану барысында мұғалім балалардың арасындағы келіспеушілік, араздықтың орын алмауын мұқият қадағалағаны дұрыс. Дұрыс және әділ, шыншыл бағалау

деңгейлеріне жеткенше, сақтық пен бақылауды баса назарда ұстап, тапсырмаларға сәйкес нақты критерийлер құрастыруға басымдық беру тиімді.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқушыларға жеке пәндік білім беру ғана жеткіліксіз, оларды сыныпта және сыныптан тыс уақытта ғылымилыққа, өз бетінше ізденуге, белгілі бір бағытқа, заман талабына сай ынтымақтастықта бәсекелестікке қарсы тұра білуге баулу – ұстаздар алдында тұрған негізгі міндет болып табылады. Жаңартылған бағдарлама аталған міндеттердің орындалуы мен түйінді мәселелердің шешілуіне арқау болып, жол сілтей алатын құндылық ретінде танылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі. Алматы, 2008.

2. Мұғалімнің кәсіби дамуы – жаңартылған білім беру негізі. Әдістемелік жинақ. Қызылорда, 2014.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ДББҰ, Астана, 2015.

4. Даукеева М.А. Қалыптастырушы бағалаудың оқыту мен оқудың маңыздылығын арттырудағы рөлі. «Хабаршы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы. Қызылорда, 2022.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ыдырыс Ербол Жалғасұлы

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданындағы №201 мектеп-лицейдің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі білім берудің басты мақсаты шығармашыл тұлға қалыптастыру. Егеменді еліміздің ең басты мұраты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Осы орайда оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту мектеп мұғалімдердің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі. Оқушының шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндетін айқындап алу қажет.

Мақсат оқушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыра отырып, шығармашылық жұмысқа баулу, ойөрісінің дамуына мүмкіндік тудыру. Міндет-оқушылардың шығармашылылық қабілетін дамыту, жан-жақты дамуына көңіл бөлу, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Алға қойған мақсат пен міндетті орындау үшін оқушы жастардың танымдық, шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге, дамытуға ден қою қажет. Шығармашылық дегеніміз – оқушының белсенділігі мен дербес ісәрекетінің ең жоғарғы түрі. Қосымша білім беру мекемесі әр оқушыға еркін шығармашылық жолын таңдауға мүмкіндік береді. Қазіргі замандағы қосымша білім беру ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. [1].

Қазақстанның білім беру жүйесінде рухани адамгершілік пен жалпы адамзаттық құндылықтарды, рухани ұлттық мұраларды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Әрбір өсіп келе жатқан келешек ұрпағымыздың заман талабына сай білім алып, бойына барлық адамгершілік, адалдық, еңбексүйгіштік, ізденімпаздық, кез келген жағдайда дұрыс әрі ұтымды шешім қабылдай алатын, көшбасшылық қабілеті қалыптасқан, әлеуметтік кеңістікке еркін ене алатын, белгілібір орынды иелене алатын, жанжақты, шығармашыл тұлға тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз. Қазіргі әлеуметтік-экономи-

калық кеңістікке, кәсіби жетістікке арнайы білімділік, қабілеттілік, мақсат қою білу және табандылық, шығармашылық арқылы ғана жетуге болады. Сол себептен ата-аналардың, мұғалімдердің алдында жаңа міндет тұрады: балалардың жеке қабілеттілігін, бейімділігін анықтау және оны дамыту, сол арқылы олардың болашағына бағыт беру. Аталған мәселенің өзектілігі соншалық, жеке тұлғаның дарындылығын дер кезінде анықтап, оған қолдау көрсету аса маңыздылықты қажет етеді. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырым-дамасында» еліміздің ғаламдық әлемде өзіндік орын алуы ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты екендігі ескертіліп, білімін өзгермелі жағдайға пайдалана алатын еңбекқор, өзін-өзі дамытуға және өздігінен жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру міндетін қояды [2].

Осы айтылған тұжырымдарға сәйкес шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуде «Өзін-өзі тану» пәніндегі оқу-тәрбие үдерісінде жаңаша тұрғыда қарап, оны оқушының білім, білік, дағдыны меңгеруі ғана емес, танымдық, интеллектуалық және шығармашылық қабілетін дамыту қажеттігі туындайды. Тұлғаның шығармашылық дамуы жөніндегі пікірлер ежелгі грек философтары Аристотель, Р.Декарт, И.Кант және еліміздің философтары Н.А.Бердяев, Д.Кішібеков және т.б. еңбектерінде қарастырылған [2].

Психологиялық әдебиеттерде Л.С.Рубенштейн, А.Н.Леонтьев, А.В.Запорожец еліміздегі М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, А.Темірбеков С.Балаубаев, Қ.Б.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, Х.Т.Шерьязданова, Ж.Ы.Намазбаева, және т.б. еңбектерде оқушылардың шығармашылық қабілеті және оның психологиялық аспектілері тұжырымдалған [3]. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың педагогикалық негізі И.Я.Лернер, Ш.А.Амонашвили еңбектерінде әр қырынан зерттелген. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті М.А.Құдайқұлов, Ә.С.Әмірова, Ә.Ә.Сағымбаев, А.Б.Мырзабаев, А.Ш.Орақова, Қ.Қ.Әбдібекқызы, және т.б. зерттеуші ғалымдардың ғылыми жұмыстарында қарастырылған. Педагогика ғылымында жеке мәселе ретінде қарастырылған жоқ. Оқушылардың шығармашылық қабілетін жаңа инновациялық технологиялар арқылы дамытуға қатысты қоғам ұсынып отырған талаптар мен бұл мәселенің теориялық және практикалық тұрғыдан жан жақты қарастырылмауы зерттеудің өзектілігін тағы да дәлелдеп, оқушылардың шығармашылық қабілетін педагогикалық тұрғыдан түсіндіру және оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға әсер ететін педагогикалық жағдайларды анықтау қажеттілігін көрсетеді. Осы мәселені қарастыра отырып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуды кейс технологияны қолдануды жөн көріп отырмыз. Өйткені, «Өзінөзі тану» сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың барысында жаңа инновациялық технологияларды қолдану заман талабына сай әсер берері сөзсіз. Осы тұрғыда, білім берудің жаңа технологияларын сабақ үрдісінде барынша қолдану қолға алынып жүр. Солардың ішінде дәл осы күні модульдік технология, оқытудың интерактивті әдісі кең көлемде қолданылып отыр. Әсіресе, гуманитарлық пәндерді оқыту үдерісінде кейс технологиясын қолдану қарастырылмаған. Көбінесе, оқытудың Кейс технологиясы шетелдердің өзінде тек бизнес мектептері мен экономикалық ғылымдарды оқытуда ғана қолданысқа түсіп отыр [4].

«Кейс технологиясы» 20 ғасырдың басында АҚШ-тағы Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. Бұл кезде ол заңгерлерді дайындайтын технология ретінде қалыптасқан. Әдістің басты ерекшелігі студенттерді өткен оқиғаларға, жағдайларға зерттеу жүргізетіндігі болып табылады. Мұнда ең әуелі студенттің өз бетімен жұмыс жүргізуіне талап қойылды. 1910 жылы профессор Копленд ең алғашқылардың бірі болып, бизнес өмірінен алынған нақты жағдайлардың талданған қорытындылары бойынша студенттік пікірталастардың әдістерін қолдана бастады. Нақты жағдайлардың алғашқы жинағы 1921 жылы АҚШ-та шығарылған. Сол

кезден бастап Гарвардтың бизнес мектебі нақты жағдайлардың әдісін таратушылардың лидері болып келеді. Өткен ғасырдың орта шенінде нақты жағдайлардың әдісі технологиялық алгоритмді иеленді. Ол тек американдық қана емес, батыс еуропалық білім жүйесінде де белсенді түрде қолданыла бастады [3].

Кейс амал-тәсілінде басты назар оқушылардың ұсынылған реальды немесе қиялдық (алдын-ала құрастырылған) жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беруі, өзінің ой-пікірін нақты әрі толық айтып беруі т.б. Шәкірттің жекетұлғалық қабілеттерін жетілдіруге аударылады. Кейс әдісінің көмегімен оқытудың мақсаты жағдайды дұрыс талдай білетін, яғни мәселенің белгілерін анықтап, олардың туындауына түрткі болған себептерді тауып, соның ішіндегі басты себепті көре біліп, мәселені шешудің жолдарына талдау жасап,оның ең тиімдісін таңдап, әрі қарай оны іске қосып және бақылау орната білетін шығармашыл адамды қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін оған білім, белгілі бір әдісті қолдана білуі және тәжірибе қажет. Кейс әдісін қолдану барысында оқытушының іс-әрекеті екі кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – кейс (жағдай) таңдап алу және сұрақтар құрауға арналған шығармашылық жұмыс.-жағдайларды тақырыпқа сәйкес таңдап алу;

- мақсат пен міндетті анықтау;-жағдайды құрастыру және суреттеу.

Екінші кезең – оқытушының аудиториядағы іс-әрекеті. Аудиториядағы кейс әдісін қолдану кезеңі:

- кейске кіріспе;
- жағдайдың талдануы (шағын топтарда);
- пікірталас;
- қортынды шығару. [5].

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларына мән беріп, оны меңгермегенше сауатты, жан жақты маман дайындау мүмкін емес. Кейс әдісінің ерекшелігі:

- Оқыту өмірдегі нақты жағдаймен байланыстырылады;
- Оқытуда кейс әдісін пайдалану студентке проблеманы шешудің жолдарын іздеуге еркіндік береді;
- Кейс жағдайын талдау үдерісінде студенттер өмірдегі нақты, бір-бірімен байланысқан процестерді көрсетеді;
- Нақты жағдайды талдай отырып, студент негізгі білімді жинақтайды, қорытынды жасайды. Сабақты кейс әдісімен өткізілу барысында келесі жетістіктерге оңай қол жетуге болады:
- студенттердің сабаққа деген ынтасы анағұрлым артады;
- дискуссия барысында бейтарап отырып қалатын студенттердің қатары азаяды, я болмаса мүлдем болмайды;
- пікірталас барысында студенттің пәнге деген қызығушылығы айтарлықтай артады;
- сабақтың жоспарланған материалдарын студенттер толық меңгеруге мүмкіндік алады.

Кейспен жұмыс істеудің жоспары:

- Студенттің кейс жағдайын зерттеуі;
- Оқытушының көмегімен кейстің негізгі мақсаттарын анықтау;
- Шешім қабылдау үшін шағын топта талдау;
- Топта презентация жасау;
- Жалпы топтағы пікірталас, олардың ойларын тыңдау;
- Мұғалімнің қорытынды сөзі, жағдайды талдауы;
- Проблеманы талдау бойынша баға беру, кемшіліктерді көрсету [6].

Кейспен жұмыс жасау адамның білімге деген ынтасын барынша арттыра түседі, шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл жағдайда біздің алдымызда білімге әуесқойлық, салыстырушылық әлемі ашылады. Кейс әлемі оқушыларды қуанышқа бөлеп, олардың табанды түрде білім алу, шешім шығару жұмысын қолға алуға дем береді. Ең бастысы, біз заман талабына сай жан-жақты қалыптасқан, дамыған шығармашыл тұлғаны дамытуға қол жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Г.Аргунова, Применение кейс-метода в образовательном процессе и методической работе ССУЗА / Т.Г.Аргунова, В.Н.Андреева, В.А.Подвойский: пособие. – М., 2007.
2. ҚР Білім туралы Заңы. Астана. 2004.
3. О.В.Савинова. Использование кейсовой технологии в практике преподавания. – М.: Новая школа, 2005.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ БІЛІМ АЛУ ТРАЕКТОРИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ільяс Рима Нұртуғанқызы
Б.Момынбаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі
Қызылорда қаласы

Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі – білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы – баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту, заман талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу.

Қоғамның заманауи даму сатысында инновациялық үдерістер, бірінші кезекте, баланың әлеуетті қабілеттіліктерін ашудың деңгейі білім беру жүйесіне әсер етеді. Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде педагогтердің назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың озық әдістері басуда.

Қазақстанның заманауи білім беру саясатының білім беру парадигмаларының ауысуымен, жаңа педагогикалық технологияларға өтуімен сипатталуы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дара-шығармашылық нысандар мен әдістерге бағдарлануы мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі тәрбиешілері мен педагогтерінің инновациялық әдістемелік қызметінің маңызын арттырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім ұйымдарының педагогтеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үдерісті кез-келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Заманауи қоғамға жан-жақты жаңашыл адам керек. Мұндай адамды қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Өйткені мұғалімнің бүгінгі күні жасап отырған еңбегінің нәтижесі қандай болса, еліміздің, қоғамымыздың болашағы да сондай болмақ.

Сондықтан қазір кездегі жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал – білім. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан білікті маман даярлау және білім сапасын әлемдік стандарттарға сәйкес реформалау мәселесіне баса назар аударды. Еліміз білімнің маңыздылығын жоғары бағалап, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан, бұл сала барынша қолдау көрсетті. Себебі қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау керектігін дәлелдеп отыр. Әлем өзгеріп

отыратындықтан, халықаралық стандартта үнемі өзгерісте болып тұр. Ал оны үйретуші мұғалімнің қазіргі кезде өзгеріссіз қалуы өте қауіпты екендігі бәрімізге мәлім. Педагогтердің әртүрлі педагогикалық тәсілдер, нақты әдістер мен стратегияларды қалай және қай жағдайда қажеттігі туралы білмеуі, жаттанды сабақпен шектелуі, оқушы білімін дұрыс бағаламауы, теориялық білімінің таяздығы еліміздің болашағына кері ықпал келтіретіндігі белгілі. Керісінше, әлемдік көшке ілесудің, өркениетті мемлекет болудың, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, инновациялық технологияны меңгерген тұлғаны тәрбиелейтін ұстаз қабілеті қандай болу керек? Жаңашыл мұғалім XXI ғасырдың дағдыларына қарай икемделген, проблемаларды шеше білетін, ізденімпаз, сын тұрғысынан ойлауды іскерлікті, креативті бағалай алатын болуы керек. «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жананы табатын өнер»- деп, бір ғасыр бұрын Жүсіпбек Аймауытов мұғалім қоғамның қозғаушы генераторы екенін айтқан. Әлемдегі өзгерістерге сәйкес құндылықтар мен білім маңызын қайта қарауды қажет етеді. Осы мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізу керектігі туындап отыр.

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің өзектісі – бүкіл білім беру жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін жастарға сапалы білім беруге, жағдай жасайтын олардың үйлесімді дамуына және жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі мектеп құру болып отыр. Сондықтан еліміз орта білімге өзгерістер енгізу үшін алыс-жақын шетелдердің іс-тәжірибелеріне және соңғы кездегі педагогика мен психология ғылымдарының алдыңғы қатарлы зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жаңартылған бағдарлама негізінде оқыту бағдарламасын енгізуде.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, ғимарат биік болу үшін оның іргетасы мықты болу керек. Іргелі білім алған адам ғана қазіргі өмір жағдайларына тезірек бейімделіп, одан өз орнын таба алады.

Осы іргелі білім алу жолы – оқушының жеке білім беру траекториясы негізінде айқындалады. Сондықтан, ең алдымен, «жеке білім беру траекториясы деген не?» деген сұраққа жауап бере кеткен жөн болмақ. Аталған терминді Ресейдің педагог ғалымдары А.В.Хуторский, Н.Н.Суртаева қарастырған.

А.В.Хуторский жеке білім беру траекториясын әр оқушының білім жолындағы жеке потенциалдық іс-әрекетінің өзіндік тәсілі ретінде алып қарайды. Н.Н.Суртаева жеке білім беру траекториясын қазіргі білім беру талаптары мен мақсаттары бойынша оқу іс-әрекетінің элементтерін алдын ала анықтау және ата-аналардың қатысуымен олардың дарындылығын, мүмкіншілігін, қызығушылығын байқаумен байланыстырады.

Оқушылардың жеке білім траекториясы дегеніміз – әрбір баланың оқу материалын игеру деңгейіне, қарқынына, өздік білім алу ыңғайлылық ұстанымына, жеке қабілетіне қарай ұйымдастырылатын оқыту үдерісі.

Ыңғайлылық ұстанымы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру белгілі бір жетістікке жетуге, оқушының жеке білім беру траекториясы бойынша өзінің алға жылжу бағытын анықтауына көмектеседі.

Психология-педагогикалық қорытындысы бойынша «жеке білім беру траекториясы» ұғымы «жеке тұлғаға бағыттап білім беру» ұғымымен салыстырып қарағанда, едәуір кең ұғым болып саналады.

Жеке білім беру траекториясының іске асырылу дәрежесі, тұлғаның оқуы мен даму динамикасы, әлеуметтік белсенділігі, жалпы мәдениеті, рефлексияға қабілеттілігі белгілі бір оқу кезеңі үшін мақсатқа бағытталған, жүйелі және үздіксіз бағалау мен өзіндік бағалау нысаны ретінде портфолио көмегімен есепке алынады және бағаланады.

Білім беру бағдарламасындағы жеке білім беру траекториясының құрылымы күрделі болып келеді. Оның құрылымында келесі компоненттер қамтылған:

- Мақсаттылық: (Білім беру мекемелерінің басқаруымен оқушының қажеттілігі

және негізгі мәселелер бойынша мемлекеттік білім стандартын негізге ала отырып, белгілі бір мақсат қоя білуі);

- Мазмұндылық: (арнайы білім беру бағдарламасы аясында білім берудің мазмұнын енгізу);
- Технологиялық: (қолданылатын технологиялар, әдіс-тәсілдер, әдістемелер, оқыту және тәрбиелеу жүйелерін бекітеді);
- Диагностикалық: (шешім шығаруға жетелеу жүйесі ашылады);
- Педагогикалық-ұйымдастырушылық: (іс-әрекеттің белгілі ережеге сәйкес жүйелеу, оқушыға мінездеме жазу);
- Қорытындылық: (іс-әрекеттен күтілетін қорытындыны жазу).

Жеке білім траекториясы оқушының психикасына, сабақта жақсы психологиялық жағдай жасауға. пәнге деген қызығушылығын арттыруға, оқушы денсаулығын сақтауға тиімді әдіс.

Осылайша, дарынды балаларды жеке оқыту мен ойлау қабілетінің негізі жеке білім траекториясы құрылады. Жеке білім беру траекториясы – дарынды оқушыны білім жолына апаратын тиімді жол. Бұл оқыту әдісі тек баламен қарым-қатынас жасаған кезде алға басады. Жалпы айтқанда, бүгінгі күнде мұғалімдердің көзқарастарында, сабақ құрылымында, оқушыларымыздың өзара қарым-қатынастарында өзгерістер байқауға болады.

Педагогтер – дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стильден бет бұру, сабақтарда оқушы – тек тыңдаушы, орындаушы емес, оның іс-әрекетінде ізденіс пайда болады, ал оқушылардың өзара қарым-қатынастары еркін, тәуелсіз, ашық екені байқалады. Біз бірлесіп жұмыс істеу арқылы мектебіміздің, мұғалімдеріміздің деңгейін көтеріп, оқушыларды дамытуға жағдай жасай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғылыми жаратылыстану циклі пәндері бойынша жобалық тапсырмалар. Астана, 2015. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА.

2. Крупник С.А. Функциональная грамотность / С.А.Крупник, В.В.Мацкевич. М.: «Педагогика», 2010.

3. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2000.

4. Умарова А.С. Оқушының жеке білім алу траекториясын ұйымдастыру жолдары // «Білім беру мазмұнын жаңарту идеялары бастауышта: теория, тәжірибе және нәтиже» республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдар жинағы / «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша ПҚ БАИ. Қызылорда: 2021. – 459-462 бб.

